

ҰЛАҒАТ

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылымы. Журнал екі айда бір рет 1994 жылдың шілде айынан бастап шығады.

НАУРЫЗ

2

МАРТ

СӘУІР

2013

АПРЕЛЬ

Республиканское научно-психологическое и педагогическое издание товарищества с ограниченной ответственностью «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат». Журнал выходит один раз в два месяца с июля 1994 года.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Зейнеп АХМЕТОВА, Бөлек АМАНБАЕВА,
Мұзафар ӘЛІМБАЕВ, Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ,
Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Қалдыбек БӨЛЕЕВ,
Құбығұл ЖАРЫҚБАЕВ, Серғазы ҚАЛИЕВ, Жұмағали
НАУРЫЗБАЕВ, Жарылқасын НҰСҚАБАЕВ, Жәмила
НАМАЗБАЕВА, Сақыпжамал ҰЗАҚБАЕВА.*

<i>Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі</i>	
Съездің ұйымдастыру комитеті.	Ақпараттық хабарлама.....3
<i>Сиезге – тарту-таралғы</i>	
Бейбіт ЖӘЛЕЛҰЛЫ.	Жаңа технологиялар білім сапасын арттырады.....6
Мендібай ӘБІЛҰЛЫ,	Жыршылар мен жыраулардың діни
Гүлдәурен ӘБІЛОВА.	қисса-дастандарды жырлау дәстүрі.....13
Ерсайын МОЛДАСАНОВ.	Стиль – өнер ерекшелігі.....21
<i>Педагог пайымы</i>	
Миршат ЕЛУБАЕВА.	Халықтық тәрбие жүйесіндегі асыл мұралар.....28
Серікбай МОЛДАСАНОВ,	Заманауи білім беру жүйесіндегі
Элмира БАЗАРОВА.	педагог тұлғасы.....31
<i>Тәрбие басы - таным</i>	
Рая БАЙЖАНОВА.	Толық жетілген тұлға тәрбиелеу.....36
<i>Жас ғалымдар отауы</i>	
Ұлбала ЕРІМБЕТОВА.	Өлеңмен өрілген ғұмыр.....40
<i>Балабақша бағында</i>	
Дәмеш ТОҒАЙБАЕВА.	Күзді суреттеу.....52
Сандуғаш ОРАЗОВА.	Тәрбие негізі – өнеге.....56
Бақытнұр НҮРБАЕВА.	8-наурыз – Аналар мейрамы.....60
<i>Педагогикалық әдістеме: озық тәжірибе</i>	
Айнакүл ЖАРҚЫМБЕКОВА.	Абай әндері.....65
Жандос ШАРҒЫН.	Қазақ және ағылшын әліпбиіндегі ұқсастық.....71
Амангүл БӘКЕНҚЫЗЫ.	Ұлылар үндестігі.....73
Сәуле РЫСБЕКОВА.	Өткенді қайталау.....84
<i>Сыныптан тыс сабақ</i>	
Несібелі ӘДІЛОВА.	«Үлгілі отбасы» сайысы.....87
<i>Пәнаралық байланыс орбитасында</i>	
Аққаным БАЙЖАН.	Ол алманы ұнатады.....90
<i>Мерейтой – 110</i>	
Гүлбану АХМЕТОВА,	Аға буын мен бүгінгі ұрпақ сабақтастығы –
Нұргүл ӨМІРЗАҚОВА..	дәуірлер жалғастығы.....94
<i>Ақыл-ой ұстаханасы</i>	
Науат МОЛДАБЕКОВА.	Тәкен Әлімқұловтың шығармаларындағы тіл ерекшеліктері.....102
<i>В мире педагогики</i>	
Бибинур КИСИКОВА.	Приемы и способы работы по невербальным средством общения.....107
<i>Мінез-құлық мінбесі</i>	
Лаура ЕРМЕКБАЕВА,	Психологиялық зерттеулердегі геронтогенез кезеңінің негізгі
Гүлайна НЫСАНБАЕВА.	бағыттары мен тұрғылары.....117
<i>Әдеби кеіштер – әр алуан</i>	
Айғаным НҮҒМАРОВА.	Әр өлеңі – бір әлем.....127
Айнагүл ЖАНӘДІЛОВА.	Тіл мәртебесі – ел мәртебесі.....132
Гүлмира ҚҰРМАНҒАЛИЕВА.	Шәмші Қалдаяқов – вальс падишасы.....138

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі осы жылғы мамыр айының екінші онкүндігінде «Қазақстан Республикасындағы филологиялық білім беру: қазіргі жайы және даму болашағы» тақырыбында Астана қаласында, Тәуелсіздік Сарайында (Тәуелсіздік даңғылы, 52) филологтар Съезін өткізеді.

Съезді өткізудегі негізгі мақсат: әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу жағдайында филологиялық білім беруді жетілдіру болып табылады. Съезд барысында тіл мен әдебиет саласында қазіргі заманғы білім берудің төмендегідей түрлі аспектілеріне арналған пленарлық және секциялық мәжілістер, дөңгелек үстелдер, пікіралысу, пікірталас алаңшаларының жұмыстары ұйымдастырылады:

- қазақ, орыс, ағылшын тілдерінен білім беру мәселелері;
- үш тілде білім берудің жан-жақты тұлға қалыптастырудағы орыны;
- ағылшын тілін ертерек оқытуды енгізудің жолдары және өзектілігі;
- оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту;
- мұғалімдердің 12 жылдық білім беруге көшу жағдайындағы жұмысқа әзірлігі;
- оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдері;
- Қазақстан Республикасында бейіндік оқытуға көшу жағдайында гуманитарлық білім мазмұнының вариативтік ерекшеліктері;
- филологиялық білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз ету мақсатында сабақтастық ұстанымын сақтау;

- халықаралық стандарттар негізінде тілдерді деңгейлеп меңгерту;

- мектеп оқушыларының оқырмандық мәдениетін қалыптастыру;

- жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие берудегі филологиялық білімнің алатын орыны;

- жаңа әлеуметтік сұраныстарға жауап беретін оқу-әдістемелік кешендер әзірлеу, мазмұнын жаңғырту, т.б.

Съездің жұмыс тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдері.

Съезге филолог - мұғалімдер, ғалымдар, білім және ғылым саласының қайраткерлері, жаңашыл – педагогтар, білім беруді, тілдерді дамытудың басқару органдарының, кітапхана жүйесінің, оқу орындарының, басылымдар мен баспалардың басшылары мен қызметкерлері қатысады.

Съезге төмендегі үш форматта қатысуға болады:

- баяндама тезистерін жариялау және сөз сөйлеу;
 - баяндама тезистерін жариялау, шығып сөйлемеу;
 - баяндама тезистерін жарияламау, шығып сөйлемеу,
- қатысу.

Съезд жұмысының қорытындысы бойынша баяндамалар тезистерінің жинағы шығарылады. Съезд жұмысына қатысу үшін **2013 жылғы 25 сәуірге** дейін мына электрондық мекенжайға талапқа сай ресімделген тапсырыс пен баяндама тезистерін (көлемі: 2 бетке дейін) жіберу қажет: maigul1379@mail.ru

Тапсырыста: Аты, Әкесінің аты, Тегі, жұмыс орыны, лауазымы, ғылыми дәрежесі (егер бар болса), ғылыми атағы (егер бар болса), баяндама тақырыбы, пошта мекенжайы, байланыс телефондары, электрондық мекенжайы (міндетті түрде) туралы ақпарат беріледі.

Баяндама тезистерін ресімдеуге қойылатын талаптар: мәтіндік редактор «Word 7,0 (97,200) Windows», жол аралығы – бір қатар, бет жиектері: сол жағы -30 мм, оң жағы

– 15 мм, үсті – 20 мм, асты – 20 мм, кегль – 14-ші шрифт ,
гарнитура – KZ Times New Roman (қазақ тілі үшін), Times
New Roman Cyr (орыс, ағылшын тілдері үшін), мақала
атауы қарайтылған бас әріптермен, азат жол айқындалған,
авторлардың аты (инициалы) және тегі, мекеменің толық
атауы, мақала мәтіні; пайдаланылған әдебиеттер тізбесі
(мәтіндегі ескертулер мен сілтеме жасаулар нөмірленеді
және квадрат жақшаға алынады).

Үлгі

**МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДЫҢ ДЕҢГЕЙЛІК
ЖҮЙЕСІ**

Ә.Н. Ахметова

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университет,
Алматы қаласы

Әдебиет

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде:
болашаққа интеллектуалдық секіріс. // Алаш айнасы, 14 қазан,
2009 ж.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. «Ғылым» ба-
спасы, Алматы, 1966, 360-б.

Барлық тапсырыстарды Ұйымдастыру комитеті қарап,
автордың электрондық поштасына осы жылғы 15 сәуірге
дейін шақыру жібереді (шақыруды алғандығы жөнінде
e-mail: maigul1379@mail.ru-ге хабарлау керек).

Съезге қатысуға жарна төленбейді, жолақысы мен
іссапар шығыстары жіберуші жақтың есебінен. Барлық
ұйымдастыру мәселелері бойынша мына мекенжайға
және байланыс телефондарына хабарласуға болады:
Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8-үй, 11-кіреберіс.
Телефондар: 8 (7172) 742329, 742287, 742293, 577203.
Съезд туралы толық ақпарат www.edu.gov.kz; www.nao.kz
www.nao.kz сайттарына орналастырылады.

Съездің ұйымдастыру комитеті.

Бейбіт ЖӘЛЕЛҰЛЫ,
Абай атындағы ҚазҰПУ
Әдебиеттану және тіл білімі
ҒЗИ қызметкері, ф.ғ.к., доцент.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРАДЫ

Жас ұрпаққа сапалы білім беру ісі – әрбір мемлекеттің дамуында ерекше маңызды орын алады. Ғылым мен технология, ақпараттық-коммуникация, электронды техника орасан зор қарқынмен дамыған кезде оларды өзінің экономикалық өркендеуіне оңтайлы пайдаланып, іске жарату кез келген мемлекеттің мұраты болуға тиіс. Сондықтан да алдымызда отандық білім беру жүйесінің барлық саласын әлемдік деңгейге сәйкестендіру бойынша ауқымды істерді атқару міндеті тұр.

Қазір әлемдік бәсекеде ғылым мен технологиясы жетілген елдер көш бастап келеді. Сөз жоқ, олардың Қазақстан секілді енді дамып келе жатқан елдерге саяси-экономикалық тұрғыдан үстемдік етуі – сол ғылым мен технологияға және соларды оқып-игерудің негізін қалайтын білім жүйесінің дұрыс жолға қойылуына байланысты. Соның арқасында олар экономикалық зор табыстарға жетіп, қолайлы жағдайда өмір сүруде. Біздің елдің де алдына қойған негізгі мақсаттарының бірі – жас ұрпаққа сапалы білім беріп, ғылыми-технологияны игерту болып отырғаны белгілі.

«XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біздің болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз

әрі алысты барлап, кең ауқымда ойлай білетін осы заманғы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз. Демек, барлық деңгейдегі техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға бағытталған тиісті шаралар қолдануымыз шарт» [1], – деп Елбасы атап көрсеткендей, қазақстандық жас ұрпақтың кемел келешегі сапалы білім мен тағылымды тәлім-тәрбие алуда жатыр.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізіп, өз алдына дербес ел болғаннан бері білім берудің жаңа технологиялары жаппай игерілуде. Әрбір оқушы мен студенттің компьютер мен электронды техникаларды жетік меңгеруіне, әлемдік ғаламтор жүйесіне еркін енуіне мүмкіндік жасалып жатыр. Қазіргі таңда еліміздің оқу орындарында жаңа технологиялармен оқыту қолға алынуда.

Ел президенті Н.Ә.Назарбаев отандық білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзінде білім беру жүйесі қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру бүгінгі өмір талабы екенін сөз ете отырып, «Жаңа формацияға жаңа педагог қажет» [2] деп атап көрсетті. Демек, еліміздің қазіргі мектептеріне жаңа заманға лайық «жаңа мұғалім» дайындау керек. Мұның түпкі мақсаты – мұғалімдердің тәрбиешілік, педагогтік әлеуетін, қабілетін кеңірек ашу. «Жаңа мұғалім» бүгінгі заманның жаңаша ойлайтын, уақыт ағымымен үндес жұмыс істейтін, ең бастысы, жас ұрпақтың нағыз тәрбиешісі болғаны абзал. Бұл үшін мұғалім дайындауды жаңаша ұйымдастыру біздің басты мақсатымыз болуы тиіс.

Еліміздің ертеңі – сапалы білім мен озық техноло-гияны игерген жас ұрпақтың қолында. Білім беру ісін дамыту сол себептен де әрқашан бірінші орында болып келеді. ҚР БЖҒ министрі Б.Жұмағұлов 2012 жылғы 20 сәуірде «Қазақстанда педагог мәртебесін нығайту бойынша жұмыстар жоспарға сәйкес жалғасуда» деген сұхбатында, мұғалім мәртебесін

нығайту мәселесіне үлкен мән беріп: «Білім беру жүйесінің барлық саласында педагог, мұғалім – шешуші буын және ең басты тұлға. Бірінші кезекте, мектептегі жастардың сапалы білім мен тағылымды тәрбие алуы, жоғары оқу орындарындағы кәсіби-техникалық дайындығы тіке-лей соларға байланысты. Қазіргі заманда әркім өзінің бүкіл ғұмыры бойынша ой-өрісін дамытып, білім ала білуі аса маңызды. Ұлы ғалым-химик Д.И.Менделеев: «Мектеп – халық тағдыры мен елдігін нақтылайтын зор күшке ие. Сондықтан бұл мамандық ең құрметті және беделді болуы керек» [3], – деді. Бұл орайда Қазақстандағы орта білім беретін мектептердің мұғалімдері жас ұрпаққа сапалы білім мен тағылымды тәрбие беруге лайықты тұлға болуы, ал жоғары оқу орындарының міндеті – әлемдік стандартқа сәйкес білім беруі, олардан алынған дипломдар дүниежүзі мойындайтындай болуы қажет.

Білім беру барысында оқу-тәрбие ісі үш нәрсеге тіреледі: бірі – оқушыға, бірі – оқулық, оқу құралына, бірі – мұғалімге. Бұлардың әрқайсысының толғақты мәселелеріне тоқталып жатпасақ та, бүгінгі таңда сан алуан мамандық пен түрлі кәсіп иелерінің білім сапасы, біліктілік деңгейі, кәсіби шеберлігі жөнінде ерекше көңіл бөлуді қажет ететін маңызды мәселелер пайда болды. Әрине, бұны туындатып отырған қазіргі заман елдерінің әлемдік жаһандану үдерісі мен еліміздің қазіргі саяси-идеялогиялық ұстанымы, нарықтық-демократиялық даму бағыты, ішкі және сыртқы саясаты, бүкіл әлемнің назарын өзіне аудартып отырған табиғи бай ресурсы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайы, алыс-жақын шетелдермен сан салалы түрлі қарым-қатынасы және әлемдік аренадағы орыны мен рөлі екені айқын.

Алдағы уақытта еліміздің білім жүйесіне толықтай енуі қажет болып отырған жаңашыл білім беру үдерістерін, оның іс-әрекеттері мен құрылымдарын анықтау мақсатында

бірқатар іс-тәжірибе қолға алынып жатыр. Әлбетте, бұл – ҚР БЖҒ министрі Б.Жұмағұлов айтқандай, еліміздің жаңа буын ұстаздарының білім-біліктілігіне, рухани-мәдени әлеуетіне, қоғамдық-әлеуметтік жағдайына, қоғамдағы орыны мен рөліне, құқықтық-саяси мәдениетіне, әсіресе, мәртебесіне байланысты [3]. Сондықтан да қазақстандық қоғам мен ел үкіметі педагог-ұстаздар мәртебесіне әрқашан алаң болып келеді. Себебі қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру, мемлекеттік білім беру стандарты мен бағдарламаларын жүзеге асыру, жаңа технологиялар мен жаңа буын оқулықтарын дайындап, оларды оқыту үдерісіне енгізу, еліміздің білім саясатының ұлттық моделін қалыптастыру тәрізді т.б. маңызды да мәнді, күрделі де келелі мәселелер – мұғалім-оқытушылар қауымына келіп тіреледі. Олар өздерінің кәсіби шеберлігі мен іскерлігін, кәсіби дайындығы мен біліктілігін жетілдіруге ынталы болса ғана бұл мақсат баянды болмақ.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау. Жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілікпен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы кемелділігін байыту. Еңбек нарығында бәсекелесуге қабілетті жұмысшылар мен мамандар даярлау, оларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру» [4] делінген. Демек, инновациялық білім беру жүйесі арқылы интеллектуалдық ой-өрісі дамыған жас ұрпақ тәрбиелеуді одан әрі жетілдіру заман талабы мен оның ағымына ілесу үшін қажет болып отыр. Ал еліміздің білім беруді дамытудың 2011-

2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының кіріспесінде: «Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, адам капиталына, әсіресе, бала жасынан бастап ересек жасқа дейінгі білім беруге салынған қаржы қоғам мен экономиканы дамытуға айтарлықтай оңды ықпалын тигізеді» және «Адам капиталына қаржы салу – мына жылдам өзгермелі әлемге бейімделгіш, техникалық жақтан жетілген жасампаз жұмыс күшін қалыптастыру үшін аса қажет. Әрбір сектордағы дәстүрлі басымдықтарға адам капиталын қоса алғандарда ғана болашақтың жетілген экономикасы болады. Сондықтан Қазақстан дамуының маңызды бағыты білім беруге, қоғам қабілеті мен дағдылырын жетілдіруге қаржы салуда жатыр» [5], – делінген. Осыған орай, өскелең ұрпаққа қазіргі қоғам талабына сәйкес сапалы білім беру, оларды әлемдік бәсекеге қабілетті етіп оқытып даярлау, жас ұрпақ бойына отаншылдық сана-сезімді терең қалыптастыра отырып тәрбиелеу мәселесі педагогика ғылымында жаңа әдіснамалық негіздегі ғылыми зерттеулердің көп болуын талап етеді. Себебі бұрыннан, кеңестік дәуірден келе жатқан дәстүрлі оқытудың мазмұны мен әдістері мұндай нәтижеге жетуге кепілдік бермейтінін бүгінгі іс-тәжірибе аңғарта бастады. Оның бірден-бір шешімі – отандық білім ордаларының оқу үдерісіне оқу-әдістемелік, педагогика-психологиялық, ақпараттық-коммуникациялық, т.б. жаңа технологияларды батыл ендіру болып отыр.

Оқытудың қазіргі заманғы жаңа технологиясы оқу үдерісіне педагогикалық-психологиялық іс-әрекеттердің жүйелі кешені ретінде пайдаланылады. Бұл технологияны оқу-тәрбие жұмысының бір-бірімен тығыз байланысқан, білімгерлерді (оқушы, курсант, студент, т.б.) дамытуға бағытталған әдістері мен түрлерінің кешенді жүйесі деп қарайтын болсақ, онда ол білім құрылымы мен мазмұнын жетілдіру ісінің басты бағыты, яғни оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін біртұтас үдерісі болып

табылады. Сондықтан да оқу-танымдық, оқу-тәрбиелік, оқу-әдістемелік, педагогика-психологиялық, ақпараттық-коммуникациялық жаңа технологияға бетбұрыс әлемдік білім кеңістігіне талпынған қазақстандық ғылыми-әдіснамалық жүйені мазмұны жағынан ғана байытып қоймай, құрылымын да өзгертіп, бағытын да жетілдіре түседі.

Білім беру саясаты мен оның жүйесі бойынша дүниежүзінің алдыңғы қатарлы дамыған елдерінің, сондай-ақ қазіргі уақытта біздің елдің де ұстанып отырған саясаты, ең алдымен, жас ұрпаққа сапалы білім мен тағылымды тәлім-тәрбие беру барысында оқу-тәрбие ісін тиімді ұйымдастыру. Бұл – оқу-тәрбиелік қарым-қатынас кезінде шәкірт пен ұстазға қолайлы жағдай туғызатын, барлық жағдайлары қарастырылған оқытудың жаңа амал-тәсілі болып саналады.

Қазіргі заманның жалпы орта білім беретін мектебі – жаңа қоғам мектебі, яғни, болашақ мектебі. Оның негізгі ұстанымы – оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытатын, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп өсіруші, тәрбиелеуші тұлға қалыптастыру. Өркениетке бет бұрған еліміздің жастары – ертеңгі мемлекет тірегі, егемен еліміздің кемел келешегінің жасампаздары. Кез келген мемлекеттің ең басты ұстанымы мен қажеттілігі – барша бұқарасының ертеңіне деген сенімі мен үмітін нығайту. Сол сенім мен үміт нық та берік болуы үшін әлемдік бәсекеге қабілетті мамандар дайындау үдерісі балабақшалардан бастау алып, орта және арнаулы орта мектептерде, кәсіби орта және кәсіби жоғары оқу орындарында жалғасын таппақ. Сондықтан да бұл мәселелер оның нәтижелі болып орындалуының іргетасы және еліміздің келешегі болып саналатын жас ұрпақты одан әрі дамытуға сеп болатын педагог кадрларды дайындап, олардың білім-біліктілік, кәсіби шеберлік деңгейінің жоғары болуын қадағалайтын және осы мамандарды қайта даярлап жетілдіретін педагогикалық оқу орындарының негізгі

міндеттерінің бірі болып қала бермек.

Ұлт зиялысы Ахмет Байтұрсынұлының: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы, яғни, мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шығады. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім, ...әуелі біз елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқумен түзеледі» [6;438], – деген ұлағатты ескертпесін бүгінгі қазақ мектебінің ұлттық білім Стратегиясының тұғыры ретінде қабылдауға болады.

Сапалы білім беруді ұлттық (отандық) тәлім-тәрбие ісімен ұштастыра жүргізуді – бүгінгі отандық педагогиканың алтын діңгегіне, мектеп жұмысының тірегіне айналдыру баршамыздың міндетіміз екені рас. Дегенмен, білім беруді тәрбиеге негіздеудің екі сипаты бар. Оның біріншісі – білімді ұлттық мәдени-рухани құндылықтарға негіздеу болса, ал екіншісі – әлемдік өркениет жетістіктеріне негіздеу. Осы екеуін бір-бірімен ұштастыра отырып, қазақстандық өскелең ұрпақты отаншыл азамат етіп тәрбиелеп, өз күш-жігерімен білім-біліктілігін өзінің жеке өмірі мен қоғам игілігіне пайдалануға баулу егемен еліміздің кемел келешегі үшін тиімді болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан экономикалық, әлеу-меттік және саяси жедел жаңару жолында. Айқын, 2005 жылғы 19 ақпан.
2. Н.Ә.Назарбаев. Астанада өткен білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзі. Егемен Қазақстан, 2004 жыл 13 қазан.
3. Б.Жумагулов. В Казахстане продолжается планомерная

4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. А., «Білім», 2000.

5. Қазақстан Республикасында білім берудің 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2011.

6. А.Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы. А., «Ана тілі», 1992.



Меңдібай ӘБІЛҰЛЫ,

Аймақтық менеджмент

академиясының профессоры,

филология ғылымдарының

кандидаты, доцент.

Гүлдәурен ӘБІЛОВА,

Тараз инновациялық-гуманитарлық

университетінің магистранты.

ЖЫРШЫЛАР МЕН ЖЫРАУЛАРДЫҢ ДІНИ ҚИССА-ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУ ДӘСТҮРІ

Жыршылар мен жыраулар әдетте діни қисса-дастандарды жырлайтын кезде, діни-мұсылмандық дәстүрлерді тыңдаушылардың естеріне салып, адамгершілік бағытта тәрбиелік мәні бар аңыз-әңгімелер айтады. Қиссаның мазмұны мен идеясына да тоқтайды. Мұндай дәстүр жыршының немесе жыраудың репертуарына енген қиссадан немесе

дастаннан жиналған жұрттың хабары болсын деген талаптан туындаған.

Бұрынғы Бөкей ордасында, қазіргі Атырау облысының Есбол ауылында туған талантты жырау һәм жыршы Маңқыстау Тыныштықұлы «Ғазауат Сұлтан» атты діни қиссаны жырлау алдында тыңдаушы қауымға қиссаның жалпы мазмұны мен тәрбиелік мәніне тоқтап өтеді.

Жырау «Ғазауат Сұлтан» қиссасын бастар алдында былай дейді: «Бисмиллаһир рахманир рахим. Һазал китаб фи манақиби хәзрәт сұлтан Сейітбатталл Ғазил. Бисмиллаһир рахманир рахим. Әлхамдулиллаһи раббил әләмин уас салауату уас саламу алә хайри халқийи Мұхаммадин уа алә алиһи уа асхабиһи әжмағин (Бұл кітапта хазіреті сұлтан Сейітбаттал Ғазилдің ерлігі баяндалған. Мейірімді, рахымды Алланың атымен бастайын. Бүкіл әлемнің Раббысы Аллаға мадақ. Оның ең қайырлы жаратылысы Мұхаммедке һәм оның отбасымен барлық дос-жарандарына салауат және жарылқауымен қолдауы болғай).

Бисмиллаһи хамд илән сөз бастамалы,
Әуелі сөз бастасақ Алла дейді.
Әуелі есім Алланы жад қылмалы,
Сиынып фазылына зар жыламалы.

Көңілімізге хайыр илһам салғыл дейді,
Тілімізге хайрул кәлам бергіл дейді.
Бар қылған барша әлемді Мәуләмізді,
Иғтиқад жан тілмен зар қылмалы.

...Мұхаммед Мұстафаның хас үмбеті,
Салауатқа кәміл қылар ықыласты.

Пайғамбардан нәжат тілесеніз бұ жаныңды,
Оқыңыз ықылас бірлән салауатты.

...Баян қылдым әулиелерден манақибті,
Үміт етіп анлардан шапағатты.

Және де баян қылдым Қожа Ахметті,
Тәлибтер оқысын деп ол назымды (1.9,10)

Жыршылар мен жыраулар қоғамда адамгершілікпен имандылықты насихаттаушы өнерлі тұлғалардың қатарына жататыны аян. Олар халыққа қисса-дастандарды жырлағандағы басты мақсаты – халықтың рухани байлығын молайту, ағайын-туысқандар арасында достық қарым-қатынастарды нығайту, халықтың көркемөнерге деген құштарлығын арттыру. Сол өнер арқылы өскелең ұрпақтардың бойында асыл қасиетті – имандылықты дарыту болып табылады.

Жырау өзінің көңіліндегі айтар ойын тыңдаушы қауымға былайша білдіреді:

Мұхаммед Мұстафаның мұғжизаты, кереметі,
Дүниядан көшпес бұрын білдірді оны.
Ол ерді білмегенге біз ғаріп білдірелі,
Лақаб есімі Сейтбаттал дейміш ерді.

Сейтбатталдың кітаптары насыр ерді,
Насырды назым қылып жазғым келді.
Манақиб кереметін жайғым келді,
Шапағат ол ғазизден сұрағым келді.

...Айтайын ол ғазиздің хикметтерін,
Түзеуге көңіліңізді, жібіткелі.
Естіңіз Сейітбаттал палуан ерді,
Паш болған әуеліні тыңда енді... (1.11, 12).

Жырау қиссаны жырлап отырып, әр баптан соң баян қылынатын оқиғаны бастамастан бұрын тыңдаушы қауымның көңілінен шығуы үшін аңдатпа беріп отырады. «Ғазауат Сұлтан» қиссасының алғашқы бабы «Жағыпар ғазының атасын өлтірген Мехрияил илән Шамасабты өлтіріп һәм он бес басты келтіргені – дүр» деп аталады. Жырау осы бапты бастар алдында былай дейді:

Иә, Алла! Сөз башлайын, өзің онда,
Көңіліме пікір салғыл, Құдауанда.
Сөз айтсақ хамд илән салауат мұнда,
Көп қылғай сауабын махшар күнде.

...Жаранлар, ықылас илән сөзім тыңла,
Айтайын Жағыпар сұлтанның хикметін де (1.28,29).
Жырау «Ғабдуссаламның Ыстамболға асир болғаны.

Оны Сейіт хазіреті Ыстамболдан алып келгенінің баяны» деп аталатын бесінші бабында жырау тыңдаушыларына тағы да аңдатпа береді. Мұндай дәстүр жыршы мен жыраудың тыңдаушылармен тығыз байланысын қалыптастырады. Тағы бір атап өтер ерекшелік – қиссаның немесе дастанның әрбір бабы мен тарауын бір-бірімен жалғастырып отырады. Жыршылар мен жыраулар мұндай дәстүрдің халыққа өте қажет әрі жыршы-жыраудың табиғи қасиеті деп біледі.

Әуелі біз башлалы бісмілланы,
Көңілімізге илһам салған Алламызды.
Қолыма қалам ұстап жаздым хатты,
Иләһым, кешіргейсің қатамызды.

Мен және баян қылдым достыңызды,
Достыңа дұшпан болған адамларды.
Жаранлар, хош тыңлаңыз, сізлер мұны,

Сізлерге баян қылам раушан мұны.

Мүмінлердің шат болып күлсін жаны,

Қас қылған залымлардың күйсін жаны.

Сейіттің баян қылам хикметлерін,

Дұшпанын зұлматтан құтқарғанын...(1.94, 95).

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген Сыр өңірінің атақты жырауы һәм ақыны Ерімбет Көлдейбекұлы «Атымтай Жомарт» атты діни дастанын бастар алдында былай деп толғайды:

Айтайын Атымтайдан бір хикаят,

Бұл сөзге құлағың сал, көп жамағат!

Бұрынғы сахилардан сөз қозғайын,

Жазбасқа тұра алмадым қылып тағат.

Жарандар, шамаң келсе, сақилық қыл,

Сахидың жүрген жолы болар абад!

Көркейер барша сақи сақиды айтсам,

Сараңды мерекеде қатты ұялтсам.

Байлар көп ішпей-жемей мал жинаған,

Соларды дұрыс болар көзіне айтсам!

«Сақидың сараңдардан парқын аш!» деп

Көп халық шыдатпайды тұрсам-жатсам...

Сақиға екі жаһанның берді абыройын,

Берді Алла, сараңды айтып неғылайын.

Бұл сөзді өлең қылған адамдар аз,

Қиссаның көріп едім бірталайын.

Күндеген көре алмай үш патша мен,

Сақидың хикаятын сөз қылайын...(2.194, 195).

Ерімбет те Маңқыстау жырау сияқты дастанын бастар алдында жомарттық қасиеттің асыл қасиет екеніне тыңдаушыларының назарын аударады. Жомарттықтың мұсылманшылық дәстүрлердегі орынын атап көрсетеді.

Атап көрсете отырып, жомарттық қасиеттің Алла тарапынан келгенін жырлайды. Барлық мұсылмандарды жомарт болуға шақырады.

Ерімбет «Сәдуақас Сақи» атты діни дастанының аңдатпасында былай деп жырлайды:

Егасын күллі ғаламның қыл ғинаят,

Ғинаят қылса не сөз, ол – пәкизат.

Кел енді, суырайын алмасымды,

Қынапта не бітірдің басқанда тат?!

Ақын: «...суырайын алмасымды» деп өткір қиялдан туған сөзді айтып тұр. «Көңіл түбіндегі ойды сыртқа шығармасам, іштегі ой жетім болып қалады...» дейді.

Саулықта сайра, бұлбұл, бағындасың,

Бір күні сынып шөлмек, боларсың мат!

Алданып жалғаншының ауазасына,

Неше ерлер барып құр қол алған ұят.

Керуен көшіп жатыр ертелі-кеш,

Қылмаған біз бір ақымақ өлімді жад!

Ақын одан әрі «...Саулықта сайра, бұлбұл, бағындасың...» деп өзіне айтып тұр, яғни: «Денсауда іштегі сөзді сыртқа шығарып айтып қал, қалың жұртың сенің өсиетіңнен үлгі алсын, имандылық пен адамгершілікке бет бұрсын...» дейді. «Керуен көшіп жатыр ертелі-кеш...» деп адам өмірін мегзеп тұр.

Әй, кеулім, келдің елу азығың жоқ,

Ғалал бол, арамнан қаш, қыл әділат!

Беймұқтаж пәруардігер құл ісіне,

Алдыңғы жақсы пизыл зор дәләлат.

Тіріңде дәләлати қайыр қылсаң,

Басыңда мақшар күні тиер азат.

Ей, адам, барша ісің тәуекелмен,

Рия бір зәруге қыл шапағат!

Ғарінке қайыр үшін жазып тұрмын,

*Ұнай ма бұл ниетім, көп жамағат?!
Иншалла, қайыр үшін болар ма екен,
Сөйлейін сақилардан бір хикаят?!.* – деп жырлайды
да одан әрі:

*Бір күні ақ пайғамбар, барша асһаб,
Мешітте отыр еді уағыз тыңдап... (2.210)*

деп дастанды бастап кетеді.

Маңқыстау жырау «Ғазауат Сұлтан» деп аталатын
діни қиссасын жырлап болып:

*Сейіттің сағадатлы дәулетіні,
Пақырлар гани болып көрді мұны.
Сейіттің тауысып болмас өнеріні,
Бұ жерде тамам қылдым бұ қиссаны.*

*Жад қылдым енді Мұхаммед Мұстафаны,
Дұғадан ұмыта көрмең біз гәріпті.
Насырны назым жазған бұ гәріпті,
Дұғадан ұмыта көрмең біз гәріпті.
Оқыңыздар салауат илән фатиханы,
Рухын Шаһ жиһанның бағышлап оны,
Аллаһума салли алә Мұхаммадин
Алә әлиһи уа асхабиһи әжмағин...*

(Аллаһым Мұхаммедке (с.а.с.) және оның отбасы
мен барлық жақын дос-жарандарына салауат және
сәлемің болсын) деп жырлайды (1.290).

Ерімбет Көлдейбекұлы «Атымтай Жомарт» деп
аталатын діни дастанын аяқтар кезде дастанды не үшін
жазғанын, не үшін жырлағанын, жырауды немесе
ақынды таныстырып өтеді:

*...Бірі баһам, бірі шағыр барады ғылым,
Қамы үшін жаздым мұны кедейлердің!
Ғайсаға мың сегіз жүз тоқсан тоғыз
Қауыста бітіп еді қатарда мұз.*

*Тарихқа бір мың үш жүз он жеті еді,
Айы еді шаһыбаның, жылы – доңыз.
Крайдың Сырдариясы, қазалылық,
«Қалыңбас», сегізінші ауыл қазағымыз!.. (2.209).*

Ерімбет «Садуақас сақи» атты діни дастанын аяқтарда былай деп тыңдаушы қауымға өсиет айтады, дастанның қай уақытта жазылғанынан дерек береді:

*...Таңда мен тәңір алдында сұрамаймын,
Егерде болса, халқым, ақым сенде.
Жазылды мың тоғыз жүз миладия,
Тебіреніп тоқтаған жер қалам, сия.
Сенбі Рамазанның он үші еді,
Мың үш жүз он жетінші һижірия.
Мен қазағы «Қалыңбастың», қазалылық,
Крайда облысым – Сырдария.
Үмітім – ізгі дұға қылса мәгар,
Оқыған бұл қиссаны халық – қария!
Жазушы Қарасақал мен Ерімбет,
Шығарып дастанды осы еткен жария!.. (2.222).*

Жыршылар мен жыраулардың діни қисса-дастандарды жырлаудағы дәстүрі өз тыңдаушыларына рухани қуат беріп, олардың өмірге деген құштарлығын арттыра түседі. Жыршы немесе жырау, ақын өз шығармасының рухани қуатын арттыру үшін, санаға сәуле болып құйылуы үшін осындай дәстүрді қолданып отырған. Бұл дәстүр – әріден басталған асыл да өнегелі дәстүр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бабалар сөзі (діни дастандар). 13-том. Астана, «Фолиант», 2005.
2. Е.Көлдейбекұлы. «Атымтай Жомарт». Кітапта: «Ұлағат сөзім ұрпаққа...». А., «Маржан», 1995.

СТИЛЬ – ӨНЕР ЕРЕКШЕЛІГІ

Қазақ әдебиеті мен өнерінің көрнекті өкілі, драматургі, Қазақстанның халық жазушысы, мемлекеттік сыйлықтың иегері Сәкен Нұрмақұлы Жүнісов ортамыздан кеткеніне де біраз уақыт болды. Кеңестік кезеңнің қасаң қағидалары үстемдік еткен тұстың өзінде жаңа көзқарастарымен, батыл ой-пікірімен қазақ әдебиетіне жаңа толқын, жаңа леп әкелген С.Жүнісовтің шығармалары кезінде саясат ауқымында ғана түсіндіріліп келді. С.Жүнісовтің артына қалдырған мұрасы бүгінде қайта үңіліп, тәуелсіз елдің сөз өнері тұрғысынан қайта пайымдауды қажет етеді.

Әр қаламгердің өзіне тән стилі, сөз саптау мәнері, ой-толғау әдістері болады. Қаламгер ойын бейнелейтін қуатты құрал – тіл, шұрайлы сөз. Осы шұрайлы сөз – халықтың тіл байлығы. Қаламгер тілді пайдаланушы болып қалмай, тілдегі тарихи және жалпыхалықтық құбылыстарды жақсы білгендіктен шығармаларында қолдана отырып, тілдің өзін ілгері дамытады.

Жазушының өзіндік қолтаңбасын айқындау – көркем дүние тілін танудың басты міндеті. Біздің мақсатымыз – қазақ әдебиетіне алпысыншы жылдары өзіндік қолтаңбасымен, ерекше туындыларымен келген қазақ проза шебері С.Жүнісовтің “Ақан сері” романының көркемдік әлемін тану. Көркем шығарманың өзі — белгілі бір дәуірдің жемісі. Сол кезеңнің келбеті мен шындығын жария етуші қоғамдық-әлеуметтік дүние. С.Жүнісовті көркем шығарманың бағасы социалистік идеяны қуаттап, сол мүддені қорғауымен өлшенетін тұстың өзінде ұлттық рух пен характер, көркем таным

мен жалпы адамзаттық құндылықтарды көтере білген қаламгердің көшбасшы өкілдерінің бірі деп білеміз. Жазушының «Ақан сері» романының тарихи-библиографиялық шығармалар қатарында алатын орыны ерекше. Шығарманың көркем туынды ретінде де, тарихи шығарма ретінде де арқалап тұрған жүгі салмақты. Жазушы Ақан сері бейнесін еркін ашу үшін, сол дәуірдегі қоғамдық құбылыстарды, ортаны, әлеуметтік жағдайды таныту үшін тілдік өрнектерді мейлінше кең түрде әрі шебер қолданған.

Қазақтың тарихи романдарын зерттей келе, белгілі ғалым-жазушы Р.Бердібаев С.Жүнісовтің “Ақан сері” романы туралы: “С.Жүнісов шығармаларының тілі негізінен жатық, жарасымды тіл. Автор адам мен табиғат құбылыстарын дәл суреттей біледі. Жазушының халықтық тіл байлығының меруертін еркін игеріп, шығармасына еселеп қолдана білетіндігі аңғарылады” - деп жазады.

С.Жүнісовтің жазушылық шеберлігі — оның өзіндік сөз қолданысында, стильдік мақсатта қолданылған сөздерінің сыр-сипатын аша білуінде, көркем туынды жасауға қатысатын тілдік элементтерді дұрыс қажетке асыра алуында, суреткерлігінде, қарапайым сөздермен өз ойын оқырманына бейнелі, айқын, мәнерлі етіп жеткізуінде.

Қазақ әдебиетінде өзіне ғана тән қолтаңбасымен, кең тынысты суреткерлігімен танылып, қайталанбас бірегей шығармалар келтірген С.Жүнісов шығармашылығы — бүгінгі таңда өзінің жаңаша қырынан танылуда.

Біздің ойымызша, өзінің шығармашылық талантымен көпке танылып отырған өнер майталманы — С.Жүнісовтің шығармашылығы, шығармаларының тілі және сол тілдің қазақ әдеби тілін байытудағы қызметі өз дәрежесінде

зерттелмей отыр. Тіл білімінде көркем әдебиет стилистикасының жеке сала болып қалыптасуында әр қаламгер шығармасының өзіндік үлес салмағы бар десек, соның ішінде «Ақан сері» сияқты өзінің қызықты тақырыбымен, маңызды идеясымен, танымдық жағынан, тұтас көркем ой қалыптастыру, тіл байлығы мен сөз қолдану шеберлігімен басым, үздік өнер туындысын зерттеу де соншалықты маңызды.

Шығарманың көркемдік ерекшелігін тану үшін қаламгердің тіл қолданысын сан салалы қырынан қарастыру керек. Шығармаға қызмет етуші тілдік құрал орынсыз қолданысқа түспейді. Күрделі синтаксистік құрылымдар, фразеологизмдер, лексемалар, жеке дыбыстар – бәрі де жазушы талғамымен көркемдік идеяға қызмет ететін тілдік құралдар болып табылады. Әр функционалды стильдің өзіндік мағынасы мен бояуы жағынан ажыратылмайтын стильдік қабаты бар. Дыбыстық қабаттан мәтінге дейінгі аралықтағы тілдік бірліктердің стилистикалық қызметін талдау көркем шығарма тілінің өзіндік жымдасу ерекшеліктерін, олардың жасалу жолдарын, көркем құралдардың лингвопоэтикалық қызметін анықтауға мүмкіндік береді.

«Ақан сері» романы – өмірде прототипі болған кейіпкердің өмірін суреттейтін, тарихи оқиғаларға негізделген шығарма. Көптеген фактілер нақты болғанымен, көркем шығармашылық лептің есуі оқырманын Ақан сері өмір сүрген кезді ерекше бір сезімен қабылдауға мәжбүр ететіні сөзсіз. «Ақан сері» деген адам есімі арқылы қазақ халқының тарихи санасында жатталып қалған, қатталған қабаттарды жаңғыртуға ниет еткен жазушының алдында айқын екі жол танылады: бірі – Ақан серінің ерекше болмысы мен өмірі, шығармашылық жолын танытатын нақты да дәлелді

бейнесін жасау және сол арқылы қарапайым ойлаудан көркем ойлауға оқырманын жетелейтін, соған тәрбиелейтін сөз туындысын жасау. Осы екі мақсаттың арасында сондайлықты бір терең шыңырау түгілі сызат та жоқ, оның барлығы – жазушы С.Жүнісовтің дүниетанымынан, Ақан серінің өмірі мен өлеңдерінен өзі ғана сезетін нәзік те сыршыл сезімдерден туған ерекше таным. Осындай ерекше әлемді ішіне түйген жазушы енді соның барлығын қазақ халқына, оқырманына жеткізу үшін сөздің гауһар тастай сан түрімен жарқыраған сәулесін түрлі суреттеуде дұрыс та шебер, орынды да әсерлі етіп қолдануы арқылы сыртқа шығарады. Көркем ой жүйрік тілге айналып, Ақан серінің өшпес бейнесі сомдалды. Енді сол ойдың өрімдерімен Ақан бейнесін сан қырдан сәуле беріп жарқыратқан қандай тілдік құралдар мен көркемдік тәсілдер еді деген сауал қойып, оны романның тілдік құнарынан іздеудің бір жолы – көркемдік тәсілдердің қолданысын тану деп түйдік.

Романдағы бас кейіпкер Ақан сері мен оның бейнесін толықтырып таныта түсетін адамдардың портреттері, әр сәттердегі іс-қимылдары, сөйлеген сөздері түрлі теңеулермен, эпитет, метафора, метонимия сияқты, т.б. көркем тәсілдер арқылы шебер суреттелген. Романда жазушы Ақан серіні тек нәзік жанды ақын ғана емес, сонымен қатар ар-намысы үшін күресе білетін қажырлы да қайратты жігерлі жан ретінде де танытады. Бір ғана кейіпкердің сан түрлі бейнесін суреттеуде С.Жүнісов сөздің ішкі мағыналық мүмкіншіліктері мен грамматикалық тәсілдерді шебер де орынды қолданып отыр.

Академик З.Қабдолов былай дейді: «Тіл байлығы сөз өнеріндегі мазмұн байлығына әкеледі. Ал халыққа қажет

шығарма – мазмұнды шығарма. Жазушының тілі бай болуға тиіс дегенде, ол өзінің сөз қорын молайту үшін ылыми ғана тыңнан сөз жасасын деп ешкім айтпайды және әрқашан олай ету мүмкін де емес. Жазушының өзінің сөз қорын молықтыру үшін жалпы халықтық тілдің телегей теңіз бай қазынасын, мүмкіндігінше, молырақ игеру, оның қилы-қилы әрі қызық құбылыстарын жете түсіну, әр сөздің мәні мен мағынасындағы ұлан-ғайыр өзгерулер мен өңдеулерді, ауысулар мен алмасуларды, құбылулар мен құлпыруларды дәл аңғара білу қажет. Сонда ғана жазушы «Өзінің сөз қорын мейлінше байытып, әркім бір қолданып әбден ығыр қылған арзан сөзге жоламайтын болады» (Беранже). Сонда ғана жазушы әр сөзді таңдап, талғап тауып, ойды анық, сезімді нәзік қып жеткізер тың және тартымды суреттер жасай алады. Мұның өзі жазушы тілінің үш түрлі ұтымдылығына – дәлдікке, ықшамдылыққа, сұлулыққа – негізделуі шарт».

Романның басталуының өзінде Ақанның аңшылық бейнесінің Біршек аталған көкжалды соғып алуымен бірден жарқ етіп танылатын тұсында жазушы көркемдік тәсілдерді көп қолданады. Жазушының интенсивті суреттеме сипаттауы қазақ халқының табиғаттың ерке баласы болуы үшін сол табиғаттың сыры беймәлім, кейде дүлей күштерін бағындыра алу қасиеттеріне ие болу керек екендігін түсіндірумен байланысты көрінеді.

«Биыл қыстай Мезгіл, шалқар, Жыланды болысындағы атығай-қарауыл ел ішінде тебіндегі жылқы малына бықбырттай тиген құйрығы бір тұтам шолақ қасқыр аңызға айналды. Ана ауылда да, мына ауылда да әлгі қасқыр малды жарып кетіпті, өзі анау-мынау емес, тайыншадай, тіпті, кішігірім жабағыдай екен. Боран-шашынына, ашық-жабығына, күн-түніне де қарамайды, кейде тападай тал түсте неше жылғы ту биелеріңді

алып ұрып жәукемдеп, жылқышылар қиқуға салып қуғанша нағыз шиманды үлпершек майын қалпынша қылғытып, тайып отырады. Небір жүйрік сәйгүлікпен соңына түскен жылқышылар біраз қуа түсіп қарасында көрмей қалады; тегі біршек болса керек. Ондай бөрілердің өкпесінде көрігі болады дейді, қанша шапса да шабысынан бір танбайды. Сонысымен қоса арланның күшінде қисап жоқ. Сақ жүрген талай жылқышы тазыларын қосып та көрген екен, маңайлай берсе-ақ бір-ақ қағып кете барады. Тіпті, тәуір иттерден тұқым қалар емес».

Мұнда С.Жүнісов Ақан серінің ерекше болмысын суреттеудің өзін ерекше логикамен бастап отыр. Түз тағысының қимылы елге аңыз болып тараса, оны соғып алатын Ақан да сол аңыздың жалғасындай ғұмыр кешпекші деген жазушылық ниетін мына сөздер айқын танытады: **«атығай-қарауыл елі ішінде тебіндегі жылқы малына бықбырттай тиген құйрығы бір тұтам шолақ қасқыр аңызға айналды»**. Француз ғалымы Леви-Брюльдің архаикалық ойлау туралы ілімінде нақты дүние мен ерекше абстракты дүниенің бөлінбей, бір бүтін ретінде танылуы жөнінде айтылады. Дүниенің адам санасымен біртұтастығын білдіру мақсатында жазушы С.Жүнісов те осы әдісті қолданып, қазақ халқының ерке серісі Ақан мен Біршек қасқырдың бір мекенде, бір табиғат аясында өмір сүріп, материалдық өмірдің жалғасы ретінде қуғынға ұшырау арқылы рухани өмірдің де қызығынан гөрі қиыншылығы мен қасіреті, мазағы мол екенін бірден-ақ танытады. **Бір шек — Біршек** атанған даланың көкжал бөрісі – соғып алуға болатын жай қасқыр емес. Оны жазушы оқырманына *«өзі анау-мынау емес, тайыншадай, тіпті, кішігірім жабағыдай»* деген теңеуді қолдану арқылы танытады.

Жалпы, С.Жүнісовтің шығармашылық өрісінің өзегі, сарқылмас қайнары осы романның лексикалық қазынасынан танылады. Ақан сері бейнесінің алғашқы кітапта өрлеп өсуінің, жаңа биік армандарға қол созып, өзінің «сегіз қырлы, бір сырлы» салтанатын өзі де қызықтап, өзге жұрт та қуанған сәттерінен бастап, романның соңғы беттеріндегі ащы өзегіне шоқ түсіп жатқан кезіне дейінгі суреттердің барлығы – өмірдің антиномиялық құбылысының суреттелуі деп санауға болады. Осы бір Ақан серінің екі түрлі бейнесін суреттеген С.Жүнісовтің тілдік лабораториясында романдағы кең ауқымда молынан қолданылған кейіпкерлер, құбылыстар, оқиғалар тіріліп, жазушының көркем шығармашылық бейнесін зорайта түспек. Бірақ С.Жүнісов үшін Ақанның өсіп, одан кемігенін ғана суреттеу – жеке мақсат етіп қойылмайды. Ақан сері сияқты бұл өмірдің қарабайыр тірлігінен бір табан жоғары тұрған адамдарды түсіну үшін гений, гениальность, одаренный, одаренность – дарабоз адамды, дарынды, дарындылық деген қасиетті түсіну керек. Ал ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы бұрынғы дәстүрін жоғалтып (Заманбайдың бейнесі, Әлібек батырдың бейнесі, Шыңғыс сұлтанның бейнесі, билер сотының азуы, т.б.), жаңаға келе алмай, бірінен - бірі жаңа заманның жаңалығын қызғанып, өлермен болып жатқан қазақ халқының дарынды адамды түсіну, сыйлау, халықтың болашағы үшін оны сақтау, баптау туралы ойы дұрыс қалыптаса қоймағаны белгілі. Сондай Ақанды суреттеу үшін С.Жүнісовтің өзіне де үлкен міндеттер қойылатыны белгілі. Соның бастысы – терең және нәзік тілдік сезімталдық. Осы тұрғыдан келгенде, жазушының айтар ойы мен айтқан сөзі біртұтас шығып, қазақ халқының алтын қорына айналған тілдік мұраны дүниеге алып келді.

Миршат ЕЛУБАЕВА,
Тараз мемлекеттік педагогикалық
институтының доценті, п.ғ.к.

ХАЛЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АСЫЛ МҰРАЛАР

Қазіргі жағдайда жастарға ұлттық тәрбие беру өзекті мәселеге айналуда. Еліміздің өркениеті мен экономикасын тұрақтандыру, патриоттық сезімін арттыру жолында ұлттық тәрбие көздерімен сусындата білім беру қажет.

Еліміздің тәуелсіздік алып, әлеуметтік-экономика-лық дамуы, ұлттық сананың қайта жаңғыруы жағдайында ұлтымыздың сан ғасырлар бойы жинақтаған тәлімдік тәжірибесін бүкіладамзаттық құндылық тұрғысынан саралап, қазіргі жастар тәрбиесінде пайдалана білу қажеттілігі туындауда.

Ұлттық тәрбиенің өзегі – адамгершілік тәрбиесі. Адамгершілік тәрбиесінің ең негізгі міндеті жас ұрпақтың бойына өзі өмір сүріп отырған қоғамның алдында тұрған мақсат-мүддеге сай адами қасиеттерді қалыптастырып, жетілдіре отырып тәрбиелеу болып табылады. Жас ұрпақтың бойына адамгершілікті сіңіретін, оны жүрек тазалығына, бауырмалдыққа, татулыққа, адалдыққа, кеңпейілдікке, парасаттылыққа тәрбиелейтін құндылықтарымыздың бірі – Мұзафар Әлімбаев мұрасы. «...жан баласына жақсылық тілеу, тілеп қана қоймай, өзің жақсылық жасау – «Болмасын деген оңбасын» деп кесіп айтқан ата-бабалардың өсиетнамасы, адамгершілік аманаты жаңашылдық – біздің ұлттық мінезіміз» деп жазған М.Әлімбаев халқымыздың бата беру тәрізді қасиетті дәстүрінің де қадірін дер кезінде түсініп, оны жинауға, зерттеуге үлкен үлес қосты.

Атадан балаға жалғасып келе жатқан халқымыздың

асыл мұраларының бірі – тілек-баталар. «Жауынменен жер көгерер, батаменен ел көгерер» деп мақалдаған аталарымыз батаға ерекше мән берген. Осының арқасында Бұқар жырау, Төле би, Абай, Жамбыл сынды дана бабаларымыздың бата сөздерін халқымыз әрдайым қадірлеп, жадынан шығармай бүгінгі таңға дейін жеткізген. Ата-бабаларымыз ақ бата жолымен халқын, елін достыққа, ынтымаққа шақырып, әрбір отбасына тыныштық пен татулық тілеген. Сол арқылы жастарды сабырлыққа, әдептілікке, ойлылыққа, арлылыққа, парасаттылыққа, кешірімділікке, имандылық пен адамгершілікке баулыған.

«Ақ бата – жанашырлық фактісі, мейірімділік, қайырымдылық көрінісі. Бұл – бір, екіншіден, бұл асыл тәрбиенің бір парасы, санаулы саласы. Әрбір естияр қазақ баласы әр қилы жағдайда ақ батасын беруге әзір тұрғаны абзал. Қолыңнан келсе, өз көкейіндегіні айт, төлтума тұжырымды батаңды тарт деп бата беруді мәдениеттендіру міндетін алға қоя жазған Мұзафар Әлімбаев халқымыздың осы бір қасиетті дәстүрінің қадірін дер кезінде түсініп, оған көңіл бөліп, бата сөздердің көлемінің кеңеюіне, жаңаруына белгілі дәрежеде үлес қосты [Батаменен ер көгерер. А., «Атамұра», 1996, 3-б.].

«Ақ батаның аясы» атты зерттеме-эссемен басталған бұл кітапта автор төлтума тұжырымды баталарын «Ақ бата», «Теріс баталар» деп екіге бөліп топтап береді. «Ақ бата» атты алғашқы бөлімде автор ұзын саны 203 оң бата, екінші бөлімде 12 уытты теріс бата ұсынады.

О, тәңірім жаратқан!

Құр қалдырма талаптан.

Ұлылармен ұғыстыр,

Білімділермен білістір.

Әулеттілермен туыстыр,

Имандылармен жұғыстыр. Әумин! [15-43-б.]

Болашақ ұрпақты әдепті, сабырлы, арлы, кешірімді, елін, жерін, Отанын қорғай алатын ержүрек азамат болуға

баулитын бұл баталардың бірі – ұлды үйлендіру тойында, қызды ұзатуда, келін түсіргенде, нәресте дүниеге келгенде, бесікке салғанда, сапарға аттанарда, Отан үшін азаматтық борышын атқару жолына шыққанда айтылса, енді бірі – отбасына, дастарханға, шаңыраққа, мүшел тойларға, Ұлыстың ұлы күнінде, жақсы іс бастарда беріледі. «Үйінде атасы бардың берер батасы бар». Үлкендердің, ересектердің мойынына жүктелінген моральдық, этикалық парыз бар екенін де аңғартады бұл даналық сөз, өйткені жасы үлкендер, аға ұрпақ – қашанда қайда болса да бала ұрпақ алдында тәлімгерлер! Ата, аға бола тұра ақ бата бере алмас ақ көз надан атану, әрине, ұят. Үлкендер соны ойласын! ...Орта жастағылар да, тіпті, ұландар да бата ойлап шығару, барды жаттау, бата арқылы жасы кішілерді қолдап-қоштау парызым деп ұқсын. Әлгі мақал осыған меңзейді. «Жуырда Астана қаласындағы балабақшада өткен әдеби-музыкалық ертеңгілікте төрт жасар ер баланың бата бергенін теледидардан көріп қуанып қалдық. Бұл – міне, жақсы нышанның басы. Бұл үрдісті балабақшада да, үйде де, мектепте де, жоғары оқу орындарында да жан-жақты жалғастыру қажет. «Атамұра» бағдарламасы бойынша жаңадан бата шығару, бата беру жөнінде жастар мен шәкірттер арасында жиі-жиі жарыстар өткізіп тұрудың да рухани себі аз тимес еді» деп қоғам болып, адам баласын ізгілікке шақыратын ақ батаның молая, дами, жаңара түсуіне атсалысуға үндейді [8-б.].

Ақынның бата-тілектері – адамның дүниетанымын таразылап, адамгершілікке меңзейтін өрісті өнеге.

Фольклорлық шығармалардың мазмұны мен бағыты жеке адам тәрбиесін ұлттық тұрғыда жетілдіруге негізделген.

Резюме

В данной статье речь идет о воспитательной значимости благословений призванных к воспитанию духовности.

Resume

This article is over the educational importance of good words, with the moral education.

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПЕДАГОГ ТҰЛҒАСЫ

Жаңа білім парадигмасы білім алушыға білім берудегі мақсат ретінде алдымен білімі, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғалық қасиетін білім алу арқылы бағдарын негізгі жолға қойып отыр. Елімізді өркениетті әлемге танытатын, «мейлінше дамыған отыз елдің» қатарына қосып, терезесін тең ететін күш – ол білім және білімді ұрпақ.

Ал сол білімді ұрпақ бойына дарытатын қазіргі заман мұғалімі қызметіндегі ең басты ерекшеліктердің бірі – жастарға рухани тұрғыдан ықпал жасауды нығайту, сол арқылы еліміздің нағыз белсенді азаматтарын, еңбеккерлерін, отан қорғаушыларын тәрбиелеп шығару. Бұл үшін мұғалім табиғат, қоғам, саясат, өнер, адам, айнала қоршаған дүние туралы ең жаңа ғылыми біліммен қаруланған болуы керек. Мұғалім еңбегінің нәтижелілігінің басты көрсеткіші – баланың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру болғандықтан, педагог шәкіртінің даму, тәрбиелену заңдылықтарын жете біліп, оның ішкі жан дүниесін сезіне алуына арнайы үйренуі керек.

Қазіргі таңда еліміздегі оқу-тәрбие жұмысына байланысты болып жатқан жаңартулар білім мен тәрбие жұмысын қайта қарауды міндеттейді. Бүгінгі

таңда тиянақты білім беру жүйесінде оқушылармен тәрбие жұмысын дамыту басты мақсат болып отыр. Осыған байланысты мектептің алдына қоятын ең басты мәселесінің бірі – өркениетті, прогресшіл бағыттағы азаматтық-адамгершілік қасиеті мол, сондай-ақ ұлттық ана тілін жоғалтпаған, өзге елдегі замандастарымен тең дәрежеде бәсекелесе алатын биік, өрелі, терең білімді, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу. Жастарды әлеуметтік өмірге және еңбекке даярлап, оларға қоғамдық тарихи тәжірибені үйрету үдерісі – ауадай қажет дүние. Адам өмір бойы тәрбиеленеді және қайта тәрбиеленеді. Егеменді еліміздің жарқын болашағы болайын деген жас ұрпаққа терең мазмұнды білім беру үдерісі оларды ұлтын сүйер патриот азамат етіп тәрбиелеуге негізделген.

Жас ұрпақ тәрбиесі қай заманда болмасын уақыт сөресінен түскен емес. Тәрбие мәселесі адам баласының ғұмырындағы көнермейтін, ажырамайтын баға жетпес құндылық, бала тәрбиелеу мәселесінің негізгі өзегі – өмір тәжірибесі, өз халқының әдет-ғұрпы. Ақиқат пен аңыздың асқарында ғұмыр кешкен батыр атамыз Бауыржан Момышұлының мына сөзі біздің жадымызда жүреді. «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім, енді қорқынышым көбейіп тұр. Біріншіден, балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам. Екіншіден, немересіне ертегі айтып беретін әженің азаюынан қорқам. Үшіншіден, дәмді, дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді. Солардан қорқам» [З.Ахметова. ата жайлы естеліктер// Ұлағат, №5, 2009, 9-б.] деген атамыздың осы қорқынышын болдырмайтын, бесік жыры үнінің құдіретіне тәнті болып өсетін баланың тәрбиеленуіне, ертегіні құмарта тыңдап, оның қызығына тамсана білетін жеткіншектің көбеюіне, дәстүрімізді сыйлайтын намысты ұл мен қыздың өсуіне

тірек болатын тәрбие жұмысы ұлттық мінез, ұлттық келбетіміздің ажарлануына жол ашады.

Дербес ғылым ретінде танылған, білім мен қоса тәрбие беретін педагогиканың қызметтері оның жоғарыда аталған пәндік сипаттарымен сабақтас, яғни, табиғи бірлікте іске асырылуы қажет теориялық және технологиялық міндеттер. Педагогикалық теория дамуының ежелден-ақ маңызды факторы — оның ғылымдық өрістеуіне арқау болған әдіснамалық шарттар. Ғылым әдіснамасы бұл табиғат пен қоғам құбылыстарын зерттеуге негіз болған әрі сол құбылыстардың теориялық түсіндірмесіне шешімді ықпал етуші философиялық бастау идеялар жиынтығы. Ұзақ уақыт философияның бір бөлігі болған педагогика екі негізгі философиялық әдіснама идеалистік және материалистік тұжырымдамаларға арқа сүйеіп дамыды және қазірде дамып отыр. Ежелгі грек философиясы, педагогикалық ой-пікір саласында идеалистік бағытты ұстаған Сократ пен Платон адам дамуының шешуші факторы бір табиғат екенін мойындаса, материалистік бағыттағы Гераклит, Демокрит және Эпикур адамның қалыптасуын басқаша түсіндіріп, сыртқы ықпалдар мен тұрмыстық жағдайларға байланыстырады. [Педагогика. Абай ат.ҚазҰПУ. А., 2003]

Педагогикалық теорияның бұдан былайғы да таралуында осы екі әдіснамалық бағыттың маңызы зор болды. Осының салдарынан батыстық педагогикада қазіргі кезеңге дейін адамның дамуы мен тәрбие мәселелері бойынша белгілі бір қауымдастықтың мүддесін жақтаған идеалистік ойшылдар бар. Солармен қатар оқыту және тәрбие теориясына елеулі үлес болып қосылған әрі жалпы адамзаттық маңызға ие болған материалистік идеялардың иелері де баршылық. Көп әдіснамалық алғышарттардың ішінде

аса маңыздыларының бірі – тәрбиенің барша табиғи және қоғамдық құбылыстар сияқты себепті-салдарлы байланысты сипатта екендігі. Тәрбие қоғамның және оның даму бағытының қажетінен туындаған. Осыдан материалистік бағытқа негізделген педагогика өз зерттеулерін тәрбие мен оның теориялық тұғырнама-сына ықпал жасаушы өндірістік-экономикалық және әлеуметтік-саяси факторларға байланыстыра өткізіледі.

Оқу орындарында тәрбие оқытумен егіздетіліп жүргізіледі. Оқыту үрдісінде оқушы оқу әрекетімен шұғылданып, теориялық ойлауға икемделеді, білімді өзі меңгеруге мүмкіндік алады. Оқытуда баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің осы кезге дейінгі білетін тәсілдерінің жаңа мәселесін шешуге жеткіліксіз екенін сезініп, содан барып оның білім алуға деген ынтасы артып, білімді заманауи білім беру жүйесіндегі педагогиканың міндеттерін іске асыратындай деңгейде алуға әрекеттенеді.

Оқушының оқуға деген ынтасы қашанда мұғалім еңбегі арқылы жүзеге асады. Қазіргі (жаңаша) мұғалім қоғамдағы болып жатқан жылдам өзгеріп тұратын әлеуметтік-экономикалық, педагогикалық, ғылыми өзгерістерге тез төселгіш, жаңаша ойлау жүйесін меңгерген, жеке шығармашылық кәсіби түрде оқушылармен бірден ортақ тіл табысып, педагогикалық үрдісте жүйелі бағыттармен жұмыс істей алатын болуы керек.

Өз бетінше ойлай білу, қиын жағдайларда жол таба білу – қазіргі заман мұғаліміне өте қажетті қасиет. Бүгінгі мұғалім – балаларға білім беруші ғана емес, сонымен қатар олардың жаңадан ғана қалыптасып келе жатқан сана-сезімін жоғары дәрежедегі рухани құндылықтармен байытушы, балаларда қоғамдық

пайдалы еңбекке деген қажеттілікті оятушы, оларды өз бетінше жаңалық ашуға, шығармашылыққа үйретуші.

Мұғалім тұлғасын сипаттайтын негізгі кәсіби маңызды қасиеттері оның педагогикалық әдебінің көрсеткіші де болып табылады. Тәжірибелі педагог И.Е.Синицаның пікірінше, педагогикалық әдеп әр мұғалімнің жас мөлшеріне, темпераментіне, мінез-құлқына байланысты келеді. Педагогикалық әдеп — мұғалімнің ізденісінің нәтижесі. И.Е.Синица өзінің «Педагогикалық әдеп және ұстаздық шеберлік» деген еңбегінде мұғалімнің мынандай негізгі қасиеттеріне айырықша тоқталады: «Байқағыштық. Ілтипаттылық. Сенім. Әділдік. Төзім және сабыр сақтау» (А., 1987, 65-бет).

Сонымен қатар, қазіргі зерттеушілердің пікірінше эмпатия ұғымы да мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттерінің бірі болып саналады.

Педагогиканың жемісті дами түсуінің басты шарты — ғалымдар мен тәжірибелі педагогтардың бірлікті іс-әрекеті. Егер осы теориялық және тәжірибелік ізденістер инновациялық, педагогикалық жаңа технологиялардың әдістер жүйесін жете білумен жүргізілетін болса ғана педагогтың өз тәжірибесі де, басқалардың да педагогикалық ұсыныстары мақсатты бағытта зерттеліп талданады, соның нәтижесінде оқу-тәрбие ұйымдастыру жолындағы заманауи білім беру жүйесіндегі педагогиканың табыстары мен жаңалықтары ғылыми тұғырға орнығуы сөзсіз.

Жалпы жас ұрпаққа білім беру ісін жетілдіру және оқу-тәрбие жұмыстарын жаңа сатыға көтеру міндеттерін жаңа заман мұғалімінсіз жүзеге асыру мүмкін емес екені анық.

Рая БАЙЖАНОВА,
Алматы қаласындағы
№5 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ТОЛЫҚ ЖЕТІЛГЕН ТҰЛҒА ТӘРБИЕЛЕУ

Үшінші мыңжылдықтың табалдырығын аттаған кезеңде мектептің алдына қоятын ең басты мәселе – қазіргі заманның өркениетті, прогресшіл бағытына сай, азаматтық-адамгершілік қасиеті мол, сондай-ақ ұлттық ділі мен тілін жоғалтпаған, өзге елдердегі замандастарымен тең дәрежеде бәсекелесе алатын биік өрелі, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу. Бұл жұмыста сынып жетекшілерінің маңызы зор.

Қазақстанда толық жетілген тұлға тәрбиелеу және соған байланысты әлеуметтік-экономикалық, психологиялық, педагогикалық мәселелер күннен-күнге күрделілене түсуде. Қазіргі әлемде өршіп жатқан соғыс, ұрыс-керіс жағдайлары және апаттарды болдырмаудағы барлық адамзаттың және әрбір жеке адамның рөлі мен жауапкершілігін күшейту өте қажет болып отыр. Сонымен бірге, бүгінгі күні темір қоршаудың бәрі алынып, бүкіл дүние жүзі

ортақ ақпараттық кеңістікте өмір сүруде, мысалы, ЮНЕСКО, интернет жүйесі, компьютерлендіру бағдарламалары, ғарышты игеру, бүкіл әлемдік қуатты корпорациялар, халықаралық туристік ұйымдар, әлемдік қаржы институты, т.б.

Яғни, әлем халықтары өміріне ғаламдастыру үрдісі тамырын жая бастады.

Сондықтан ХХІ ғасырды ғаламдастыру дәуірі деп атауымызға әбден болады.

Осыған орай, ғаламдастыру жағдайында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу, «ғаламдастыру» ұғымының мәнін ашуды мақсат етіп қойдық.

Әлем халықтары өміріне ғаламдастыру біртіндеп еніп келе жатқан уақытта, өз тәуелсіздігіне кеше ғана қолы жеткен еліміз үшін өз келбетін жоғалтып алмау, адамгершілік қасиеттерімізден айырылып қалмау, ұлт ретінде жойылып кетуге апарып соқтыруы мүмкін рухани мәңгүрттіктен сақтану және оны болдырмаудың шараларын бүгіннен бастау, әрбір адамның рухани байлығы мен мәдениеттілігін жетілдіру, біліктілігі мен білімін арттыру – кезек күттірмейтін мәселе.

1. Сынып жетекшілігі – жүйенің негізгісі:

а) кез келген тұлғаны тәрбиелеуде қоғамдық дамудың әсерін ескеру қажет;

б) жеке тұлғаны қалыптастыруда қарама-қайшылық заңын білу қажет, себебі қарама-қайшылық жеке тұлғаны қалыптастыруда қозғаушы күш болып табылады.

2. Тәрбие – көп қырлы үрдіс.

Тәрбиелеу ісі мектепте сабақ үстінде ғана емес, қоршаған ортамен, отбасымен, теледидармен, ақпарат құралдармен, әлемде болып жатқан әр түрлі өзгерістермен интеграциялануы керек.

3. Баланы тәрбиелеудегі іс-шаралардың өзгеруі қажет. Бала өз еркімен, өз ынтасымен, өзі ұмтылып жұмыс жасауы керек.

4. Педагогиканың негізгі мақсаты адамды, оқушыны жеке тұлға етіп қалыптастыру болғандықтан, ол философиялық заңдылықтарды негізге ала отырып адамгершілікке тәрбиелеуді қажет етеді.

Ел Президентінің Жолдауында «Егер біз ниетімізді байсалды ұстасақ, пайымды да парасатты болсақ, өз дамуымыздың ішкі және сыртқы факторларын талдап таразылай білсек, онда біздің дұрыс жолды таңдап алу мүмкіндігіміз бар» делінген.

Сынып жетекшілігі жүйесін жетілдіру – өзекті мәселе.

Ел қорғайтын ерлеріміздің қызмет барысында кездесетін кедергілерді саналы түрде жеңе білуі жеке адамның, яғни, саналы да салауатты азаматтың қолында екендігін айқын көрсетіп отыр.

Жалпы, кез келген адам іс-әрекеттерінде немесе басқа жағдайда ерлік істерге бару үшін алдымен рухани жағынан дайын болуы керек.

Патриотизмге тәрбиелеудің бағыттары мынадай басты мәселелерді көздейді:

Педагогикалық тәжірибедегі мүмкіндіктерді барынша толық қамтып, біртұтас түрде оқушының жеке тұлғасына ықпал етудің жүйесін жасау, әртүрлі пәндерді оқытуда және тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыруда тірек болатындай сипатқа ие болу, бұл бағытта жас буынды патриотизмге тәрбиелеудің теориясы мен тәжірибесіне қатысты жаңа идеяларды үнемі ашып, іс жүзінде қолданған тиімді.

Патриотизмге тәрбиелеу үрдісінің сынып жетекшілеріне оның танымдық мәнін естен шығаруға болмайды, бірақ ол әрбір оқушыда патриоттық сана, патриоттық сезім қалыптастырудан бастау алғанда ғана тиімді болмақ. Оқушылар әрбір сабақтан мол білімдік, тәрбиелік, дамытушылық қасиеттер алуы керек.

Сондықтан пәнаралық байланыс арқылы сабақтың біліми, ғылыми сипатымен қатар, оның тәрбиелік, танымдық, адамгершілік мазмұнын да ұйымдасырылуын ойластырған абзал.

Патриоттық идея – отаншылдық адамға туа біткен қасиет емес, ол жүре түзелетін, адамның саналы өмірінде бірге, қабаттаса өрілетін құбылыс.

Отанға деген сезімнің шынайы қайнар көзі – туған жер табиғаты, ана тілі, салт-дәстүрі, тарихы, ата-бабаларының ерлігі. Олар әр азамат бойына намыс, ар, сүйіспеншілік сезімдерін ұялатады.

Ұлбала ЕРІМБЕТОВА,
«Қайнар» университетінің
магистранты.

ӨЛЕҢМЕН ӨРІЛГЕН ҒҰМЫР

«...Мен өзімнің “менім” арқылы жасырмай, жаппай өмірімнің шежіресін жасап шықтым. Жанымның мұңы мен қуанышы - бәрі осында. Солар басқа жүректерге өз сәулесін түсіруге тиіс деп ойлаймын. Сонымен достар, бүкіл менің жазғаным – бар-жоғы бір ғана поэма. Адамның өмірі мен өлімі, қасіреті мен қуанышы туралы поэма. Егер нанбасандар, барлық өлеңімді жинап, бір жинаққа топтастырып көріңдерші. Естеріңде болсын, әрбір өлеңім өз орынында тұрсын. Яғни, жылына және бойына қарай, содан соң көз алмай оқыңдар. Сюжетіне көңіл аудармай-ақ қоюларыңа болады, ал композициясы мен архитектурасына зер салыңдаршы. Егер мені содан таппасаңдар, онда ақын болмағаным»[1, 40-б.] деген екен Мұқағали Мақатаев өз күнделігінде. Расында да, оның әрбір өлеңі ғана емес, сол өлеңдерінің әрбір жолы, әрбір сөзі өз өмірімен қоса, кез келген қазақ баласының тағдырынан сыр шертіп тұрғандай. Ақын шығармаларына үңілген сайын әркім өзін танып жататыны және аян. Ендеше, оқырман Мұқағалиды емес, Мұқағали оқырманын өзі тауып алатын сияқты. Мұнда әлдебір тылсым күштің әсері сезілетіндей. Өлеңнің ырғағынан да, тербелісінен де ақынның қимылын, дауысын, мәнерін естіп, мінез-

құлқын танымыз. Өйткені ол өлеңнен, өнерден сыр бүккен емес. Мұқағалиша айтсақ, Поэзиямен егіздерше сырласа білді. Поэзия арқылы өз жан дүниесін ашты, ал өзі арқылы поэзияның сырлы құпияларын жария етті. Мұқағалидың қайсыбір өлеңін алып қарасақ та, ақын өмірінің шағын бір сюжеті іспетті. Ал, жинақталған бүкіл өлеңдері Қарасазда өткізген балалық шағы мен қу төсекке таңылып жатқан ауруханадағы соңғы күндеріне дейінгі өмірбаянындай бірін-бірі толықтырып тұрады. Міне, Мұқағали поэзиясының күдіреттілігі де – осында. Ендеше, ақынның шеберлігін айқындау үшін оның кешкен бүкіл өмір жолы мен өз өлеңдерін сабақтастырып көрелік.

Шынайы поэзия өкілі, ғажайып ақын 1931 жылдың 9 ақпанында Алматы облысының қазіргі Райымбек (бұрынғы Нарынқол) ауданының Қарасаз ауылында дүниеге келген. Әкесі Сүлеймен соғыста қаза тауып, анасы мен әжесінің қолында қалды. Кішкентай Мұқағали (Мұқаметқали) әжесінің тәрбиесінде өседі. Әжесі Тиын өз ортасында «Көкдауыл» атанып кеткен өте қайсар, діттеген ісін аяқтамай қоймайтын бірбеткей кісі болған екен. Мұны Мұқағалидың жары Лашын Әзімжанованың ақын жайлы айтқан естеліктеріндегі: «Екі апамның мінезі екі түрлі. Әжеміз еркек мінездес, қатал, айтқанын бәріне де орындататын, айбынды, шешен, іскер, адамды сыйлау да, түсінісу де қолынан келетін кісі. Өте күшті адам, мен келгенде сексен жаста екен, отынды қарс-қарс айырғанын көріп қатты таңдандым. Сенің айтқаныңды қостай салмайды, өзінше пікірі, дәлелі бар адам. Менің әжеммен сөйлескенде, бұрынғы өткен жаугершілік замандарда отырмын ба

деп қаласың...» [2, 269-б.] деген сөздерінен-ақ байқауға болады. Тіпті, бір күні көрші ауылға көкпарға кетіп, аяғын сындырып келген Мұқағалидың атасы Мақатай ауылда сынықшы болмай, жанұшыра ауруымен алысып жатқанда, Тиын апамыз қолына балтаны алып, теріге ғана ілініп тұрған жерінен күйеуінің аяғын шауып тастайда да, жарақатын өзі емдеп, аман алып қалған екен. Мұндай тәуекелді іс, әйел заты түгілі, ер азаматтардың өзін жүрексіндірері хақ. Міне, Мұқағалидың да

«Лай су шаймаған арым бар,

Дауылдан қорықпас жаным бар» [6, 55-б.] деп, алдын орап, аяғын шалған қатал заманына деген күресін өлеңдерімен өршелендіріп, Мұқағали Мақатаев атануына да осы әже тәрбиесінің септігі мол болды.

“Мен әкемнің тәрбиесін көрмедім,

Ал, анамның ақылына көнбедім” [5, 84-б.] деген өлең жолдарында әже тәрбиесінен сусындағанын айтпақ болғаны көрініп тұр. Әкесі соғысқа аттанып, екі қарт анасы мен соңынан ілескен екі бауырына жаста болса сүйеніш болған Мұқағали тұрмыс тауқыметін көп көрді. Балалықтың бұлағынан қанып іше алмады. Алыстағы әкеге деген сағыныш, үш баланы асыраймын деп сұрау белгі болып иілген анаға деген аяушылық, өзі көріп жүрген, көзі көріп жүрген ауылдағы азаматтарынан айырған сұм соғысқа деген жиіркеніш бала Мұқағалидың бойына бір ерекше сезім боп орнықты. Осылайша, бойдағы әр қилы сезімдер бір-бірімен тоғыса келіп, бір арнаға құйылып, іштен шабыт болып ақтарылды.

«Жанап өтті балалық, бала болып өспедім,

Шаруаның ғұмыры – кенедейден кешкенім» [5, 90-б.]

деп налиды ол бір өлеңінде. Ақынның поэзияға басқан
ең алғаш қадамы он бір жасында жазған әкесі жайлы
өлеңі болды.

«Бұл жерде Сырымбеттей тау бар ма екен,
Жайдақтың шөбі шүйгін қаулар ма екен?!

Мінеки, көп ай болды хабары жоқ,
Әкем келіп көңілімді аулар ма екен?!» [2, 272-б.]
деген әкесі Сүлейменге арналған осы бір өлеңі
бүгінде қазақтың қара өлеңіне айналған.

Соғыс бітті. Совет жеңді. Елде тыныштық орнады.
Сұм соғыс, ұзақ күттірген жеңіс ақын жүрегінде
мәңгілік қалып қойды. Себебі, бұл сәттер оның
бақытсыз балалық шағының куәгеріне айналған күндер
еді.

«Есімде жоқ.

Бала боп өсіп пе едім?!

Болсам, неге жылы сөз есітпедім?!

Есімде тек,

Білемін жеңіс-құстың

Біздің жаққа бір апта кешіккенін» [6, 52-б.] дейді
ақын, келген жеңістің есесіне сұм соғысқа балалық
шағын тарту еткеніне өкінгендей.

Мұқағали орта мектепті аяқтап, аудандық кеңестің
хатшысы болып жұмыс атқарды. 1948 жылы қос жесір
мен қос жетімді ауылға тастап, Алматыдағы ҚазМУ-
дың филология факультетіне оқуға түседі. Алайда «қара
саз, қара шалғында өскен» дала баласы сырласына
айналған тауларын сағынып және үйінде қалған төрт
жанның жағдайын ойлап, соларға көмектеспек болып,
оқуды еріксіз тастап, ауылға қайтады. Одан кейін

қайтадан Алматыдағы Шет тілдері институтының неміс тілі факультетіне де оқуға түсіп, оны да аяқсыз қалдырады. Ақын өмірінің бұл кезеңдеріне «Менің анкетам» өлеңіндегі:

- ... Білімің ше?

- Орташа ғой.

Алайда өзім жоғарыға балаймын.

- Ана тілің?

- Қазақша.

Қысылғанда орысша да, немісше де, тағы бар... [4, 156-б.] деген жолдары куә. Ауылға келіп, ескі жұмысын қайта жалғастырып жүрген Мұқағалиды көрші «Шибұт» ауылына ауылдық советтің секретары етіп жібереді. Сол ауылда Лашынмен танысып, тағдырлары тоғысып, 1949 жылы наурыз айында екеуі шаңырақ құрды.

Ақынның 1972 жылғы «Дариға - жүрек» атты жыр толғауының бір жерінде:

“Бала сүйдім, жар сүйдім, “Шибұт”, сенен,
Жырыммен ел-жұртыңа сыйлық берем”... [2, 268-б.]

деген жолдары шымыр өрілген. Осындағы «Шибұт» деген жер – Лашынның ауылы. 1949 жылы аудандық: «Советтік шекара» газетінде ақынның «Қойшы бала - Әкітай», «Қырман басында» деген алғашқы екі өлеңі жарыққа шықты. Ақынның нағыз шығармашылық шыңына құлаш ұрған кездері осы тұстар еді. Бейнебір туған ауылының, туған жерінің сұлу табиғаты жазар үстеліне, заңғар таулары сүйенер орындығына айналып, ал Қарасаздың салқын самал желі қаламын ұшырып алып келіп, қолына ұстатқандай шабыт сыйлады оған. Бүгінде өзіміз оқып немесе жатқа ән салып жүрген ақынның туған жер, Отан тақырыбына

арналған «Атамекен», «Саржайлау», «Қарасазым», «Үш бақытым» өлеңдері – өмірінің осы тұсында туған өлеңдер.

«Айналып келгенде, поэзияда рух үлкен рөл атқаруға тиіс. ... Кімде рух болмаса, ол поэзиядан аулақ жүруі керек...» [1, 35-б.] дейді ол 1975 жылы 26 қаңтарда жазылған естелігінде. Шындығында, оқырманға күш-қайрат сыйламаған, жан-жүрегін баурамаған, ашындырып-тұщындырмаған өлең түкке алғысыз. Міне, күпі киген қазақтың қара өлеңін шекпен жауып өзіне қайтару үшін бар рухын жинап, Қарасазын тастап, мәдениет ордасы – Алматыға келуді ұйғарды. «...1962 жылдың жаз айында аяқ-асты бұзылды. Мені жеңге орынына санап, Нақа дейтін. Бір күні аса көңілді қалпында:

– Ал, Нақа, бұйырса, алматылық боласың, көшеміз, – деді әй-шәй жоқ. Шынымды айтсам, мен бұған нанбадым. Өйткені астанаға бала-шағамен көше қоятындай жинаған қорының жоғын білемін. Екі інісі де, балалары да жас. Мен болсам – отырған бір масылмын.

– Сонда қайда барамыз? Үйді қайтесің, балам-ау? – деймін.

– Қорықпа, Нақа! Өлеңім өлтірмейді. Асырайды бәрімізді, – дейді маңдайы жарқырап...» [3, 10-б.] деп еске алады бұл күндерді Мұқағалидың анасы Нағиман апай. Мұқағали жан серігі – Поэзиясының тағдырымен қоса, Алматыға төрт перзентінің, қарт анасының, асыл жарының да тағдырларын арқалай келді. Қарасазы артта қалды. Мұңайса басын сүйер Әке-тауы, жыласа көз жасын жасыратын Қарасазының нөсер жауыны,

шаршаса бауырына басатын қара шалғыны жоқ еді
мынау у-шу қалада. Мұқағали үшін астанадағы қиын
күндер басталды. 7-линия көшесінен біреудің аядай,
аласа ғана екі бөлмелі ескі үйін жалдап тұрып жатты.
«Бәрі маған жат, жексұрын, жиіркенішті! Кімнің дос,
кімнің қас екенін ұғудан мен баяғыда-ақ қалғанмын.
Жоқ! Менің достарым жоқ. Мен тек айналамнан өзіме
жылжып келе жатқан сегіз аяқты сұмдықтарды ғана
көрем. Қорғана аламын ба, білмеймін. Мені бұдан тек
қана бір керемет құтқара алады. Ал, мен кереметке
қатты сенемін. Кереметтер болуға тиіс!! Қазірше мені
қарусыз қалдырғылары келеді. Дұшпандарым тоқтаусыз
шабуылдауда. Олар мені құртып жіберуге де дайын. Егер
біреу қолына мылтық беріп ат десе, қайсысы болса да,
қолы қалтырамастан бүкіл адамзатты сүйген, ешкімге
зияны тимеген мені сол заматта-ақ атып жіберуге әзір...»
[1, 28-б.]. 1974 жылы 21 қыркүйекте жазылған осы
естелігі ақынның астанадағы арпалысты күндерінің
бірі болса керек. Осы арпалыс, осы күрестің бәрі де тек
бір Поэзия үшін еді. Стендаль: «Қасірет – оның жанын
өнер сүюге үйретті» деген екен бір басты кейіпкері
туралы. Біздің кейіпкеріміз де – талайлы тағдыр
мандайынан сипамай, көкірегінен итерген сәттерінде
де қара өлеңінен ақ желкен жасап, адуынды ағынға
қарсы жүзе білген жан. Оның алдамайтын адал досы
да, жұбаныш-үміті де, жанашыр-сырласы да, қуаныш-
мұндасы да тек өлеңі болды. Ақынның «Пенделік»,
«Шыда, шыда», «Күндестік құрысын!», «Мықтымын
ғой дегенмен...», «Көнеміз де», «Адасқанда», «Жолым
менің болмай жүр» деген көптеген философиялық
өлеңдері осы кездерде дүниеге келді. Жазған еңбектерін

жарыққа шығарамын деп алысқан ақынның алдынан талай кедергілер шығып жатты.

«Ойлаңдар, достар!

Өнерде «жарыс» болмайды!

Өресі жетпей,

Күндестік қылған оңбайды»... [1, 2-б.] деген жолдар осы кедергілердің жолында туған өлеңдер болса керек.

Мұқағалидың жанына батқан ең бір зор қайғысы – қызы

Майгүлдің беймезгіл болған қазасы еді.

«Түсіме енді ап-арық қызым бүгін,

Қызым бүгін... Жұлынған қызыл гүлім.

Бақшамдағы балбырап пісіп тұрған

Үзіп кетті, апыр-ай, жүзімді кім?» [5, 148-б.]

деп күйінеді де, соңынан:

«Шыда, шыда!

Шыдай түс, шыда тағы!

Шыдамдыны мына өмір ұнатады.

Үміттің құлан иек құла таңы

Әйтеуір бір атады, бір атады»... [5, 9-б.] деп, өз-өзін жұбатады.

Жаны жараланып, дүйім жұрттың ішінде жалғызсырап жүрген ақын ендігі жерде баяғы өзі өскен ауылын, туған жерін сағына бастайды. Сол сағыныш алыстағы ауылына аңсарын аудартады. Қарасазын, тауларын, өзен-көлдерін сағынғанда өлеңімен сол маңдарға бір барып келетін де болды. Ақынның поэзиядағы басты тақырыбы ендігі жерде сағыныш, аңсау, зарығуға ұласты.

«О, менің сүттен аққан қос бұлағым,

Сендерсіз иесіз сарайдай бос тұрамын.

Кәріген үндерінді есіте алмай,

Елендеп отыр менің қос құлағым» [5, 51-б.] деп, еліне жете алмай зарығып жүргенінде, жығылғанда жұдырық болып, Мұқағали баяғы Жазушылар одағы берген екі бөлмелі үйін аңғалдығының, ақ көңілділігінің арқасында өзі көрмей-білмей, Панфилов көшесіндегі қабырғасы құлауға шақ қалған ескі бір үйге алмастырып жібереді. Тағы да қателесті. Тағы да алдады. Тағы да сан соқтырды. Осы орайда Стендальдың: «Қасірет - оның жанын өнер сүйеге үйретті» деген сөзі тағы да оралады ойға. Ақынның бұл жағдайына «Мен өскен лашық – бір бөлме» өлеңі куә. Ондағы:

«Мен өскен лашық – бір бөлме,

Бір бөлме – маған мың бөлме.

Хан тағы қараң қалатын

Босағанды аттап кіргенде»... [5, 180-б.] деген жолдарында «өз үйім - өлең төсегім» деп, жыртық лашығынан аяғы сыртқа шығып кеткен Жиренше шешенмен үндескендей. Өлеңнің арасында:

«...Әкемнің кара шаңырағын

Сатты екем неге... өкінем!» [5, 180-б.] деген жолдарын кездестіреміз. Демек, баяғы сағыныш енді өкінішке ұласқандай. Өзегін өртеген өкініш, сабырын сарғайтқан сағыныш, ақынның жанын жегідей жеді. Жеп қана қоймады, ақынның жұдырықтай ғана жүрегін айықпас дертке душар етті... Мұқағалидың Алматыға алғаш келген сәттері ақын өмірінің шарықтау шегі болса, ал бұл дерті өмір дастанының шешуі еді.

«...Жоқ! Дәрігер! Орнатпа басқа жүрек!

Басқа лүпіл жасама, басқа бір леп.

Қалай айтам, бүлінген жүрегімді,
Білдірмей доғдыр алып тастады деп» [4, 46-б.]
Алғашында ауруына сенгісі келмеген ақын жүрегі
осылайша тулады. Өмірінен бұрын өлеңін қимаған
Мұқағали аласұрып, Фаризаға мұңын шақты, Жас
қайыңға жалбарынды. Алайда дерті асқынған ақын:
«Өмірді қалай сыйласаң,
Өлімді солай жат көрме!» [5, 213-б.]
деп, өз тағдырына мойынсұнды.
«Я, Жаратушы Аллам!
Қолдай гөр, сүйей гөр мені, сүйей гөр!
Қолдары да, қорғаны да жоқ жан ем.
Жасаған ием!
Құлап барам, сүйей бер!
Пенделерге табына-табына болған ем» [5, 59-б.]
деп, Алладан медет тіледі.
«Шыңыраудан шыға алмай, шыдам кетіп,
Тағдырыма шынымен бас ұрам ба?»... [5, 95-б.]
деп қатал да қатыгез тағдырына тән беріп, 1976
жылы 27 наурызда жүрегі жыр-теңіз ақын бұл өмірмен,
поэзиямен мәңгілікке қош айтысты...

Иә, қазақ маңдайына біткен біртуар ақынын,
ал Поэзия сыңарын жоғалтты. Алайда қазақ қара
өлеңінен айырылған емес. Себебі Мұқағали *өткен
ғасыр мен осы ғасыр және бұдан кейінгі ғасырларға
да жетерлік саф таза ақындығын, мол да мөп-мөлдір
мұрасын қалдырды соңында.* «Ей, безгелдектер, сендер
емессіңдер маған бата беретін. Жылдар өтеді, жаңа
ұрпақ келеді, біздің әрқайсымызды солар өз орынына
қояды. Мен өз жайымда мынаны айтамын: мен –
XXI ғасыр ұрпақтарының құрдасымын, бәлкім, одан

әрідегі ұрпақтың туысымын да» деген Мұқаң бүгінде өзінің әрбір қазақтың төрінен, оқырманның қолынан табылатынын сезсе керек. Демек:

«Өлсе, өлер Мұқағали Мақатаев,
Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім!» [4, 145-б.]
деген ақын сенімі ақталды.

Шынында да, Мұқағали Мақатаевтың поэзиясы – заманымыздың кешегі де, бүгінгі де талаптарымен үндесе, күбірлесе, ымдаса, жымдаса алған өршіл де дауылды жыр үлгісі. Оның сырлы да мұңлы, нұрлы, өршіл жырларынан қуат алып, сусындамаған қазақ баласы кемде-кем. Кезінде «сүрейік өмір алмасып» деп Жас қайыңға жалынған Мұқағали бүгінде өзі қайыңнан да ұзақ ғұмыр кешіп жүр. Өлең барда ақын да бар. Ал, ақынды сүйер халық бар жерде оны өлді деуге болмас. Мұқағали өз сөзінде: «Менің қымбатты достарым! Егер сендер шынымен менің өмірбаянымды, шығармаларымды зерттемек болсаңдар, онда мен не жазсам, соның бәрін түгел оқып шығуды ұмытпағайсыздар. Мені өз өлеңдерімнен бөліп қарамауларыңызды өтінемін. Естерінде болсын, менің жеке өлеңім өзінше ештеңе құрамайды. Ол поэма іспетті біртұтас» [1, Б.40-41] деген екен. Міне, ақынның өзі айтқандай, біздің де сырттан қосқан ештеңеміз жоқ. Тек Мұқаңның өзі жазған өлеңдері мен естеліктерінің бірнешеуін ғана алдық. Осының өзі-ақ, ақын өмір сүрген уақыттағы басынан өткен бірнеше оқиғаларын айқындай алып отыр. Ал, егер де оның жазған бүкіл өлеңдерін тек жазған уақыты бойынша бір жинаққа топтастыратын болсақ, онда оны оқыған оқырманға әрі түсінікті, әрі Мұқағалидың өлеңдерімен қоса,

өмірінен де көп мәлімет алар еді. Негізінен, Мұқағали көзінің тірісінде дата мен фактіге аса мән беріп, әрбір өлеңінен кейін, оның жазылған уақытын, кейде, тіпті, сағатына дейін түртіп отырған. Жалпы, ақын жандарды екіге бөлуге болады. Біріншісі, артындағы ұрпағына өз атын, сара ізін қалдыру үшін жазатындар. Екіншісі, іштегі сезімін сыртқа ақтаратындар. Екеуі де талантты, екеуінің де өлеңдері жүрекке қонымды болуы мүмкін. Тек айырмашылықтары: біріншісі, жазған дүниесінің бас-аяғын түсіндіріп жазса, екіншісі, орайы келгенде шабытын ақтара салатындар. Мұқағали – осылардың екіншісіне жататын ақын. Сондықтан да, оның кейбір өлеңдерін жеке алып қарағанда кейде түсініксіздеу, яғни, ақынның не үшін немесе нендей жағдай үшін тебіреніп отырғанын түсінбей қалуың мүмкін. Сондықтан да, Мұқағалиның осындай өлеңдері қалыс қалмауы үшін, ақынның жинақтарын құрастырғанда, оның әрбір өлеңінің жазылу уақытына, шығу тарихына жете мән берген жөн секілді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Мақатаев. Күнделік. А., «Жалын»,1991.
2. М.Мақатаев. Қош, махаббат. Құрастырған: Л.Әзімжанова. А., «Жазушы»,1988.
3. Мұқағали. Құрастырған: А.Әбдіқалов. А., «Жалын»,1995.
4. М.Мақатаев. Жырлайды жүрек. Құрастырған: Б.Айдарова. А., «Жазушы», 1989.
5. М.Мақатаев. Аманат. Құрастырған: А.Алтай. А., «Атамұра», 2002.
6. Мұқағали. Құрастырған: Б.Айдарова, Қ.Ботбай. А., «ҚАЗАқпарат», 2011.

Дәмеш ТОҒАЙБАЕВА,
№166 «Арман» бөбекжай-
балабақшасының тәрбиешісі.
Алматы қаласы.

КҮЗДІ СУРЕТТЕУ

Мақсаты: күз мезгілі туралы жан-жақты түсініктер беру, сурет бойынша әңгіме құрап айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру, тақпақты нақышына келтіре мәнерлеп айтуға үйрету. Күзді әр түрлі әдістермен суреттеу арқылы тіл мәдениетін қалыптастыру, жыл мезгіліне байланысты табиғатта болатын өзгерістерді байқап, айта білуге үйрету.

Көрнекіліктер: суреттер жинағы, жемістер, көкөністер.

Оқу іс-әрекетінің барысы.

Тәрбиеші:

- Жиын-терін болатын,
Қамбаға астық толатын.
Қызыл қырман ойнайтын
Қай мезгіл деп ойлайсың?

Балалар: - Күз мезгілі.

- Күз мезгілінің ерекшеліктерін атаңдаршы.
- Жапырақтар сарғайып түседі, күн суыта бастайды. Жиі-жиі жаңбыр жауады. Күн қысқарады, түн ұзарады.
- Неліктен алтын күз дейміз?

- Ағаштардың жапырақтары мен шөптер түгелдей сарғаяды, сондықтан «Алтын күз» деп аталады.

- Күзде жапырақтар неге сарғаяды?

- Күзде жапырақтар сары, қызыл, күлгін түске боялады. Табиғаттағы болатын өзгерістерге байланысты: суықтың, суық жаңбырдың әсерінен жапырақ құрамындағы жасыл бояу құрамы бүлінеді де, басқа түске айналады.

(Күзде жапырақтар суықтың, суық жаңбырдың әсерінен жапырақ құрамындағы жасыл бояу құрамы бүлінеді де, сары түске айналады).

Тәрбиеші: - Күз мезгілінің барлық өзгерістерін, табиғат сұлулығын жазушылар, ақындар керемет жырлаған.

1-бала: «Күзгі жапырақтар». Қуандық Шаңғытбаев.

Алтын, сары, қызыл, көк,
Алуан-алуан жапырақ.
Күзгі бақта күлімдеп
Көз тартады атырап.

Күн шуаққа маужырап
Жатыр еді атырап.
Ағаштардан жамырап
Ұшты кенет жапырақ.

2-бала: «Күз». Тұманбай Молдағалиев

Қыстың жақын қалғанын
Жапырақтар білгендей.
Желмен ұшып барады
Жерге қонып үлгермей.

Жапырақтар жамырап,
Сайға барып бекінді.

Анасынан ажырап

Қалған бала секілді.

Тәрбиеші: - Неліктен жомарт күз дейміз?

- Күз мезгілінде жемістер, көкөністер піседі.

Сондықтан «жомарт күз» дейміз.

- Балалар, кім жемістер туралы тақпақ біледі?

3-бала: «Жемістер жыры». Рза Қунақова.

«Алма».

Нарттай қызыл алмам бар,

Мәз болады алғандар.

Жазда әдемі киінем,

Тілді балдай үйірем.

4-бала: - Берекесін сыйлауға

Ортамызға күз келді.

Жемістерін жинауға

Шақырады біздерді.

Тәрбиеші: - Күз мезгілі бәрімізге ұнайды. Енді, балалар, «Жақсы-жаман» /ТРИЗ/ ойынын ойнайық.

Күз мезгілін жақсы дейді, неге? (Балалар мектепке барады. Жемістер піседі. Көкөністер піседі. Қамбаға астық толады).

- Неге жаман? (Күн суыта бастайды. Жиі-жиі жаңбыр жауады. Жалаң аяқ жүре алмайсың. Жапырақтар сарғаяды, түседі).

- Күзгі табиғат көріністері ешкімді бей-жай қалдырмайды. Табиғаттың әсем көріністерін суретшілердің салған суреттерінен байқаймыз. Сурет бойынша әңгімелесу.

«Күзде».

1. Берекелі күз келді.

2. Алатаудың аясында Ахмет пен Айша алма терді.

3. Күзде жемістер пісті, жемістер көп.

Тәрбиеші: - Күз мезгілінің тағы қандай ерекшелігі бар?

Негізгі ерекшелігін тақпақ арқылы жеткіземін.

5-бала: «Күз». А.Шаяхметов.

Еңбек қызып қырларда,

Бидай толды қырманға.

Алтын таулар секілді

Сап-сары боп тұрғанда.

Біреу астық түсіріп,

Біреу бидай ұшырып

Жатқан мезгіл күз екен,

Алдым соны түсініп.

6-бала: «Алтын астық». Қ.Мүсірепов.

Көктемде егін егетін,

Күзде жиып теретін.

Біздің дала – бай дала,

Алтын астық айнала.

Астық – дала сәулеті,

Астық – Отан дәулеті.

Біздің дала – бай дала,

Алтын асық айнала.

- Иә, балалар, күзде астық піседі, қырманға бидай толады. Әр уақытта нанымыз көп болсын!

Жомарт күздің жемістерін жұмбақ айтып сатып алыңдар, жомарт күздің жемістері бәрімізге жетеді.

1. Әрі қызыл

Әрі тәтті

Жеген жанды, таңырқатты. (Алма)

2. Жаздай інге тығылып

Жатқан қызыл түлкіні

Құйрығынан суырып

Әкелді әкем бір күні. (Сәбіз)

3. Сырты сары,

Іші қатты,

Жеген жанды таңырқатты. (Өрік)

- Табиғаттың әсемдігін біздің композиторлар да музыка арқылы жеткізе білген.

«Күз жомарт» әнімен оқу іс-әрекеті аяқталады.

Жомарт күздің жемістерін балаларға үлестіру.



Сандуғаш ОРАЗОВА,

Алматы қаласындағы

№139 бөбекжай-балабақшасының

тәрбиешісі.

ТӘРБИЕ НЕГІЗІ – ӨНЕГЕ

Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәрбиесі мен игі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңірту, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымы мен өмірге деген көзқарасын қалыптастыру.

Жас буынға тура жолды әдептілік жолын көрсету, оған қоғамдағы ең жақсы адам әдепті адам, ол қоғамның баға жетпес байлығы, мәртебесі екендігін ұғындыру. Әдепті баланың абыройы жоғары, тұрмысы сәнді, тіршілігі шуақты болады.

Балабақшада «әдепті» «әдептілік» түсініктер төңірегінде әңгіме ойындар ұйымдастырып, ертеңгіліктер өткізілгені дұрыс. Мәселен, суды ластау, талды кесу, бұлақтың көзін ашпау жолдағы тасты алып тастамау, көкті жұлу, аққуды ату, суға түкіру – барып тұрған әдепсіздік. Сондықтан әдеп сақтаудың

экологиялық астары бар. Әдепті адам табиғатты қорғай біледі. Табиғаттың әсемділігі мен сұлулығына, әдемілігіне әр адам кір келтірмеуге міндетті.

Әдеп сақтау – мінез-құлық пен қарым-қатынастың қалыптасқан, халықтың мінез құлық ережесі. Әдептілік – ізеттілік, кішіпейілділік, көпшілдік деген сөз.

Отбасында әдептілікті әлеуметтік қарым-қатынастың негізі ретінде әрбір адам қатаң қадағалайды, мұны бұзушылыққа жол бермейді, ұрпағынан қалыптасқан ережені заң деп түсінуді талап етеді.

Қазақ – күн болсын, түн болсын есігіне құлып салмаған халық. Тәуліктің қай мезгілінде келгеніне қарамастан, көлденең келген көк аттыны жылы жүзбен қабылдап, дастархан жайып, бар мәзірін алдына қойып күту – халқымыздың санасына мықтап орнаған имандылық, қайырымдылық, әдептіліктің көрінісі, шынайы адамгершіліктің белгісі.

Халқымыз қонақты ілтипатпен қарсы алу, оны күту, құрметпен шығарып салу дәстүрін ерекше қастерлеп, оны ұрпақтан-ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде үйретіп, мұны отбасы тәрбиесінің басты бір саласы деп түсінген. Халық «бір отбасында нешеу болсаң, бір-біріңе қонақсың», бір-бірінді сыйласаң, жан семіреді деп, қайырымдылық қасиетті ұрпақтарына өнеге етіп, қадір тұтып қастерлеп келгенін балаларға үнемі айтып отыру керек. Осы тұрғыда балаларға сұрақтар қою, оған берген жауаптары арқылы отбасындағы тәрбие негізін де білуге болады.

- Әдептілік деген не? Оны қалай түсінесің?
- Әдепті бала болғың келе ме?
- Әдепсіз бала қандай болады?
- Әдептілікті кімнен үйренесің?
- Қонаққа барғанда өзінді қалай ұстайсың?

- Телефонмен сөйлескенде ше?

- Асханада, балабақшада, көшеде өзінді қалай ұстайсың?

Осы сұрақтарды қорытындылай келе, «Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала» екендігіне түсінік беріп, «Әдептілік – әдемілік» екендігіне көздерін жеткізуге болады. Егемендіктің негізінде қазіргі бүлдіршіндеріміздің санасына «ата-салтымыз – біздің арымыз» екендігін сіңіру – басты міндетіміз.

М.Әуезов «Ел боламын десең, бесігінді түзе» деп бекер айтпаған. Қазақ бала тәрбиесіне ата салтымыз негізіне орайластыра қараған.

Халқымыз салт-дәстүрі негізінде баланы ана күрсағынан бастап тәрбиелеген.

Ұлы ғұлама Әбу Ғали ибы Синанахыу алдына бір әйел келген екен. Қолында дүниеге келген баласы бар. «Ұлымыз сіздей болсын, тәрбиесін өзіңіз алсаңыз дейді». «Ұлыңыз қашан дүниеге келген еді?»- деп сұрайды ғалым. «Ұлым кеше дүниеге келген» дейді әйел. Ғұлама ғалым «Әттеген-ай, бала тәрбиесінде бір күн кешігіпсіз» деген екен. Халқымыз мақал-мәтелдерінде бала тәрбиесіне үлкен мән берілген. «Баланы – жастан», «Қызды асырай алмаған күң етеді, ұлды асырай алмаған құл етеді», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген сияқты мақалдар мазмұны жас ұрпақты жақсылыққа баулу, өнер-білімге, сөйлесу мәдениетін үйретуге, ата салтын қадірлеп, қастерлеуге уағыздайды. Сол сияқты «Жақсы адам – ел ырысы», «Әдептілік – адамның белгісі, тұрпайы мінез – надандықтың белгісі» деп келетін мақалдардың тәрбиелік-этикалық мағынасы өте терең. Адамға ең бірінші керегі – тәрбие. Тәрбие адам тағдырын

ойластырады, болжайды, алдын-ала адамның рухани өмірінің көптеген негіздерін сақтайды, тәрбие алыс пен жақын адамдарға және өзін қоршаған ортаға қатынас орнатады. Тәрбие ұлылар өсиетін сақтата отырып, олардың адамгершілік құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Өйткені өскелең ұрпақ ұлағатты сөздермен, тыныс-тіршілікпен, дәстүрмен тәрбиеленеді.

В.Соловьев «Адамгершілік бұл адамның екінші адамға сыйлай салатын заты емес, ол өзінің тәжірибесі арқылы ғана жететін адамның ішкі жағдайы» деп адамгершіліктің құндылығына ерекше тоқталған.

Тәрбие – өмірдің өзі сияқты күрделі де көп қырлы. Еңбекке тәрбиелеу, патриоттық тәрбие, эстетикалық тәрбие, адамгершілік тәрбиесі, құқықтық тәрбие, экологиялық тәрбие, экономикалық тәрбие, дене тәрбиесі. Осы барлық тәрбиенің өзегі – адамгершілік тәрбиесі, ол осы аталған тәрбие түрлерімен бірлікте, демек, адамгершілікпен қоса барлық тәрбие түрлері бірлесе келе, адамгершілік сапаларын және адамзат құндылығын қалыптастырады. Сондықтан тәрбиеші – мұғалім, отбасы жасөспірімді саналы тәртіптілікке тәрбиелеуі керек. Әрбір шаңырақта ата-ананың жетегімен болашақ азамат, ертеңгі қайраткер, күрескер өсуде. Ата-ана абыройының негізі балаларының жеке бастарының мінез-құлқы, іс-әрекеті, жолдастарымен қатынасы, жүріс-тұрысымен өлшенеді, баланы адамгершілікке тәрбиелеуде отбасының рөлі зор екендігін айта отырып, болашағымыз салауатты болсын десек, ұрпақ тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарайық.

Бақытнұр НҮРБАЕВА,
№166 «Арман»
бөбекжай-балабақшасының
тәрбиешісі.
Алматы қаласы.

8 НАУРЫЗ – АНАЛАР МЕЙРАМЫ

Жүргізуші: - Қымбатты балалар, сүйікті аналар, құрметті қонақтар! Бүгін біз көктемнің алғашқы күні осы әсем залға аналар мерекесіне орай жиналып отырмыз. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Бала, бала, бала деп

Түнде шошып оянған,

Түн ұйқысын төрт бөліп,

Түнде бесік таянған.

Еркелесең күлімдейтін,

Ұрысқаны білінбейтін,

Маңдайыңнан искеп сенің

«Құлыншағым, күнім» дейтін! (Бұл кім?)

Балалар: - Ана!

(Балалардың орындауында: «Құттықтаймын ана!» әні).

Жүргізуші: - Алақай, балалар! Алыс ауылдан біздің ертеңгілікке әжеміз қонаққа келіпті. Қарсы алайық қонағымызды!

Әже: - Иә, балақайлар, аналарыңды құттықтап, өнерлеріңді сыйға тартып жатыр екенсіңдер. Өте жақсы! Аналар мерекесі құтты болсын! Өз ауылымнан «Үш ана» көрінісін алып келдім.

Үш ана (көрініс)

Жүргізуші (Мәди). Ойыннан келген Мәдина
Қуыршағын іздеді.

Астынан үстел тапты да,

Хал сұрауды көздеді.

Мәдина: - Қызым, қызым, қайдасың?

Томсырайып қарайсың,

Қарының ашып отырмай,

Тамақ ішсең жарайсың!

Егер тамақ ішпесең,

Қу сүйек боп қаласың.

Отыр, қане, қасыма,

Тамақтанып алғайсың. (Отырады)

Жүргізуші: - Мәдинаның осы сәт

Анасы үйге кіреді.

Тағат таппай қызының

Халін сұрап біледі.

Анасы: - Мәдина қыз, бүгін сен

Тамақ ішіп көрдің бе?

Қызықтап әлде ойынды

Кешке дейін жүрдің бе?

Күнде сағат ұмытпай

Тамағыңды іш деймін.

Тіл алмайсың қырсығып,

Осы сені не істеймін? (Отырады)

Жүргізуші: - Анасының артынан

Аптығып әже кіреді.

Ол-дағы өз қызының

Халін сұрап біледі.

Әжесі: - Айналайын алтыным,

Шаршадың ба, жарқыным?!

Ішпедің-ау тамақ та
Жайын ойлап жалпының.
Қарашығым, қарағым,
Түсіңкі ғой қабағың.

Бір тәулік тұрып жұмыста
Болмай қалды-ау тамағың! (Отырады)

Үш ана: - Қандай қиын, қараңдаршы,
Қырсық мінез бала болу.
Бәрінен де оңай емес,
Білесіздер, ана болу!

Жүргізуші: - Рахмет сізге әже, біздің балаларымыз
сізге арнап ән айтып берсін.

Балалардың орындауында: «Ақ әжем» әні.

Балаларымыздың әже туралы тақпақтарын қабыл
алыңыз.

Мейрамбек: - Таусылмайды өлеңі,
Күнде айтып береді.
Барған сайын бір жаққа
Кәмпит алып келеді.
Әжем мені өйткені
Өте жақсы көреді.

Дидар: - Әжем менің әлі де
Ұқсамайды кәріге.
Шәй қайнатып береді
Қажет болса бәріне.

Әже: - Рахмет, балаларым, сау болыңдар! Мен
басқа немерелеріме барып өнерлерін тамашалайын.

Жүргізуші: - Ұлдардың орындауында —
«Жылқышы» биі.

Ойын: «Анамды сәндеймін».

Ортада үстелдің үстінде тұрған әшекейлермен,
сәндегіш заттармен екі қыз өз аналарын сәндейді.

Жүргізуші: - Дала гүлге толыпты,
Аққу көлге қоныпты.
Аққу биін билеуге
Қыздарымыз келіпті.

Қыздардың орындауында «Аққу» биі.

Жүргізуші: - Балалар, енді «Ару көктемді»
шақырайық.

- Сәлеметсіз бе, Ару көктем!

Көктем өз өлеңін, тақпағын айтады.

Ару көктем «Дәлдік пен көрегендік» ойынын
ойнатады. Жіпке тізіліп тұрған моншақтарды көзі
байланған ұл бала қайшымен қиып қызға сыйлайды.

Жүргізуші: - Ару көктем, ұлдарымыздың Ана
туралы айтқан тақпақтарын қабыл алыңыз.

Еркін: - Мені жақсы көреді,
Күндей күліп келеді.
Көп ертегі біледі,
Маған айтып береді.

Мен гүлдерді жұлмаймын,

Торғайларды қумаймын.

Айтқан сөзін тыңдаймын,

Анашымды сыйлаймын

Бақыт: - Ақыл құйған санама,
Күннен артық, расында.
Күн – алыста, ал анам
Ылғи менің қасымда.

Бекзат: - Апам үшін күнде мен
Отынға ағаш жарамын.

Су құямын гүлге де,
Дүкенге де барамын.

Әлібек: - Тіс ауырса, іш ауырса,
Мамам дәрі береді.
Барлық бала, барлық ана
Оны жақсы көреді.

Дарын: - Айналайын ана,
Мерекеңмен!
Сыйлайыншы саған
Дала гүлін мен!

Ару көктем «Ана» әнін шырқайды.

Жүргізуші: - Аналардың мейрамы,
Жылы шуақ мерейлі.
Мың бұралған қыздарым
Қамажай биін билейді.

Қыздардың орындауында «Қамажай» биі.

Жүргізуші:

- Ана – мақтан, ана – жыр,

Ана – бақыт, жанашыр,- деп мақалымызда айтқан-
дай, Жания қызымыздың орындауында – «Ана» әні.

Жүргізуші: - Балаларымыздың орындауында «Қара
жорға» биін қабыл алыңыздар.

Балақайларымыздың орындауында – «Анашым» әні.

- Құрметті ата-аналар, сіздерге балалардың өз
қолдарымен жасаған сыйлықтарын қабыл алыңыздар!

Ана – жұмақ, мен – шуақ саябағы,

Ана – шырақ, мен – сұрақ санадағы.

Ана – теңіз, мен – қайық тербетілген,

Ана – бұлақ, мен – құрақ жағадағы.

Құрметті қонақтар, ата-аналар, сіздерге арналған
ертеңгілігімізді аяқтаймыз.

Айнакүл ЖАРҚЫМБЕКОВА,
Қызылорда облысының
Шиелі ауданындағы
№149 «Қызыл ту» орта
мектебінің мұғалімі.

АБАЙ ӘНДЕРІ

Сабақтың мақсаты: тәрбиелік – ұлтжандылыққа, бірлікке, Абай өлеңдері арқылы балаларды имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу; **білімділік** – Абай әндерінің тақырыбын аша білуге талаптандыру, Абай өлеңдерін, әндерін әр жолына терең мән беріп, түсініп оқуға тәрбиелеу; **дамытушылық** – оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамыту, өзіндік көзқарасын тұжырымдай білуге, шығармашылықпен жұмыс жасауға баулу.

Әдісі: сұрақ-жауап, сөздік, ізденіс, көрнекілік, СТО әдістері. **Түрі:** кіріктірілген сабақ. **Типі:** жаңа білімді игерту. **Көрнекілігі:** мультимедиалық құрылғы, электронды оқулық, Абай портреті, М.Әуезовтің «Абай жолы», Абай шығармалары, т.б. **Пәнаралық байланыс:** ән-күй, тарих, әдебиет.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Психологиялық дайындық кезеңі.

2. Үй тапсырмасына шолу жасау. Оқушылардың қызығушылығын ояту.

10 «а» сынып оқушысы Тынысбаева Айжанның орындауында күй орындалады.

- 1) Күйдің авторы кім?
- 2) Күй тарихын білеміз бе?
- 3) XIX ғ. қандай атақты күйшілерді білеміз және олардың шығармаларын ата.

Халқымыздың тарихында, мәдени тарихында әдебиет пен музыканың дамуына үлес қосқан ақын-композиторлар аз емес.

Мультимедиамен жұмыс.

АБАЙ-ҰЛЫ АҚЫН

*Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойлансаңшы бос қақпай елең-селең.*

Абай

- Кімнің өлеңі?

- Абай Құнанбайұлының «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінен үзінді.

Абай өзінің ұлағатты ой-пікірін және өз кезеңіндегі алдыңғы қатарлы озық ойды халыққа жеткізудің бірден-бір жолы - ән өнері екенін жақсы түсінді.

Абай Құнанбайұлының өмірі, оның қазақ халқы үшін сіңірген еңбегі бізге бұрыннан таныс. Қазақты бүкіл әлемге танытқан – Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы.

Топтастыру жұмысы. Абай халық есінде қандай еңбегі арқылы сақталады?



Бүгін біз Абайдың ұлылығына бас ие отырып, ақындық, сазгерлік, тәрбиелік қасиеттеріне тоқталамыз.

Абай шығармалары жалпы адамзатқа ортақ құндылықтарды дәріптегені мәлім.

*Ұрпағыңа қалдырған өсиетің –
Танытқандай қазақтың қасиетін.
«Поэзия мен өнердің патшасы» деп,
Ұрпағың тұр алдыңда бас иетін.*


Абай өлеңдері, шешендік сөздері мәңгі жасап келеді. Абай халқымыздың ауызша тараған көркем сөзін ұлттың жазба дүние дәрежесіне жеткізді, поэтикалық тіліне жаңа сапа енгізді.

Оқушылар Абай шығармаларынан үзінді оқи отырып, оның мән-мағынасына, қара сөздерінің философиялық астарына үңілді.

Абай өлеңдерінің тақырыптары қандай екен?



Абайдың композиторлық шығармашылығының қалыптасуы қайдан бастау алады?



Абай халқының ағарту ісін өркендету үшін шығыс мәдениеті мен батыс мәдениетін жан-жақты зерттеп, сол мәдениет негіздерін өз халқына үлгі-өнеге етіп көрсете білді.

Абай батыс мәдениетінен – ғылым негіздерін, көркем әдебиетті және шығыс мәдениетінен ақындық пен шешендік өнерін, мұсылмандық ғәқлияларды үйренуді уағыздады.

А) Абай әндерінің сипаты:

Әннің поэтикалық мазмұнының сазбен, саздың сөзбен сай болып, ажырамастай біртұтастыққа сомдалуы алғаш рет Абайда ғана кездесті.

ә) Абай және орыс музыкасы.

Семей мен Омбы қалаларында концерттерде, театрда орыстың романс жанрымен танысты.

/романс – дауысқа арналған сүйемелденетін шағын шығарма /

Электронды оқулықпен жұмыс.

«Қазақ музыкасының тарихы»

Оқушылар Абайдың әндерін орындайды: «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай».

Құлақтан кіріп бойды алар

Жақсы ән мен тәтті күй.

Жүрекке түрлі ой салар,

Әнді сүйсең – менше сүй!

Әр ақынның тілі, үні, жан сезімі, жүрек толғанысы, өзіндік ою өрнегі, поэзияға салған жолы сан қилы. Абай әндері ел ішіне ауызша тараған.

Көзі тірісінде нотаға түспеген. Ең алғаш 1919-1923 жылдар арасында нотаға түсті. Этнограф Бимбоэс «Сегіз аяқты», «Татьянаның хатын» нотаға түсірді.

1926 жылы Абай әндері Ленинградтан шыққан «Музыкалық этнография» жинағына енгізілді.

Аудармаларға ән шығарды.

«Евгений Онегинді» аударып шығарған әндері:

«Татьянаның хаты», «Татьянаның әні»,

«Амал жоқ қайттым білдірмей».

«Көзімнің қарасы», «Қараңғы түнде тау қалғып»,

«Ата-анаға көз қуаныш», «Сұрғылт тұман» және т.б.

Л.Хамиди мен А.Жұбанов. «Абай» операсы.

Ұлы ақын өлеңдерінен М.Төлебаев «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», С.Мұхамеджанов. «Жарқетпес қара көңілім не қылса да» вокальдық шығармаларын жазды.

Бекіту.

- Абай әндерінің халық музыка өнерін дамытуға қосқан рөлі өте зор. Абай өз шығармаларында орыс әнінің көркемдік құрылымын пайдаланып, өзіндік, Абайлық музыка тілін жасаған, мұның өзі музыкалық бейнелеу әдістерінің ұлттық нақыштағы байлығын арттырады.

Оқушылардың орындауында – «Желсіз түнде жарық ай».

Эссе жазу: «Ән – көңілдің ажары».

Қорытынды.

Абайдың көпке танымал 45 әнінің нұсқасы жиналған.

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...

/А Құнанбайұлының нақыл сөздерінен./

Бүгінгі тақырыбымызды аша түсу үшін Абайдың 3 нақыл сөзін есте сақтай жүрсек:

1. Естілердің айтқан сөзін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады;

2. Тегінде адам адам баласынан ақыл, ғылым, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылық.

3. Ақыл, сезім болмаса,
Тіршіліктің несі – сән?

Оқушыларды бағалау.

Үйге тапсырма: Абай әндері және қазіргі қазақ әндері.

Жандос ШАРҒЫН,
«Көксай орта мектебі
мектепке дейінгі шағын орталығымен»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.

Алматы облысы,
Райымбек ауданы,
Көкбел ауылы.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ӘЛІПБИИНДЕГІ ҰҚСАСТЫҚ

Сабақтың мақсаты: ағылшын тілін жеңіл әрі қысқа уақытта меңгерту үшін оқушыларға ағылшын және қазақ әліпбилерінің орфографиялық және дыбыстық жағынан ұқсастығын меңгерту, тілді меңгеруге деген құлшыныстарын арттыру, лексикалық байлығын дамыту, оқушыларды отансүйгіштікке, елжандылыққа, бауырмалдыққа, достыққа тәрбиелеу.

Пәнаралық байланыс: қазақ және ағылшын тілдері, математика. **Көрнекіліктер:** ағылшын және қазақ әліпбиі.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру. Оқушылармен сәлемдесу. Сынып кезекшісінің мәліметі. Сыныпты сабаққа әзірлеу.

Жаңа сабақты меңгерту.

- Бүгін біз сабағымызда ағылшын әліпбиіндегі қазақ әріптеріне ұқсас әріптерімен танысатын боламыз. Кейбір ағылшын әріптері дыбысталуы жағынан ұқсас болса, ал кейбір әріптер жазылу тұрғысынан ұқсас болып келеді. Сондықтан зейін қойып түсініп алуға тырысайық.

- My dear children! Now I am explaining how saying English letters. Listen and repeat, please!

A a , B b , C c , E e H h , I i , K k , M m , O o , P p , T t , U u , X x , Y y .

- Балалар! Осы әріптердің ішінде жазылуы жағынан қазақ әріптеріне ұқсас әріптер бар ма?

- Әрине бар. Aa, Bb, Cc, Ee, Hh, Ii, Kk, Mm, Oo, Pp, Tt, Uu, Xx, Yy.

- Бұл қазақ тіліндегі әріптер ағылшын әріптеріне жазылуы жағынан ұқсас. Ал, айтылуы жағынан қандай әріптер ұқсас болып келеді?

- Cc.

Жаңа білімді бекіту.

- Өте жақсы балалар! Ал енді үйренген әріптерімізден сөздер құрастырып көрейік!

Apple, Hello, Hi, OK, Key, Man, You, I am OK! Taxi, Telephone, Text.

Оқушылардың білімін жан-жақты тексеру.

Сөздік диктант алу.

Үйге тапсырма: қазақ әріптеріне ұқсас әріптердің айтылуы мен жазылуын жаттау және жаңа сөздерді қайталау.

Ал, келесі ұқсастығымыз – өнер сүйгіштігіміз. Оған атап айтуға болатын өнер – күрес өнері. Қазақтың атақты балуаны Қажымұқан – бүкіл Еуропа құрлығында мәшһүр болған атақты грек-рим күресінің шебері. Сол уақытта ағылшындар да спорттың осы түріне ерекше назар аударған. Содан бері бұл спорт түрі – бүкіләлемдік Олимпиада ойындарының ішіндегі ерекше түрі.

Осы сияқты мәліметтерді келтіріп, оқушының сабаққа қызығушылығын арттыруға болады. Мұндай үндестіктер сабақтың ғылыми негізіне арқау бола алады.

ҰЛЫЛАР ҮНДЕСТІГІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – ұлы Абай Құнанбайұлы мен академик Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы жайында сыныптан тыс қосымша материалдар (энциклопедия, монографиялық зерттеу еңбектер, баспасөз материалдары) арқылы тағы бір қырынан тану; Абай мен Мұхтар Әуезовтің суреткерлік шеберлігінің үндесуін таныту; **дамытушылық** – дербес шығармалық жұмыстар, өзіндік ізденіс, ойтолғам, зерттеу, оқу, танып білу, сыныптастарына таныстыру, жазған жұмыстарда ең тұжырымды дүниелерді айта білу, сөз саптау, тіл мәдениеті, ой еркіндігі, оқушы шеберлігін шыңдауға баулу; **тәрбиелік** – Ұлы адамдар өмірін үлгі ету, ақыл-парасатын көңілге тоқу, мұрасын мақтан тұту, үйрену, өміріне сабақ қылу, «Абай аңсаған азамат болуға» ұмтылу, адамгершілік, эстетикалық, отансүйгіштік, тұлғаларды құрмет тұтуға тәрбиелеу;

Мұғалім міндеті:

- Семинар-конференция сабақты ұйымдастыру, жүйелі жүруіне ықпал жасау, бағыт-бағдар беру;
- Оқушымен бірге ізденіс және ынтымақтастық бағытта қарым-қатынас жасау;
- Жазушы және ақын жайында оқушылардың ой-пікірлерінің айтылуына ықпал жасау;
- Түсіндіру жолымен қатар, інжу-маржанды оқушының өзіне тапсыру;

- Оқушы біліміне, танымына қарай шығармашылық жұмыстарды саралап беру;
- Әр оқушының айтқан ой-пікірлерін тұжырымдап отыру;

Оқушы міндеті:

- Конференция сабақтың мақсат-міндетіне қарай өз міндетін айқын білу;
- Үш топтың әр мүшесі сабаққа үлкен дайындық, шығармашылық ізденіс, ой-пікірмен, өзіндік дербес шығармашылық жұмыстарымен (қосымша материалдары, кітаптар, энциклопедиялар, баспасөз материалдары) өзі пайдаланған материалдарды алып келіп ой қозғау.
- Әр оқушы ойын жүйелі, нақты, тартымды етіп, әдеби тілмен жеткізе білу;
- Өз пікірін ашық айтуға ерікті;
- Әр оқушы өзінің біліміне, тіл шеберлігіне қарай баяндап, түсіндіреді;
- Өзі шығарған өлең немесе құрастырған тест, хронологиялық таблица, сөзжасам, жинақ-кітапша, т.б. жұмыстары жайында айтуға, көрсетуге құқылы.

Семинар-конференция сабақтың болжамы:

- Үш топ оқушылары арасында білім бәсекесін туғызып, достықты нығайтады;
- Сабақ мазмұны барысында оқушылар Мұхтар Әуезов және Абай Құнанбайұлы жайында оқулықтан тыс тың дүниелермен танысады;
- Қазақ әдебиеті сабағына, факультативтік сабаққа деген қызығушылық оянады, ұлы адамдар өмірін тануға деген қызығушылық туады;

- Әр оқушының ойтолғамы арқылы білім-білігі, шешендігі, сөз байлығы сараланады, ойын еркін айта біледі, таным көкжиегі кеңейеді;
- Мұхтар Әуезов пен Абай Құнанбайұлы өмірі мен шығармашылығының ең нәрлі, ең тұщымды дүниелерін есіне сақтап түсінеді, мұраларын мақтан етуге үлес қосады.

Күтілетін нәтиже:

- Үш топ оқушыларының қазақтың өткен ғасырлардағы біртуар перзенттері жайында түсініктері молаяды, сүйіспеншілік махаббаты оянады;
- Жасаған, ізденген жұмыстарын әрі қарай жүйелі жүргізуге дағдыланады;
- Екі ғұлама жайында түсініктері кеңейіп, Абайтану, Мұхтартану мәселесіне ден қойып, тереңіне бас иеді;
- Конференцияға дайындаған әр оқушының ғылыми жұмысы «Абайтану» бұрышынан орын алып, өзіндік үлес қосады.

Пәнаралық байланыс: Қазақстан тарихы, қазақ тілі, жағрафия, бейнелеу, ән-әуен өнерлері, орыс әдебиеті, өмірмен байланыс.

Сабақ көрнекілігі мен жабдықтары:

- Ақын, жазушының шығармалар жинақтары бойынша кітап көрмесі;
- М.Әуезов өмірі мен шығармашылығы туралы 20 томдық шығармалар жинағы;
- Ақын-жазушылардың шығармашылық жинақтары, зерттеу-сын, монографиялық еңбектері;
- Энциклопедиялар, газет-журналдар материалдары, суреттер, плакаттар, сурет-альбомдар, бүктемелер;

- Оқушылардың шығармашылық жұмыстарының жинағы;
- «Абай жолы» роман-эпопеясының 1,2,3,4 томы;
- «Абай» энциклопедиясы, «Абай елі» суретті альбомы;
- «Абай» журналдары, «Шыңғыстау. Тобықты шежіресі» энциклопедиясы;
- Абай, Мұхтар эпопеясы туралы зиялылар айтқандары;
- Теледидар, үнтаспа, электронды оқулық, «Әдебиет» (10-11 сынып), Абай, Мұхтар туралы, слайд шоу.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Поэзия минуты.

III. Семинар сабақтың мақсат-міндеті, мұғалім, оқушы міндеттерімен таныстыру.

IV. Мұғалімнің кіріспе сөзі. Ойқозғау.

V. Оқушылардың ғылыми дербес шығармашылық жұмыстарын қозғау кезеңі.

VI. Конференцияны қорытындылау.

Поэзия минуты.

(Абайдың күйі «Желдірме» баяу ойнап тұрады).

*Өткен ғасыр... Үн келеді алыстан,
Қоңыраулатып құлын-тайы жарысқан.
Үн қатады даналықтың тілімен
Бабам менің мыңмен жалғыз алысқан.*

*Сол ғасырмен тілдесемін, сөйлеймін,
Саф ауаға, мөлдір суға шөлдеймін.
Еркін ойдың қанаттары қағылған,
Абай туған алтын ғасыр сен деймін.*

Жүрегін шырақ қылып жандырған кім?
Жырымен жан сусынын қандырған кім?
Өз-өзіне орнатып ескерткішті
Мұра зып кейінгіге қалдырған кім?

Соқтықпалы соқпақсыз жерде өскен кім?
Үнінен әділдіктің лебі ескен кім?

Арманын аттандырып келешекке,
Бізбенен, осы күнге тілдескен кім?

Абай бүгінгі ұрпақ, мына біздерге:

«Жүрегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!»

деп аманат етсе, ақын Марфуға Айтхожина:

«Кінә қойма, мыңмен жалғыз алысқан
Құдіретті үн естіледі алыстан,

Сол құдірет-

Адамзаттың Абайы –

Кемеңгер де данышпан!

Кінә қойма, мыңмен жалғыз алысқан!

Естілді сол үн

Жерден,

Ғарыштан,

Өтсе-дағы арадан жүз алпыс жыл,

Сол құдіретті үн ұрпағымен қауышқан!

Тербеп жатқан атын қазақ даласы,

Кемеңгердің келбетіне қарашы.

Азаматты жүгіндірген алдына

Құдіретті Құнанбайдың баласы!» - деп жырлады.

«Кейінгі ұрпақ жырын жаттап қанықты,

Кім білмейді Абай сынды алыпты?!

*Нұрын шашып, бағын ашып қазақтың,
Абай атын кім әлемге танытты?*

*Дүниеде өнер атты от боп жандың,
Мәңгілік қызуы бар шоқ боп қалдың.
Талдап, зерттеп танытқан өткір таңын,
Мұхтардың кім білмейді төрт кітабын.
Төрт кітабы бұл-дағы ұлы Абайдың
Абай-Абай Мұхтармен, біл, ағайын!*

*Айналайын қазағымдай халықтан,
Бойларына жыр-күйлерін дарытқан.
Дана Мұхтар, Ұлы тұлға – Абайды,*

Шіркін, қалай бар әлемге танытқан?! - деп айтар
болсақ, Абай десе – Әуезов, Әуезов десе – ұлы Абай
есімі айтылары анық. Иә, балалар, өздерің де біліп
отырған боларсындар, біздің бүгінгі айтар ойымыз да,
пікірлеріміз бен әніміз де ұлы ғасырдың ұлы тұлғалары
Абай Құнанбайұлы мұрасы мен сол алыпты әлемге
танытқан Мұхтар Омарханұлына арналмақ.

Д.А.Қонаев: «Біз үшін Абай қалай болса, Мұхтар
да – сондай даналық мектебі. Ол мектептен дәріс
алу – әр қазақтың абыройлы борышы», – деген екен.

Ендеше, сабақ эпиграфы:

*«Қазақ әдебиетінің ХІХ ғасырдағы асқар белі - Абай,
ХХ ғасырдағы заңғар биігі - Әуезов».*

Мұғалімнің кіріспе сөзі:

- Қазақ әдебиетінің асқар шыңы - Абайды кім деп таныдың?;
- Алыпты әлемге әйгілеу арқылы қазақ ұлтын, Қазақстанды әлемге танытқан кім, ол жайында не білесің?;

- Абай өскен орта, өмір сүрген заманы, отбасы, ұрпақтары жайында не білесің?;
- «Абай - қазақ поэзиясының пайғамбары» деген теңеуге көзқарасың қандай?;
- Абай арналары туралы, оның орыс әдебиетімен байланысы туралы ше?;
- Өмірінің соңғы кезінде жазылған шығармалары жайында не айтар едің?;
- Абайдың әнін, күйін, әншілік өнерін, сазгерлігі туралы білесің бе?;
- «Абайтану» ілімін қалай түсінесің, бүгінгі Абайтану мәселесіне көзқарасың қандай?;
- Ғасырлық туындының авторы туралы не білесің?;
- Өзіңе ұнаған эпизодтарын еске түсірші, несімен ұнады?;
- «Абай жолы», 4 том, эпилог. Ақынның соңғы сөзі, арманы қандай болды екен?;
- Абай, Мұхтар, роман-эпопея туралы әлем зиялыларының даналық сөздеріне көзқарасың қандай?;
- Тақырыбы, жазушы шеберлігі, суреткерлігі, кейіпкерлері, көркемдік, композициялық ерекшелігі туралы ой бөлісу;

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов өзінің ұлы туындысы – «Абай жолының» басына түскен талай теперішті көре жатып, өз романы арқылы талай өнерпаздың тұлғасын сомдап тарих сахнасына шығару – ғажап ерлік.

«Абай – қазақ халқының бүкіл болмыс, тіршілігінің, танымдық тарихының, жан-дүниесінің, рухани өмірінің энциклопедиясы», - деп Т.Жұртбаев орынды тұжырымдағандай, ақынның өмірі мен шығармашылығын, даналық ой-иірімдері, ғұлама-

лардың ауызынан шыққан, бүгінгі ұрпаққа өшпей мұра болып жеткен ұлы сөздері туралы ойымызды ортаға салайық.

Абай ұлылығын, Абай сөздерін түсіндіріп талдайтын, бағдарлап бағамдайтын талай-талай, кесек-кесек дүниелер жазылды, әлі де жазыла бермек. Өйткені Абай әлемі – табиғаттың өзіндей тылсым. Ұлылықтың ұлылығын анықтап беретін әлі алгебралық формула тауған жоқ. Тумақ та емес. Солай бола тұра, ұлылық тудырған дүниеге өз қатынасыңды, ол туралы өз таным-білігіңді айту, ортаға салу – азаматтық борышың.

1-топ оқушыларының қорғаған ғылыми жұмыстарының тақырыптары:

*Ақыл-ой, ақындықтың киесі - Абай,
Түгел сөздің түбі бір, жүйесі - Абай,
«Өлең - сөздің патшасы» десе Абай,
Патшаға енді ұсынбас төрді Абай.
Патшаға мүлде тағымен төңкерілген
Өлеңнің құдіретті иесі - Абай...*

«Абай өмірі мен шығармашылығы жайында...»

1-оқушы: - Мұхтар Омарханұлы Әуезов: «Құнанбайдың кім екенін білмесек, Абайдың кім екенін, кім болғанын білмес едік, кім болғанын білу де қиын соғар еді. Бірі әке, бірі бала болғанда, бұлар, әсіресе, бір тарихи дәуірде, бірыңғай қоғамдық таптық жағдайда тіршілік еткен адамдар. Екеуінің мықты әдісі, жолдары басқа болса да, түпкілігі бір» деген екен.

«Абай өскен орта, оның отбасы, ұрпақтары жайында...»

2-оқушы:

*- Абай - дана, гұламасы гасырдың,
Жырларында жабырқау жоқ, жасын мұң.*

Өлең болып бізге жетті өнегеге

Сәулесі боп, өнер деген асылдың...

Жырларыңыз – тұнып тұрған ұлылық,

Жабырқасам жанға жияр жылылық.

Абай деген – жұмбақ әлем, биік шың!

Болғамыз жоқ әлі өзіңді ұғынып...

«Абай - қазақ поэзиясының асқар биігі»

3-оқушы:

- *Орыстың жақсыларын білмес қазақ*

Болып жүр сондықтан да көпке мазақ.

Өнерлі, білімді елден тәлім алмақ

Қуларға еріп, момындар тартар азап.

Білсе егер Салтыков пен Толстойын,

Сезсе олардың айтылған терең ойын.

Гоголь мен Пушкиндерден гибрат алса,

Қазақтың бөлер еді-ау нұрға бойын...

«Абай және орыс әдебиеті», «Абайдың қара сөздері»

4-оқушы:- «Адамзаттың ақылманы» атты мақалаға талдау жасады.

Талай жылдар өтсе жылжып әріге,

Тыңдай берер, толқып жас пен кәрі де.

Жан күйігін, көңіл шерін басайын,

Салшы, жаным, Абайдың бір әніне.

Сүйіп едім, сүйемін деп жар салам,

Раушан жүзі көзден кетпей тамсанам.

«Желсіз түнде – жарық айды» басташы,

Дертті жүрек дәру тапсын шаршаған.

Ән: *«Желсіз түнде – жарық ай».*

5-оқушы: «Абай – сазгер, күйші, әнші»

Үнтаспасынан Абайдың « Торжорға « күйін тындау.

жұмыстарының тақырыптары:

*«Абай жолы» – асыл-маржан жақұтты,
Оқып-көріп, алыс-жақын, жат ұқты.*

*Бағы, соры тең алмасқан қазағым
Абайымен, Мұхтарымен бақытты.*

*Сол бақыты болып бүгін баянды,
Зәулім шынар жапырағын жаяды.*

*Ақ қанатты Әуезовтің сөзінен
Көп талаптың көкірегі оянды.*

*Өзі – әуен, көзі – жұлдыз, нұры – жібек,
Даланың біздер – терең сыры, жыры ек.*

Әлемдік биіктікке алып шықты

Мұхтардай мұхит ақыл, ұлы жібек.

*Аралап ой әлемін, жыр зарышын,
Менің де сұлу сезім тұнған ішім.*

*Халықтық тектілікке тізе бүгем,
Абай менен Мұхтарды туганы үшін!*

«М.Әуезов өмірі мен шығармашылығы жайында...»

6-оқушы: - Электрондық оқулықтан М.Әуезовтің өмірі, «Абай жолы» роман-эпопеясы туралы, эпопеяның бірінші тарауынан үзінді тыңдау; Өтті ғой бәрі, кетті ғой, бәрі де кетті, Әуезов даңқы іріден кәріге жетті. Ғибраты тасып, ғұмыр боп ұрпаққа сінді, Ғұмырнамасы күбір боп кәріге жетті.

*Өтті сан жыл, жүректі өлең - алау
Жандырады, білмеймін, неге гана-ау?*

*«Абай жолын» Әуезов жазбағанда,
Бір гасыры қазақтың өлер еді - ау!*

«Абай жолы» - Әуезовтің бас кітабы.

7-оқушы: - «Романның бірінші кітабында балғын жас шәкірт Абаймен жарысып ауылға қайтсақ, ақырғы кітабында алпысты алқымдатып кайтыс болған ел ағасы - ақын Абайдың жаназасына қатысамыз. Сонда елу жылдай өмірдің айғағы боламыз. Жарты ғасыр өмір!» (Мұхамеджан Қаратаев).

3-топ оқушыларының қорғаған тақырыптары:

М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясына шолу.

Романдағы Абай, Құнанбай, әйелдер бейнелері, «Абай жолы» эпопеясынын тіл көркемдігі және де «Абай жолы» эпопеясының ұлттық тәлім-тәрбиесі. **Әр топ Абай, Мұхтар жайында әлем зиялылары айтқан, «Абай жолы» роман-эпопеясы жайында ақын-жазушылар айтқан даналық сөздерге талдау жасады.**

Сабақты бекіту: СТО стратегиялары «Топтау», «Білемін, Білдім, Білгім келеді».

Қорытынды сөз:

«... Абайдың мұрасы – қазақтың ең қасиетті қазынасы. Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қалың елін, қазағын жаңа биіктерге, асқар асуларға шақыра береді...

Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды, қазақ халқын әлемге танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс...» деп Елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқандай, Абай бабамыздың әрбір сөзі – «самородный» сары алтын.

Қ.Сәтбаевтың сөзімен айтсақ, М. Әуезовтің «Абай жолы» романы – бүкіл совет әдебиетінің аса үздік жетістіктерінің бірі.

«Сабақ ұнады ма, ұнаса – несімен ұнады?» (Әдіс).

Оқушы білімін бағалау.

ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

Сабақтың мақсаты: білімділік – жазбаша көбейту және бөлу тәсілдерін қорытындылау, бекіту; **дамытушылық** – қызығушылықтарын арттыра отырып, танымдық қабілеттерін, логикалық ойлауын, математикалық сөйлеу тілдерін дамыту; **тәрбиелік** – өзін-өзі басқаруға, белсенділікке тәрбиелеу, жауапкершілікті сезіне білуге үйрету.

Типі: оқу материалдарын қайталау. **Түрі:** білім мен іс-әрекет тәсілдерін жүйелеу және қорытындылау.

Әдісі: білім дағдыларын қайта жаңғырту арқылы білімді белсенді меңгерту, өздігінен іздену. **Көрнекілігі:** слайдтар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылардың сабаққа дайындықтарын тексеру.

II. Психологиялық дайындық.

– Қане, біздер ойлайық,

Ойымызды жинайық.

Қандай есеп болса да,

Шешпей оны қоймайық.

Олай болса, балалар, бүгінгі сабағымызды бастайық.
Әр ісімізге сәттілік тілейміз.

III. Үй тапсырмасын тексеру. 93-бет, 6-тапсырма.
Өрнектердің мәні тексеріледі.

IV. Қызығушылықты ояту. Ережелерді еске түсіру.
(5-слайд).

V. Негізгі бөлім:

1. Кесте бойынша есептер құрастыр және шығар.

$$V=5\text{км/сағ}$$

$$t= 2\text{сағ}$$

$$S=?$$

$$\text{Ш: } S=5\text{км/сағ} \cdot 2\text{сағ}=10 \text{ км Ж: } S=10\text{км}$$

Тауардың массасы	Тауардың құны
750 г	540
500 г	360
250 г	180

4. Есепте (9-слайд)

$$540 \cdot 300 = 162000$$

$$56700 : 90 = 630$$

$$640 \cdot 800 = 512000$$

$$2310000 : 60 = 38500$$

$$350 \cdot 9000 = 3150000$$

$$44100 : 700 = 63$$

$$3200 \cdot 40 = 128000$$

$$431000 : 500 = 862$$

$$250000 : 400 = 625$$

5. Өрнек түрінде жаз (12-слайд)

$$\text{А) } 1 \cdot 24 \cdot 9 = 216$$

$$\text{Ә) } 24 \cdot 3 \cdot 9 = 648$$

$$\text{Б) } 1 \cdot 7 \cdot 9 = 63$$

Сергіу сәті. “Кім тапқыр” ойыны.

1. 1м неше см бар?

2. 1 сағатта неше минут бар?

3. 20 кг мақта ауыр ма, 20 кг темір ауыр ма?

4. Қандай геометриялық фигуралардың қабырғалары

тең?

6.

Қызылша-950 кг



? артық

Картоп-?



2т

Ш: 2000кг-950кг=1050кг (картоп)

1050кг - 950кг =100кг (картоп артық)

Ж: 1050кг картоп, 100кг картоп артық.

8. Есепте

$$X+101=12*48$$

$$X+101=576$$

$$X=576-101$$

$$X=475$$

$$475+101=12*48$$

$$576=576$$

$$a-85=327-198$$

$$a-85=129$$

$$a=129+85$$

$$a=214$$

$$214-85=327-198$$

$$129=129$$

9. Есептеу тәсілін қарастыр.

Ереже құрастырылады: санды 11-ге көбейту үшін оны 10-ға көбейтіп, осы санды қосу. Санды 101-ге көбейту үшін оны 100-ге көбейтіп осы санды қосу. Санды 1001-ге көбейту үшін 1000-ға көбейтіп осы санды қосу керек.

$$32*11=32*(10+1)=32*10+32*1=320+32=352$$

$$32*101=32*(10+1)=32*100+32*1=3200+32=3232$$

$$32*1001=32*(1000+1)=32*1000+32*1=32000+32=32032$$

VI. Қорытынды бөлім.

«Басбармақ» ойыны.

Басбармақ қалай аталатынын еске түсірейік. Басбармақты алдарыңызға таратылған парақтарға сызып, бүгін нені еске түсіргенімізді жазайық.

Үйге тапсырма беру. 95-бет, 7 тапсырма.

Бағалау.

Несібелі ӘДІЛОВА,
№48 Ә.Қоңыратбаев атындағы орта
мектеп директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары.
Қызылорда облысы,
Шиелі ауданы.

«ҮЛГІЛІ ОТБАСЫ» САЙЫСЫ

Мақсаты: ата-аналар мен балаларды сайысқа қатыстыра отырып, олардың халық ауыз әдебиеті, салт-дәстүрден білімдерін байқау; ән-би, қолөнер тәрізді халықтық өнерден танымын анықтау.

Сайыстың барысы.

Жүргізуші:

- Атамыз қазақ «Бала – адамның бауыр еті», «Балалы үй – базар» дейді. Бала – өмірдің жалғасы, отбасының жеміс берер гүлі. Отбасы – бұл қоғамның негізі. Болашақ баланың жақсы азамат болып өсуі, жан-жақты тәрбиелі болуы отбасында берілетін ұлттық тәрбиеге тікелей байланысты.

Құрметті ата-аналар, балалар! Бүгін біз «Үлгілі отбасы» сайысын өткізгелі отырмыз. Бұл сайысқа 4 отбасы қатысады. Сайысымызды

бастамас бұрын сіздерді қазылар алқасымен таныстырып өтейін. *(Аты-жәндері аталады)*.

Ал, енді сайысымыздың жоспарына тоқталайық:
«Үлгілі отбасы» сайысы: 6 бөлімнен тұрады.

1. Сұрақтарға жауап беру

(ұлттық тәрбиені меңгеруді байқау).

2. «Күштілер, ептілер, батылдар» сайысы.

3. Өнерпаздар сайысы

(ән айту, күй тарту, би билеу...).

4. Қолөнер сайысы:

а) әкесі қамшы өреді, баласы көмекші болады;

ә) Анасы ою ояды, қызы көмекші болады.

5. Ас дайындау.

6. Спорттық сайыс *(эстафеталық ойын)*.

Сайысымыздың шартымен таныстық, енді сайысымызды бастайық.

Әр топтың басшысы қалаған сұрағын алсын. Сұраққа бірігіп жауап беруге де болады.

1-тапсырма.

1. Қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесіз? Тәрбиелік мәніне тоқталыңыз.

2. Құрт қалай жасалады?

3. Жатқа бір жыр айтып беріңіз

(бесік жыры, тұсау кесу, төрт түлік ...).

4. Мақал-мәтел айтыңыз (5).

2-тапсырма.

1. Қазақ халық ертегілерін атаңыз (3).

Біреуінің тәрбиелік мәнін ашыңыз.

2. Жаңылтпаштар айтыңыз.
3. Қазыны қалай айналдырады?
4. Жұмбақ шешу.

3-тапсырма.

1. Киіз үй жиһаздарын атаңыз.
2. Шешендік сөздің тәрбиелік мәнін мысалмен дәлелдеңіз.

3. Зергерлік бұйымдарды атаңыз.
4. Қандай сандарды киелі дейміз, неге?

4-тапсырма.

1. Төрт түлік малдың пірлерін атаңыз.
2. Бірнеше жұмбақ айтып беріңіз.
3. Халықтық педагогика дегенді қалай түсінесіз?
4. Жеті қазынаны атаңыз.

Сайыс соңында қазылар алқасына сөз беріледі.

Жүргізуші:

*- Отбасыға өнерпаздық жарасады,
Жеңу үшін бәрі де таласады.
Бәрі де өнерлі отбасы зой,
Риза болып мына жұрт қарасады.*

Бас жүлдені жеңіп алған отбасына «Үлгілі отбасы» белгісі тағылады. Ұпай бойынша бірінші, екінші, үшінші орын анықталып, барлық қатысқан отбасына бірдей сыйлықтар беріледі.

Байжан АҚҚАНЫМ,
№19 жалпы орта білім
беретін мектептің
ағылшын тілі
пәнінің мұғалімі.
Атырау облысы,
Жылыой ауданы.

ОЛ АЛМАНЫ ҰНАТАДЫ

Aim of lesson: educational: осы шақта негізгі етістіктер мен көмекші етістіктердің қолданылуын түсіндіру; **developing:** оқушыларды сөздік қорын молайту негізінде оқу, жазу, сөйлей алуға баулу; **up-bringing:** салауаттылыққа тәрбиелей отырып, денсаулықтың маңыздылығын ұғындыру. **Visual aids:** интерактивті тақта, аудио диск, жемістер мен көкөністер муляжы.

Type of lesson: кіріктірілген сабақ. **Method of Lesson:** СТО, салыстыра талдау. **Connection with subjects:** қазақ тілі.

Move of the lesson:

1. Warming up- Ой ашап

a) Greeting poem “Good morning”.

«Қайырлы таң» өлеңі арқылы балалардың зейінін шоғырландыру

b) Warming-up: Dialogue between teacher and pupils.

Оқушы көңіл-күйін байқау мақсатында мұғалім мен оқушы арасында диалог.

2. Checking-up the home task - Үй тапсырмасын тексеру.

Қазақ тіліндегі дыбыстық өзгерістермен салыстыра отырып талдау.

Phonetic exercise: to divide verbs into 3 groups.

Helped, watched, lived, stayed, counted, wanted, skated, liked, looked, cleaned, played [t] [d] [id]

Ағылшын тілінде	Қазақ тілінде
Егер сөздің соңы дауыссыз «k»-ға аяқталса, сөзге -ed жалғауы жалғанғанда сөз оқылғанда «t» дыбысын береді. [t]- looked; liked	Егер сөз соңы қатаң дауыссызға бітсе, қосымша жалғанғанда қатаң дауыссыз ұянданады. Теп-тебу

3. Ойшақыру.

Өткен шақта етістіктің -ed; -ied; жалғаулары арқылы жасалуын қайталау.

Start-start+ed; play-play+ed; study-stud+ied

Song “The happy Pota”

4. Theme: He likes apple-Ол алманы ұнатады

Explaining: Ағылшын тілінде жай осы шақта жіктік есімдіктің I;II-жағындағы есімдіктерден кейінгі негізгі етістік өзгеріске ұшырамайды.

III-жақтағы: He, She, It есімдіктерінен кейін келген негігі етістікке+ s жалғанып өзгеріске ұшырайды. Мысалы: he/she likes apple. Сонымен қатар Do; Does көмекші етістіктері сұраулы, болымсыз сөйлемдерде I;II-жағындағы I,You,We,They есімдіктеріне- Do; III-жақтағы: He, She, It есімдіктеріне Does қолданылады.

Personal Pronoun

I I

II You, We, They

III He, She, It

} like apple
} likes apple

Questions:

- Do you like apple ?

Short answer:

- Yes, I do/ No, I don't

- Does he like apple ?

- Yes, he does/ No he doesn't

- What do you like ?

- I like tea

- What don't you like ?

- I don't like coffee

Қазақ тілінде жіктелуі:

I – Мен алманы ұнатамын.

II – Сен алманы ұнатасың.

III – Ол алманы ұнатады.

Қазақ тілінде етістік жіктелгенде жалғаулары өзгереді: -мын, -сың, -ды.

5. Қызығушылықты ояту.

a) Listening key words from cassette.

Let's repeat new words and you can see pictures of fruits and vegetables

- Bananas, bread, cabbage, cakes, cheese, fish, lemons, onions, orange juice, garnet, rice, sugar, sweets, tea, tomatoes, corns, peach, eggplant

* apples, carrots, chocolate, coffee, cola milk, oranges, potatoes.

Answer the questions: Do you like tomatoes ? Yes, I do/ No, I don't

b) Exercises work : ex -1:irregular verbs:

know – knew [nju:] – білді.

think – thought [θo:t] – ойлады.

swim – swam [swæm] – жүзді.

run – ran [ræn] – жүгірді.

Exercise 2: refer the sentences to the past

1. My father and I **swim** in the swimming pool in the morning

2. The pupils **run** at the school sports ground

3. The Browns **know** Kate's aunt and uncle.

4. The teacher **thinks** so.

Sport training

Stand up

Hands up

Hands down

Sit down

Clap, clap, clap

Clap your hands²

Together

Snit, snit, snit

Snit your feet²

Together

6. Мағынаны ажырату:

c) Vocabulary work: To write names of fruits and vegetables and to say in three languages

What is it? It's (tomatoes-помидор-қызанақ)

d) Dialogue: At the shop

e) reading (тізбекті оқыту)

ex-5 [u:] two, who, juice, soup,-do you eat soup every day?- Yes, I do

[i:] tea, eat, meat, meat soup, meatballs.

We don't eat meat soup every day.

Our family usually has meat for dinner or for supper.

f) Let's play (ой жаттықтыру)

Find an apple. Here! B1. Yes. Well done!

6. Conclusion. Ойтолғау. Test . Match a line A with a

Line B. A

B

1. Vegetables

a) milk

2. Drinks

b) chicken

3. Fruits

c) tomatoes

4. Milk foods

d) juice

5. Meat

e) fish

6. Other food

f) apple

Correct answer: 1- c; 2-d; 3-f; 4-a; 5-b; 6-e

Home task: Exercise 6: Pronunciation practice.

Exercise 7: reading the text and translation.

Evaluation.

Нүргүл ӨМІРЗАҚОВА,
Қызылорда облысының
Арал қаласындағы
Т.Г.Шевчено атындағы
№13 орта мектебінің аға тәлімгері.
Гүлбану АХМЕТОВА,
кітапханашы.

АҒА БУЫН МЕН БҮГІНГІ ҰРПАҚ САБАҚТАСТЫҒЫ – ДӘУІРЛЕР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

Мақсаты: 1) Ғани Мұратбаевтың 110 жылдығын атап өту, оқушыларға толық мағлұмат беру; 2) оқушыларды отаншылдыққа, патриоттыққа тәрбиелеу, жастарды ұйымшылдыққа баулу.

Кеш барысы.

(Әуен ырғағымен сахнаға Ғани рөліндегі 8в сынып оқушысы Б.Қожабаев Ә.Тәжібаевтың «Ғани монологын» орындайды.)

«Ғани монологы»

- Революция от пен оқтан жаралған
«Ғани!» деді, атымды атап шақырды.
Түстім келіп күркіреген майданға –
Зор майданға – қан майданға ақырғы.

Ленин маған өз аузынан тапсырды,
Күншығыстың жас ұрпағын баста деп,
Суға батсаң, отқа жансаң саспа деп,
Қиындардан, құйындардан қашпа деп.

Ленин әмірін қабыл алдым, саспадым,
Тыңдамадым жалған сөзін басқаның.

Аш жолымды! Жарық бол! – деп
Жарыл! – деп
Жүрегімді жұлып алып тастадым!
Аш-жалаңаш жетімдерді жылаған,
Табыстырдым жарығымен өмірдің.
Әр сәбидің қорғап жүріп тірлігін,
Қақпанына өзім түстім өлімнің.

Қандай жас ем мөлдіреген,
Ана сүтім кеппеген.
Шіркін дүние, жарық дүние,
Кімдер сенен өтпеген?..

Өкінбеймін, өлгенім жоқ текке мен,
Өшкенім жоқ күңгірт тартқан сәуле боп.
Ей, достарым, жарқырандар, жаныңдар,
Бықсымандар, болмашыны әурелеп!

Жас деген соң көрсету керек жастықты,
Қайрылған семсер жүзінен кескір, өткір боп.
Қандай көз саған ынтыға тұрып қарамақ,
Басыла қалсаң мазасыз желдей желпілдеп.

Бармысыңдар, жеттіндер ме ұрпаққа,
Жеттіндер ме көтеріп жылдар салмағын.
Айттыңдар ма алмас талай жастардың
Болашақ үшін жан беріп құрбан болғанын?!

Ғ.Мұратбаевтың Мәскеуде өткен 110 жылдық мерейтойы туралы «Қазақстан» ұлттық телеарнасының репортажы көрсетіледі. (бейнефильм)

Жүргізуші: - Құрметті қонақтар, оқушылар, бәріміз де білеміз, биыл қазақтың біртуар азаматы

Ғани Мұратбаевтың 110 жылдығы бүкіл Қазақстан бойынша, тіпті, Ресейде, туған жері Сыр өңірінде кеңінен аталып өтіп жатыр. Ғани кім еді? Мұратбайұлы Ғани – еңбекшіл қазақтың ұлан-байтақ даласында туған ұл еді. Жалындаған жас Ғани артта қалған Орта Азия жастарының арасынан шығып, қажымай-талмай, Шығыс елінің бостандық алуына күш-жігер жұмсаған, бостандық жолына беріліп, адал қызмет еткен, мешеу қалған жалғыз Қазақ жастарын емес, бүкіл Орта Азия жастарын ұйымдастырып, бастарын қосқан, оларға тәлім-тәрбие берген таланты қоғам қайраткері. Ол небәрі 19 жасында тұңғыш рет жастардың «Жас Алаш» газетін ұйымдастырды. Қазақтың белгілі ақыны І.Жансүгіров хатшылық қызмет атқарды. Өзге де азаматтардың қолдауымен Ғани газетке қажетті қаражатпен қағазды өзі тауып, қазақ жастарының тұңғыш газеті «Жас Алашты» Ұлыстың ұлы күні жарыққа шығарды. Ғани жиырма үшке де толып үлгермей өмірден өтті. Туғанына жүз жылдан әлдеқашан асып кетсе де, сол күлімсіреп тұрған бозбала қалпы ел есінде, тарихта қалды. Жымия күлген күйі сол жас Ғани бейнесі ХХІ ғасырдың табалдырығын аттады. Ғанидың ғұмыры мәңгілік, Ғани- ғұмыр, Ғани – ғасыр!

1-слайд. Ғанидың портреті.

2-слайд. Ғ.Мұратбаевтың өмірі мен қызметі туралы қысқаша мәлімет.

3-слайд. Ғ.Мұратбаевтың суреттерінен слайдтар көрсету.

Мектебімізде өткен 22-27-қазан аралығындағы апта Ғ.Мұратбаевқа арналғанын бәріміз білеміз. Жоғары сынып оқушыларына Ғ.Мұратбаев туралы деректер іздестіру, баяндама жазу жұмыстары тапсырылған болатын. Кезекті Ғ.Мұратбаевтың өміріне, отбасына

қатысты бізге беймәлім деректерге берейік.

1.11 «б» сынып оқушысы- Ә.Тоқтамысов (Баяндама).

Жүргізуші: - Оқушылар, өздеріңіз тындағандай, Ғани ағамыз өзі небәрі 23 жас өмір сүрсе де, өзінің кішкентай ғұмырында отбасын да құрып үлгеріпті, бірақ артында ұрпақ қалмады. Әйтсе де, Сыр елінің топырағынан шыққан жас алыстағы Мәскеуге барып, бүкіл шығыс халықтарының жастарын бастап, ізіне ерте білді және ізбасарлары оның бастаған ісін жалғастыратындай, оны мәңгі ұмытпайтындай өшпес із қалдырды.

Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі жастары Ғанидай жарық жұлдызын мақтан етеді! Ғанидан кейін, XX ғасырда Ғани негізін салған Жастар ұйымы, яғни, Қазақстан Комсомолында қызмет еткен бұрынғы жалындаған жастар – қазір аға буын өкілдері. Тарихта комсомол атымен қалған сол аға, апаларымыз – бүгін ортамызда. Олай болса сөз кезегін қонақтарымызға берейік.

- Рахмет! Құрметті қонақтар, сіздердің құрметтеріңізге 8 «А» сынып оқушысы Қуантқанов Ерланның орындауындағы «Жаса, Қазақстан!» әнін қабыл алыңыздар!

Жүргізуші: - Құрметті қонақтар, оқушылар, бүгін мектебімізде қос мерекенің куәсі болғалы отырмыз. Бірі – Ғ.Мұратбаевтың 110 жылдығына арналған кездесу кеші болса, екіншісі – мектебіміздің үлгілі оқушыларының «Жас ұлан» ұйымына мүшелікке қабылдау салтанаты. Олай болса, кезекті «Ғани-ғұмыр, Ғани-ғасыр» атты Жас ұландардың салтанатты жиынына берейік Ортаға мектебіміздегі «Жас ұлан» ұйымының Ұланбасы Тілесов Дінісламды шақырамын.

Жүргізуші: - Ғани жайында жазушылар естеліктер, әңгімелер жазса, ақындарымыз «Ғани», «Біздің Ғани», «Шығыстың жұлдызы» деп өздерінің жүрекжарды өлеңдері мен жырларын арнады. Кезекті Ғани жайлы ақындар өлеңдеріне берейік.

1-оқушы: Н.Қожақова. Жетіскен Мәкенәлі. «Мен Ғанимын». 2-оқушы: Асылхан Мінсізбаев. «Ғани». 3-оқушы: Н.Райсова. «Ғани».

Жүргізуші:

- Құйрықты жұлдыз секілді
Шықты да көп тұрмады.
Көрген, білген таң қалды,

Мін тағар жан болмады,— деп Абай атамыздың өзінің ұлы Әбдірахманға арнаған өлеңі Ғаниға да арналған секілді.

Өйткені Ғанидың да ғұмыры қысқа болды.

Бұрынғы Түркістан Орталық партия комитетінің төрағасы Нәдір Төрекұловтың Ғани қайтыс болғанда жазған естеліктерінен үзінді келтірейін:

«Көзден таса болуын сүймейтін жүрек жас Ғани өлді дегенге сенбейді, жоқ, сенуге де болмайды. Кісінің сенгісі де келмейді.

Жас Ғанидың көзін көрген, сырын білген әрбір жанның жылы жүрегіне бұл – ауыр қаза.

1925 жылдың сәуірдің 15 күні кешкі сағат 6 мезгілінде Мәскеудің «Биік тау» санаторийінде көкірек ауруынан (туберкулез) Орталық Лениншіл Жастар комитетінің мүшесі жолдас Мұратбайұлы Ғани арамыздан кетті.

Қош, Ғани! Қош, ардақты Ғани!

Сенің ұмытылмас түр, рух, әм әдеппен айтқан өсиетің миллиондаған Күншығыс еңбекшіл жастарының жүрегін оятып, коммунизм жолында мәңгі жасамақ!».

Бүкіл шығыс халықтарының жастары көшбас-

шыларынан айырылды. Жас Ғани мәңгі келмеске кетті. Ғанидың қазасына қайғырған белгілі ақын І.Жансүгіров «Ғани» атты өлеңін шығарды. І.Жансүгіровтің «Ғани» өлеңін тыңдай отырайық.

4-оқушы: 9 «б» сынып оқушысы: А.Қабатаев.

І.Жансүгіров. «Ғани».

Күн шығып серпілсе де сасық тұман,
Кетпеп ед елден иіс қоңырсыған.
Ауылда аударыспақ болып жұмыс,
Шықпап ед үстемдігі байдың жуан.

Ауылды тұншықтырып «әдет, құран»,
«Тілмаштар» «Шолақ етік» шонаң-шонаң.
Еткенде ел күйзеліп, ауыл азып,
Жүргенде жас «тозғындап» қоса бұған.

Жинауға жалын жасты «жаман-жұман»,
Жұртыңнан арылтуға ауыр тұман.
Жасыған жас жұрттыққа көсем болып,
Майданға түсіп едің Ғани ұлан!

Жұлдыз ең жұрттың туған аспанынан,
Еліңе еттің еңбек, қайрат жас жаныңнан.
Лениншіл революцияның күресінде
Қайыр! Қош! Қаза бопсың, жас палуан! –

Ауылдан түлеп ұшқан алғыр қыран,
«Еңбекші! Жас , қозғал!» деп салған ұран.
Сол қыран «қиылыпты» деп естідік,
Бола ма ойсыратқан өлім мұнан?!

- Иә, Ғани 1925ж 15 сәуірде өмірден өтті. Оның мәйіті Мәскеудегі Вагоньков зиратына жерленді. Ғани қайтыс болғаннан кейінгі 30-40 жылда қабіріне

көп адамдар ат басын бұрмаған. Тек 60-жылдары ғана, қазақ мәдениетінің жанашыры Ө.Жәнібеков Қазақстан комсомолы басшылығына келгеннен кейін Ғ.Мұратбаевтың қабірі Вагоньков зиратынан іздеп табылып, басына граниттен ескерткіш қойылған. Бұдан кейінгі жылдарда Ғани қабірін Қазақстан комсомолы басшылығы қараусыз қалдырған жоқ. Бір замандарда Ғани қабіріне тағзым ету үшін мектепті үздік оқыған оқушыларға саяхат маршруттарын ұйымдастырып отырған. Одақ тарағаннан кейін, «Жастар одағы» өз басымен қайғы болған жылдары Ғани қабірі тағы да бірнеше жылға қараусыз қалды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Ғани Мұратбаевтың қабіріне барып, дұға ету жолға қойылды. Құрметті қонақтар, оқушылар, бағанадан бері сөз еткен Ғани қабірінен түсірілген бейнефильмге назар аударайық.

(Мәскеудегі Ғани Мұратбаев жерленген Вагоньков зиратынан бейнефильмдер көрсетіледі)

Жүргізуші: - Құрметті осы залға жиналған қауым! Ғани атамыздың рухына арнап 1 минут үнсіздік жариялаймыз.

«Өкінбейді, өлген де жоқ текке ол» деп ақындарымыз жырлағандай, Ғани өмірден озса да, артында өшпес із қалдырды. Ғани негізін салған жастар ұйымының жұмысы, «Жас Алаш» газеті бүгінгі күнге дейін өз жұмысын жалғастыруда. Ғаниды қазіргі тәуелсіз Қазақстан жастары үлгі тұтады.

5 оқушы өлеңді жатқа айтады. Ғани жолы.

Ерлан: - Ғани жолы –ізгіліктің ақ жолы,

Ғани жолы – парасаттың пәк жолы.

Ғани жолы – миллиондаған жүрекке

Қол бұлғаған бақыт жолы, бақ жолы!

Әділжан: - Ғани жолы – үлкен дастан, шежіре,
Зор қуаныш ұялатар көңілге.
Ғани жолы – өмір жолы, өнеге,
Мол мағына сыйлай білген өмірге.

Нұржігіт: - Ғани жолы – әділеттің жаршысы,
Қайнап жатқан қазандайын әр ісі.
Ғани жолы – қазақ жұртын паш еткен,
Ғани жолы – жас батырдың намысы.

Жарасхан: - Ғани жолы- жас жүректер жалғасы,
Ғани жолы – игі істердің алғашы.
Ғани жолы – соқпағы мол сара жол,
Болжай білген болашағын алдағы.

Берекет: - Ғани жолы – жасай берер мәңгілік,
Жарқын ісі ел есінде жаңғырып.
Ғани жолы – 110 жыл бұрын қаланған,
Жасампаздық жақсы ісімен таң қылып!

Жүргізуші: - Құрметті қонақтар, апайлар, сіздердің құрметтеріңізге әсем ән, қабыл алыңыздар.

(Ән орындалады). Мінсізбаев Асылхан. 6 «в» сынып оқушысы. «Тәуелсіз елім».

Қорытынды: - «Болашақ – жастардыкі» деп ұран тастаған, оларды белсенді түрде білім алып оқуға, еңбек етуге шақырған, елін, жерін сүюдің, табандылықпен қайсарлыққа қалай қол жеткізудің, намысты қалай жанудың тамаша үлгісін бір өзі көрсетіп берген Ғани ғұмыры, оның есімі мәңгі жасайды. Өзінің қысқа ғұмырында Шығыстың жарық жұлдызы, сөнбес шамшырағы, дара тұлғасы атанған Ғани Мұратбаев есімі тәуелсіз қазақ елінің тарихынан да өз орынын алар және одан әрі қарай жарқырай түсер деген сенімдеміз.

Науат МОЛДАБЕКОВА,
Алматы қаласындағы
Банк ісі академиясы
колледжінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің оқытушысы.

ТӘКЕН ӘЛІМҚҰЛОВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТІЛ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақсаты: жазушының сөз саптау, көркемсөз айшықтарын кұбылта қолдану тәсілдерін тыңнан қосқан жаңа сөйлем қолданыстарын, тіл ерекшелігін зерттеу.

Жазушы Тәкен Әлімқұлов шығармаларында көптеген өнегелі, жүрекке жылы тиетін, болмаса, міндетін дәл орындап, ойын орайлы етіп беретін сөздер мен сөз тіркестері, жекеленген сөйлемдер көп кездеседі. Әңгіме жазушының прозасында мақал-мәтелдердің қолданысы жайлы болып отыр. Мақал-мәтелдердің стильдік қызметі әр түрлі болып келеді. Алдымен олар кейіпкер тілінде айтылғанда да белгілі мақсатта жұмсалатыны аян.

- Әй, шіркін, жастық-ай! «Сөз тапқанға қолқа жоқ».
Руыңды білмесең де, жауабың – жөн.

- «Сексен көрейін деген жасым ба еді, быламық жейін деген асым ба еді» депті ғой біреу.

Мысалдардың мазмұнына қарап сөздердің жастың емес жасамыстың ауызынан шыққанын байқау қиын емес. Орта буын өкілі де мұндай жалын атқан, аһ ұрған сөздерді айтпайтыны белгілі. Бір есептен айтатын да шығар, бірақ ондағы қызметі басқаша болары түсінікті. Біреудің сөзін қайталап сатира, сарказмнің қызметін атқаруы мүмкін немесе юморлық ыңғайда жұмсалуды да ықтимал. Қалай дегенмен, тура қолданысында қарттың айтар сөзі болуы – табиғи құбылыс. Тәкен де солай етеді. Бұл үзінді қарт Сейтектің ауызынан айтылып отыр. Бұлай болуының екінші себебі, балауса жастардан гөрі көпті көрген, жадында көп нәрсені, соның ішінде ата-бабадан келе жатқан сөз талғау барысындағы өнерді жадында молырақ сақтаған көнекөз қарияның айтуы ақылға сыйымды көріне береді. Демек, кейіпкер тіліне мақал-мәтелдерді орынды кірістіру арқылы Тәкен шеберліктің тағы бір кішкентай қырын танытады. Кейіпкер тілін ғана емес, оның ой-түйсігін дараландырып тұру үшін дүниеге көзқарасын байқататын мақал-мәтелдер көп табылады. Бұлардың көпшілігі «Сейтек сарынында» көзге түседі.

Тәкен Әлімқұлов шығармаларын ерекшелендіретін бір жай – ондағы жергілікті тіл ерекшеліктерінің молынан және саналы қолданылып отырғандығы. Тілдегі диалектизмдер дәстүр бойынша фонетикалық, грамматикалық, лексикалық деп бөлінетін болса, сөз болып отырған шығармаларда бұлардың бәрін де ұшыратуға болады.

Қазақ сөздерінің айтылуында өзіндік әсем үн бар, қалыптасқан жатық әуен бар. Сөздердің құрамындағы

дыбыстар өзара үндесіп, айтылуы арқылы ауыздан шыққан сөздердің ағысы кедір-бұдырсыз, біртегіс болады. Қазақ тілі сөздерінің айтылуы мен жазылуы әр уақытта бірдей бола бермейді.

«Фонетикалық принципті қолданып, қалай естісең, солай жаз деп қоя берсек, жұрт сөздерін түрлі-түрлі вариантта жазар еді. Өйткені сөздерді әркім әр түрлі естуі мүмкін. 1929 жылғы орфографиялық ережелерде жеке сөздерді, әсіресе, орыс тілінен енген сөздерді құбылтып жазуға жол беруге болатын».

Сондағыдай, сөздердің айтылуында да анархия болмау үшін сөздерді ресми тілде қалай айтылса, сөйлеу тілінде де солай ету керек болады.

Орфоэпия нормаларын белгілеу қиын. Себебі:

- 1) Ресми түрде қабылданған қағида, ережелер жоқ.
- 2) Сөздердің сөйлеу тілінде айтылуында тиянақ жоқ.

Сөз байлығы – тіл байлығы. Бірақ тілдегі сөз байлығының жұмсалу аясы бірдей емес. Халық тілінде бар сөздердің көпшілігі – әдебиетте жиі қолданылып, жалпы әдеби нормаға айналды да, бірқатары қолданудан қалып қойды. Сөйлеу тілінде бар, біраз сөздер әдебиетте кездескенімен, әдеби нормаға жатпайды.

Сөздердің әдеби, әдеби еместігін айыру оңай емес. Біреуге асыл көрінген сөз екінші біреуге жасық көрінуі мүмкін. «Әдеби нормаға қай сөз жатады, қай сөз жатпайды» дегенді субъективті көзқарас тұрғысынан болжамай, әдебиетте жалпы халыққа бірдей ортақ байлық ретінде жиі қолдана ма, жиі қолданылмай ма деген тұрғыдан болжау керек.

Қазақ тіліндегі сан алуан сөздердің әдеби тілге тәндері – әдеби нормаға жататындары бар, әдеби тілге

тән емес, одантыс, сөйлеу тіліне ғана жататындары бар. Соларды айыра, таңдап, талғай жұмсасақ, әдеби тілдің лексикалық нормаларын тұрақты етуге мұрындық болар едік.

Диалектизмдер мен дөкір сөздерді диалогта қолдануға болар, ал автордың баяндауында қолдану – тойландырырлық мәселе. Мысалы:

1. Етке мелдектеген қонақтың ішіндегі ең нашары... («Туған ауыл», 34-бет). Мелдектеген – тойған.

2. Басқаларға ақыл дарытып, уәждеп жығу мүмкін емес («Туған ауыл», 34-бет). Уәждеп-зорлап, амалсыз.

3. Сәкенге неше түрлі шәркез ой салып жатыр («Туған ауыл», 44-бет).

«Бірқатар сөздердің айтылуында тиянақ жоқ, әркім түрлі айтады. Сондайдың айтылу нормасын көбінесе жазуына қарай бейімдеу керек».

Дыбыстардың алмасуы мына түрде келеді:

1. П=Б немесе Б=П Мысалы: Исатайы келмеске кеткесін-ақ тағдыры ауытқуға ұшырағанын Махамбет пайымдайды. («Туған ауыл», 25-бет).

2. П=М, оған біраз пұрсат берді. («Күрең өзен», 10-бет).

Кідіруге пұрсат бермеді. («Күрең өзен», 10-бет).

Аялдауға пұрсат бермеді. («Күрең өзен», 10-бет).

Сөз басындағы б дыбысын п дыбысымен айту – әсіресе, оңтүстік говорлар тобына тән.

3. Н=М. Артынша ол оқыс насаттанады. («Күрең өзен», 22-бет).

Орнына қайта отырғанда мондыбас біреу насаттанып. («Туған ауыл», 72-бет).

Жазушы Тәкен Әлімқұлов стилі өмірді терең, көрікті ашады. Әр сөзі, әр тіркесі шебер қиысады. Тәкен стилі суретке толы. Өйткені жазушы айналаға үлкен суреткерлік сезіммен қарайды.

Ұлттық тіл өрнегін жазушы өз атынан сөйлегенде, лирикалық, шегіністерінде, жыл мезгілдеріне сәйкес табиғат суретін салғандай құлпырта пайдаланады.

Сөйлемде кездесетін әрбір теңеу, метафора, эпитет, тағы басқа көркемдегіш құралдар өте ұқыптылықпен таңдалып алынады, айтылмақ ұғымды, суреттемек құбылысты көмескілендіретін бір сөзге де орын берілмейді. Көркем шығарма тілі – проблемалық мәселе. Көркем шығарманы жасайтын – жазушы. Шығармаларынан жазушының өзіндік ерекшелігіндегі шеберлігі, стилі байқалып отырады.

Тәкеннің тілі – шұрайлы, құнарлы, шоқырақтамай, қысқа сөйлемдермен-ақ тайпала көсіліп отыратын халықтық тіл.

Жазушы халықтың байырғы бояулы тілін еркін, өнімді құрал еткен. Тілдің байлығы мен шұрайлығы шығарманың құрылыстық бітімінің қамшы өргендей беріктігі, адам мінездерін әр қырынан ашуы – жазушы шығармаларына ортақ.

Жазушы Тәкен Әлімқұловтың повестері мен әңгімелерінің тілін зерттеп, сөздерді сұрыптап қолдану тәсілдерін жалпы халықтың тіл үлгісін байытып, тыңнан қосқан жаңа сөйлем қолданыстарын айқындап, жан-жақты талдау жасау негізгі мақсат болды.

ПРИЕМЫ И СПОСОБЫ РАБОТЫ ПО НЕВЕРБАЛЬНЫМ СРЕДСТВАМ ОБЩЕНИЯ

Для того, чтобы занятия были интересными и эффективными учителями приходится пользоваться полным ресурсом технических средств обучения, такими как: доска, проектор, диапроектор, магнитофон, видеоманитофон, компьютер, множительная машина. В частности, остановимся на использовании видеоманитофона в обучении невербальным средствам общения.

На уроках иностранного языка учителями часто используются видеофильмы по предмету. Это помогает сделать более разнообразными приемы обучения учащихся практическому общению на иностранном языке. Студенты получают возможность активизировать ранее изученную лексику, грамматический материал; совершенствовать навыки восприятия иностранной речи на слух; повышается интерес к предмету.

При просмотре видеофильма перед глазами студентов нет текста, который они могут использовать при подготовке пересказа. Поэтому любое высказывание студентов является самостоятельным. Обычно после просмотра видеофильма у студентов возникает желание обменяться впечатлениями, мыслями. Фильм

стимулирует их к этому, потому что вербальная и невербальная информация, полученная посредством просмотра фильма, полнее информации, полученной при чтении печатного текста. Так, фильм не только рассказывает, но и показывает.

Остановимся на таком примере, как просмотр фильма «Max and Philip». Первоочередная задача работы с фильмом – развитие навыков устной разговорной речи и расширение словарного запаса студентов. В фильме задействован вербальный и невербальный материал, приводится обширный грамматический комментарий, который поможет освоить наиболее важные конструкции, использованные в диалогах фильма.

Краткое содержание фильма: российский студент Макс принимает у себя своего друга из Голландии – Филипа, студента-журналиста, приехавшего на каникулах в Санкт-Петербург.

Прежде, чем показывать фильм на уроке учителю самому следует познакомиться с его вербальным и невербальным содержанием, изучает текст, содержащую в ней лексику.

До просмотра фильма учитель предлагает студентам подготовительные упражнения (ознакомление с лексикой, повторение грамматики, запись вопросов по содержанию фильма с использованием невербальных средств общения).

Работа по подготовке к просмотру фильма занимает на предшествующем уроке не более 10-15 минут. Вот примеры некоторых упражнений, которые выполняются на уроке:

- воспроизведение учителем отдельных моментов из фильма, объяснение трудных мест (цель- развитие навыков понимания не только на слух, но и восприятие невербального поведения, невербальных реакций героев фильма);

-ответы студентов на вопросы, включающие слова из фильма (цель- подготовка к ответам на вопросы по содержанию фильма);

-подготовка студентами предложений, включающие вербальные и невербальные компоненты из содержания фильма (цель - закрепление английских слов).

Заранее до просмотра фильма учитель определяет цель урока. Это может быть, например,- овладение способами и приемами работы по обучению невербальным средствам общения по содержанию просмотренного фильма.

Примерный *план* урока с просмотром фильма «Max and Philip».

- 1) Вступительная беседа о цели и задачах урока.
- 2) Активизировать знание лексики по темам «Квартира», «Магазин и покупки», «Путешествие».
- 3) Повторить образование предложений в “Past Simple Active” (правильные и неправильные глаголы).
- 4) Демонстрация фильма.
- 5) Выполнение упражнений по просмотренному фильму. Так как фильм длится 30 минут, упражнения выполняются на следующем уроке (если это устное высказывание с невербальными компонентами, студенты дома продумывают свой ответ):
 - а) Можно дать письменное задание на дом.

б) Вопросно-ответные задания по содержанию просмотренного фильма. Вопросы составляются так, чтобы ответы на них давали возможность учителю судить, поняли ли студенты то, что видели на экране, но главным образом то, что слышали на английском языке.

7) Пересказ содержания фильма по плану с использованием ключевых (опорных слов).

8) Пересказ содержания фильма от имени одного из действующих лиц (от имени Макса, Фила, официанта):

а) Рассказ одного из героев фильма и о своем отношении к нему;

б) Подготовка письменных вопросов по содержанию фильма;

с) Изложение (письменно) содержания фильма (на иностранном или русском языке).

Можно дать одно – два одинаковых задания для всех студентов, но предпочтительнее индивидуальные задания с учетом уровня знаний студентов на языке.

Работа с фильмами на уроках помогает тренировать в неподготовленной речи с использованием невербальных компонентов в различных ситуациях общения. Студенты начинают высказывать собственные мысли по содержанию фильма. В этом и состоит его специфика как учебного пособия.

Подготовка к уроку с таким видом медиа требует много времени и сил. Во-первых, надо подобрать соответствующий фильм, его просмотреть, спланировать урок. Во-вторых, есть опасность быть затянутым в так называемый «фильм – урок» и стать обыкновенным заядлым кинозрителем. Тем не менее, мы все больше

и больше убеждаемся, что фильм или видео становятся мощным коммуникативным инструментом как для вербального, так и невербального общения на уроках иностранного языка.

В современной методике существует мнение, что использование в учебном процессе видео документов на иностранном языке открывает широкие возможности для повышения эффективности учебного процесса. Применение видеофильмов способствует созданию благоприятного эмоционального фона на занятиях, обеспечивает яркость и прочность запоминания языковой и экстралингвистической информации, оказывает благотворное влияние на развитие имитации вербального и невербального поведения носителей языка.

Невербальными средствами общение можно обучать на уроках, где используются задания типа «Рассказы в картинках». Такие задания активизируют практически все высшие психические функции: восприятие, память, мышление, воображение. Во время работы над картинкой студенты должны выразить свое отношение к содержанию картинки, сделать соответствующий вывод. При описании картинок особенно важно оценить присутствие в рассказе жестомимических средств, которые имеют место в общении любой лингвокультурной общности. Основу таких паралингвизмов составляют эмотивные невербальные средства общения: махнуть рукой, закрыть глаза, опустить голову в знак уныния. А также движения головы и рук, используемые для передачи расстояния, направления типа «совсем близко», «далеко», «вправо-

влево» и т.д. Эти жесты и образуют группу соматических фразеологизмов - паралингвизмов - рукой подать, под носом, под рукой, at hand и т.д.

Метод рисунков – это практический и действенный метод тренировки мышления и языковых умений и навыков. С помощью такого метода можно развивать ЗУН по изучению иностранного языка, начиная с пятилетнего возраста, так и у старшеклассников. У маленьких детей рисунки могут быть элементарными и сопровождаться объяснением. Речь идет и о художественных, красивых картинках, изображающие какие-то жизненные ситуации. Но это могут быть и «функциональные» рисунки, которые изображают, как можно что-нибудь сделать.

В последнем случае можно использовать чертежи и эскизы, показывающие как решать проблему или добиться желаемого результата. В любом задании надо достичь какой-то цели. Рисунки показывают как это сделать. На рисунках может быть показано, как можно взвесить слона, или изображена машинка для тренировки собак.

Зачастую словарный запас иностранных слов детей ограничен. Но, рисуя, дети ничем не ограничены. Каждый может посмотреть на кота и нарисовать его, нарисовать его в момент какого-либо действия. Учитель или лучше подготовленные студенты смогут назвать эти действия: «бегает», «прыгает», «лежит», «зевает», «вышел на охоту», «нежиться на солнышке», «умывается после еды» и т.д.

Студенты часто не в состоянии подобрать слова обозначения какой-то идей, но могут показать, как эта

идея действует на практике. Так, рисуя «машину для усыпления людей», один мальчик изображает человека на наклонной кровати. Человека усыпляет музыка. Когда он засыпает, то соскальзывает вниз по наклонной кровати и ногами нажимает на кнопку, которая выключает музыку. Эта идея так называемого управления с обратной связью.

Картинки создают организационно-методическую рамку для невербального общения друг с другом и с учителем. Потому что каждый после может показать на конкретный рисунок и спросить у автора «А что вот это?», «А что там получается?», «Зачем это?», «Как это получается?». Возникает обсуждения на иностранном языке даже если возникают сложности, можно преодолеть их показывая на конкретное место в рисунке. Рисунок студента - это обычно способ воплощения идеи возможность обучения невербальным средствам общения.

Такое вербально-невербальное упражнение как «Что означает эта интонация?» развивает воображение на слуховые образы. Учащимся предлагается прочитать короткий текст по очереди. Каждый должен читать его со своей интонацией, придавая ему эмоциональную окраску: «по добру», «сердито», «грустно» и т.д. Эмоции имеют очень яркую форму выражения через мимику и пантомимику. Игра-пантомима активизирует воображение учащихся.

Приведем в качестве наглядного примера ряд таких игр. Игра-пантомима «Оживление картинки» хорошо развивает образное мышление и ставит своей целью объяснить зрителям с помощью мимики

содержание предлагаемого текста.

Языковая группа разбивается на две-три команды, каждая получает сюжет для своей картины в секрете от оппонентов в письменном виде. Сцена первая - «Банк - диалог служащих Народного банка с клиентами по поводу денежного перевода из - за рубежа»; сцена вторая - «Вокзал - опоздавший пассажир возвращает билет в кассу», сцена третья - «Квартира -позвонивший в дверь гость вручает хозяйке букет цветов с поздравлением по случаю ее дня рождения».

После ознакомления с текстами команды показывают друг другу немые сценки, иллюстрирующие предложения сюжеты. Участники игры должны отгадать и рассказать, о чем идет речь в этих сценках. Пантомима дает прекрасную возможность повторить пройденный материал в интересной и увлекательной форме.

Игра – пантомима «Танцует ВСЕ!». Студентам предлагается потанцевать, причем каждый танцует что хочет. Главное выразить в танце какой-то образ: «бабочку», «медведя», «пьяного», «слепого» и т.д. В качестве тем для танца могут выступать и чувства. Учитель просит станцевать «радость», «горе», «страх», «удивление». Нужно проследить за тем, чтобы учащиеся танцевали под музыку, а не изображали соответствующие чувства мимикой.

Игра-пантомима «Превращения» направлена на развитие изобретательности ребенка, т.е. воображения в сочетании с творческим мышлением и построена на универсальном механизме детской игры, имитирующей функции предмета.

Игра «прощальная пантомима». Она может быть проведена на итоговых занятиях.

Описание и ход игры:

1. В центре класса (освобожденный от столов и стульев) помещается некий предмет (например, картонный ящик), на котором большими буквами написано название пройденной темы (например, «Путешествие», «Шекспир» и т.д.).

2. Вся группа или только ее часть (не менее 10 человек) встают вдоль воображаемой или отмеченной лентой линии на разном расстоянии от предмета в центре. Чем ближе встанет участник игры к символу завершенной темы, тем выше, по его мнению, его компетентность в данном аспекте. Если участники выбирают позицию вдали от символа, это может означать его непонимание, неприятие данной темы, не заинтересованность в ней и т.п. Можно варьировать критерии выбора места на линии в направлении от символа, важно только, чтобы они были сформулированы учителем достаточно понятно для участников игры.

3. Участники игры получают задание: позой и мимикой выразить свое отношение к пройденной теме - скепсис или восхищение во взгляде, отторгающий жест и т.д.

4. Наблюдающие за перевоплощением своих коллег примут участие в этой фазе игры: они могут комментировать «живые картины», спрашивать участников «живой картины», если изображаемое отношение к пройденному недостаточно понятно. При этом используются следующие способы:

- «Диалог». Наблюдатель подходит к «живой картине», которая ему больше всех нравится, и начинает с ней беседовать.

- «Помоги мне!». А наблюдатель кладет руку на плечо «живой картине» и говорит как бы вместо нее, помогая ей объяснить ее отношение к пройденному, изображенное позой и мимикой.

- «Войди в картину». Один из наблюдателей «входит» в воображаемую картину по собственной инициативе или по просьбе эксперта и объясняет, почему он выбрал именно эту картину.

Игра «Прощальная пантомима» очень оживляет завершающий этап работы по определенной изучаемой теме на уроке иностранного языка, вносит разнообразие, элементы юмора и шутки и всегда с удовольствием исполняется студентами.

Берется простой предмет, например стул, который превращается с помощью пантомимы (имитации действия) в кровать, сиденье в автобусе, в самолете, кресло в ресторане, карету. Куртка превращается в шубу, одеяло – в спальный мешок, подушку, одежду для чучела на огороде и т.д.

Итак, в ходе использования множества приемов и средств, всей методики невербальной коммуникации складываются в целом умения и навыки овладения общением на иностранном языке, включая и овладение компенсаторными умениями, т.е. умением «выйти из положения» при дефиците языковых средств.

Лаура ЕРМЕКБАЕВА,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогика университетінің
доцент міндетін атқарушысы,
психология ғылымдарының кандидаты.
Гүлайна НЫСАНБАЕВА,
1-ші курс магистранты.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ГЕРОНТОГЕНЕЗ КЕЗЕҢІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН ТҰРҒЫЛАРЫ

Біздің еліміздегі жағымсыз демографиялық жағдай қазіргі мамандардың алдына геронтогенез кезеңінің мәселелерімен байланысты мүлде жаңа бірқатар міндеттер қояды.

Кәрілік кезеңі қазіргі ғылыми зерттеулерде жеткіліксіз қаралған. Егер адам өмірінің алғашқы 25-30 жылы егжей-тегжейлі зерттеліп, көптеген сатылар мен кезеңдерге бөлініп, оларға тән мәселелер мен дағдарыстар қарастырылған болса, ал адам өмірінің соңғы кезеңі, яғни, кәрілік шақ мәселесі шамамен отыз жыл аясында тиянақсыз, көмескі болып тұр. Геронтогенез кезеңінің хронологиялық шегін анықтау қиын, себебі, адам ағзасының функционалдық мүмкіндіктерінің психологиялық тұрғыдан да, қатынастардың әлеуметтік сапалары (статустық, рөлдік және т.с.с.) тұрғысынан да бірте-бірте төмендеуінен

көрінетін кәріліктің белгілері мен өлшемдерінің (критерийлерінің) айырмашылықтары әр түрлі.

Еуропалық аймақтық бюроның топтастыруына сәйкес БДҚ егде жас, кәрілік және ұзақ жасайтындар деп бөледі. Егде жас ер адамдарда 61 жастан 74 жасқа дейін, ал әйел адамдарда 55 жастан 74 жасқа дейін созылады. 90 жастан асқан адамдарды ұзақ жасайтындар деп санайды; 65 жас көбінесе ерекше айтылады, себебі көп елдерде бұл зейнетке шығу жасы (М.В. Ермолаева, 2002). [1]

Соңғы он жылдықта көптеген елдерде халық денсаулығының айтарлықтай жақсаруына орай өмір сүру ұзақтығы да артты, егде жас ұғымы біршама басқа мәнге ие болды. Мысалы, бірқатар зерттеушілердің еңбектерінде (М.Д.Александров, 1974; Л.И.Анцыферова, 1994; О.В.Краснова, 1999; О.В.Краснова, Т.Д.Марцинковская, 1998; Н.Ф.Шахматов, 1998 және т.б.) егде жастағы адамдарға 60-75 жастағы адамдар тобын жатқызады. [2]

Геронтогенездің әр түрлі аспектілерін зерттеу нәтижелері медициналық-биологиялық, медициналық-әлеуметтік, психологиялық, әлеуметтік-психологиялық бағыттағы бірқатар ғылыми еңбектерде келтірілген.

Медициналық-биологиялық бағыттың тұрғысынан кәрілік шақтағы психикалық ерекшеліктің негізгі жастық сипаттамасын психикалық тонустың, күш пен қозғалмалылықтың төмендеуі, жүйке жүйесінің тепе-теңсіздігі құрайды (А.У.Тибилова, 1991; Д.Ф.Чеботарев, 1992; Н.Ф. Шахматов, 1996). А.У. Тибилова бойынша (1991) жас ұлғайған сайын психикалық белсенділіктің қарқыны төмендейді, шартты рефлексдер туғызу қиындайды, осыған орай ағзаның ортаға бейімделуі бұзылады (А.У. Тибилова, 1991). [3]

Мәселенің медициналық-әлеуметтік аспектілерін, егде адамдардың зейнеткерлік өмірге бейімделу ерекшелігін зерттеу О.В. Коркушко, Е.Г. Калиновская, В.И. Молотков (1979), А.Н. Рубакин (1979), Н.Н. Сачук (1984), А.В. Токарь (1989), Д.Ф. Чеботарев (1984) және т.б. есімдерімен байланысты. Геронтология және белсенді ұзақ өмір сүру мәселелерін зерттеуге сондай-ақ И.А. Аршавский (1975), И.В. Давыдовский (1967), В.В. Фролькис (1985,1989) және тағы да көптеген басқалар өз үлестерін қосты. [4]

Ресей елінде геронтологиялық білімнің медициналық-әлеуметтік аспектілерінің қалыптасу және даму кезеңдері 1-кестеде келтірілген.

Кесте-1 – Геронтологиялық білімнің даму кезеңдерінің жалпы сипаттамасы (медициналық-әлеуметтік аспектілер мысалында, И.И.Лихницкая бойынша)

р/с	Даму кезеңі	Өткізілген шаралар (күтілетін нәтиже)
1	Алғышарттар кезеңі (1880-1927)	Жасты ескере отырып, денсаулықтың жай-күйі туралы, халықтың ауру деңгейі туралы статистикалық мәліметтер алу және өңдеу. Жас патологиясын диагностикалау, емдеу және алдын алу саласында білімдер мен тәжірибе жинау.
2	Пайда болу кезеңі (1527-1957)	Халықтың қартаю үдерістерін зерттеу қажеттілігін негіздеу және қоғамда тиісті өмір жағдайларын құру.

3	Қалыптасу кезеңі (1957-1977)	Геронтология мен гериатрия аймақтық ғылыми қоғамдар желісін; КСРО МҒА геронтология ҒЗИ; КСРО МҒА және КСРО ҒА ғылыми Кеңестерін; гериатриялық ұйымдастыру-әдістемелік бөлмелер (мақсаттары, міндеттері, құрылымы, өзара әрекеттесу тәртібі, көмек көрсету көлемі) желісін құру туралы басқару шешімін қабылдау.
4	Даму және жетілу кезеңі (1977-1991)	Егде адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік қызмет құру туралы шешім қабылдау. Ленинградта, Днепропетровскіде және басқа да аймақтарда орталықтар, кабинеттер ашу. Ленинградтық ГИДУВ-да (МДПО Минздрава) гератрия кафедрасын ашу. III, IV, V Бүкілодақтық съездер өткізу; ғылыми жариялымда; «Қартаю және ұзақ жасау мәселелері» атты алғашқы бүкілодақтық журнал шығару.
5	Өтпелі кезең (1991ж.)	Бүкілодақтық құрылымдардың ыдырауы. Отандық, ресейлік тәжірибені жалпылау. Геронтологтар мен гериатрлардың бүкілресейлік мекемелік конференциясын өткізу. РФА Геронтологиялық қоғамын, «Геронтология мен гериатрия» ассоциациясын құру. Мамандар дайындаудың алғашқы қадамдары.

XX ғасырдың 60-70 жылдары отандық ғылымда ерекше білім саласы – геронтопсихология (кәрілік пен қартаю психологиясы) пайда болды, бұл мәселені зерттеуге М.Д.Александрованың (1974), И.В. Давыдовскийдің (1967) және т.б. еңбектері арналды. Бұл ғылым тұрғысынан кәрілік ағзаның жалпы жас инволюциясына жауап беретін, жаңа бейімделу бағдарларының қалыптасуына ұласатын соматикалық және психоэмоциялық қызметтерінің қайта құрылуы қарастырылды (И.В.Давыдовский, 1967). Егде адамдардың тұлғалық ерекшеліктері мен типологиялық ерекшеліктерін зерттеу бірқатар отандық ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты (Б.Г. Ананьев, 1968, 1980; Л.И. Анцыферова, 1994, 1996; В.В. Болтенко, 1980; Г.В. Бурменская, О.А. Карабанова, А.Г. Лидере, 1990; О.В. Краснова, 1996, 1997, 1998, 1999; Г.М. Москалец, 1982; Н.С. Пряжников, 1999; Е.Ф. Рыбалко, 1990; Н.Ф. Шахматов, 1996, 1998 және т.б.). [5].

Психологиялық бағыттың шеңберінде егде адамдардың когнитивті, мнемикалық, сенсорлық-перцептивті сфералары зерттелді (Н.В.Зоткин, 1996; Г.В.Коробейников, 2001; Н.К.Корсакова, 1995; Н.Ф.Шахматов, 1996; P.B. Baltes, R.Kliegl, 1992; P.B.Baltes, U.Lindenberger, 1997; M.D.Kermis, 1986; Rans van N., A.Marcoen, 1991; T.A.Salthouse, 1994; T.A.Salthouse, R.L. Babcock, 1991; D. Schonfield, E.A.Robertson, 1986; A. Schwartz, 1984; D. Walsh, R.E.Till, M.V.Williams, 1978; S.H.Zarit, J.M.Zarit, 1998 және т.б.). [6].

Біздің ерекше қызығушылығымызды геронтогенездің әлеуметтік-психологиялық аспектісі туғызады, оның шартты бастамасы адамның қоғамның

ендірістік өміріне тікелей қатысудан шығып қалуымен байланысты. Ресейлік психологтардың (М.Д.Александрова, 1974; Л.И.Анцыферова, 1996; О.В.Краснова, 2000; О.В.Краснова, Т.Д.Марцинковская, 1998; Н.Ф.Шахматов, 1998 және т.б.) әлеуметтік-психологиялық бағыттағы бірқатар зерттеулерінде егде адамдарға тән ішкі тұлғалық үдерістер ғана емес, сондай-ақ, осы жас санатындағы адамдардың жақын әлеуметтік ортамен және жалпы қоғаммен өзара әрекеттесулері де ескерілді. Яғни, ғалымдар адам өмірінің соңғы кезеңі ретіндегі кәріліктің басталу шағы ретінде әлеуметтік-психологиялық негіз – белсенді еңбек іс-әрекетінің аяқталуын қабылдайды, бұл жағдайда әлеуметтік мазмұн заңды еңбек аспектісі, ал психологиялық мазмұн жаңа жағдайлар мен қатынастардың жаңа сапаларына бейімделу болып табылады. Егде адамдардың интернат үйі жағдайларына әлеуметтік-психологиялық бейімделу мәселелерін зерттеуге ресейлік ғалымдардың еңбектері арналды (Л.И.Анцыферова, 1994, 1996; В.В.Болтенко, 1980; О.В.Краснова, 1996; О.В.Краснова, Т.Д.Марцинковская, 1998, Е.И. Холостова, 1999 және т.б.). [7].

Геронтогенез кезеңін психологиялық зерттеулердегі негізгі бағыттарға біз жүргізген теориялық талдау міндеттерінің бірі – кәрілік феноменінің мәнін түсінудегі шетелдік (психоаналитикалық, эпигенетикалық, экзистенциялдық) және отандық парадигмалық тұрғылардың мазмұнын келтіру болып табылады.

Егер егде адамдардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеуді қазіргі психологияда бар бағыттармен байланыстыратын болсақ, онда олардың тұжырымдамалық негізі ретінде көбінесе К.Г. Юнгтың

(C.G.Jung, 1931), А.Адлердің психоаналитикалық теорияларының алға шығатынын айта кету қажет.

Мысалы, К.Г. Юнгтың тұжырымдамасы бойынша, егде шақта адам өз тұлғасын жаңаша дамытып, өз өміріне тұтас көзқарас қалыптастырады. Бұл психологиялық құрылымның нәтижесі болып өз өміріне рационалды көзқарастан, тұрақты психикалық және адамгершілік тепе-теңдіктен көрінетін жаңа өмірлік беталыстың пайда болуы табылады. Егде жаста бейімделу табыстылығы адамның өмірдің жаңа фазасына енуге даярлық дәрежесіне негізделеді (C.G. Jung, 1931).

А. Адлердің (1997) субъективті түрде сезілетін толымсыздық сезімінің тұлғаның қалыптасуындағы рөлі туралы негізгі концептуалдық теориясы геронтологиялық білімнің дамуына айтарлықтай үлес қосты. Мысалы, оның теориясына сәйкес, мінез-құлық мотивациясының негізгі факторы адамның өзінің физикалық кемшіліктерін немесе балалық шағындағы оның өмір бойы басқа адамдардың тағдырына жігерлі түрде араласу немесе аяныш таныту арқылы орынын толтыруға тырысатын жағдайларды өте күшті сезінуімен байланысты өзінің толымсыздығын сезіну болып табылады. Егде жаста физикалық және физиологиялық мүмкіндіктердің төмендеуі, бұрынғы әлеуметтік статусын жоғалтуы нәтижесінде толымсыздық сезімі шиеленісе түседі. Егде адамдардың тұйықталуы тәуелсіздігін жоғалтып, толымсыздыққа тап болу қорқынышымен түсіндіріледі. А.Адлердің егде адамдардың мәселесін шешу тұрғысы толымсыздық сезімін жою немесе өмірдің мәнін ұғыну және басқа адамдарға көмек көрсету арқылы ақаудың орынын толтырудан көрінеді (А. Адлер, 1997). [8]

Сонымен, егде адамдардың мотивациялық және эмоциялық сфераларының ерекшеліктеріне жүргізілген отандық және шетелдік зерттеулерді талдау егде жастағы тұлғалық өзгерістердің бірқатар факторларға тәуелді болатыны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, бұл факторлардың ішінде әлеуметтік-психологиялық факторлар маңызды рөл атқарады. «Тұйық контур» қағидасы бойынша бейімделу стратегиясы енжарлық, жанжалшылдық, мазасыздану, жалғыздыққа бейімдік, гоцентризм, депрессия сияқты егде адамның өмірге қанағаттанбауының психологиялық сипатын қалыптастыратын жағымсыз ерекшеліктердің пайда болуына жол ашады.

Геронтогенез кезеңінің мазмұнын зерттеуге қатысты қазіргі тұрғыларға жасалған теориялық шолу төмендегідей қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

- біріншіден, біздің елдегі реформалау жылдарында кенет көрініс алған жағымсыз әлеуметтік-демографиялық және экономикалық үдерістер қазіргі мамандардың алдына егде адамдарды психологиялық түзету, әлеуметтік-психологиялық бейімделу, реабилитациялау мәселелерімен байланысты бірқатар мүлде жаңа міндеттер қойды. Біздің пікірімізше, геронтогенез кезеңін зерттеудегі көптеген концептуалды бағыттардың ішінен Б.Г.Ананьев (1968) пен А.Г.Асмолов (1990) ұсынған адамның өмір жолы мен онтогенездің әр түрлі кезеңдерінің психологиялық ерекшеліктерінің мәнін, оның индивидуалдылық және іс-әрекет субъектісі ретінде қалыптасуын түсінуге қатысты жүйелік бағыты біршама ойға қонымды болып табылады. [9].

- Екіншіден, геронтогенез кезеңінің әлеуметтік-психологиялық себептері мәселесін қарастырудың көптеген аспектілері бар, бірақ олардың барлығының мазмұнын бағалау талдау локусын жалпы жүйелік деңгейге ауыстырғанда ғана, яғни, өмір сапасы мәселелерімен байланыстырғанда ғана мүмкін болады. Қазіргі уақытта өмір сүру жағдайлары мен түрлерінің макро, мезо және микродеңгейдегі спецификасын зерттеуден тұратын өмір сапасы концепциясы егде адамдардың әлеуметтік-психологиялық жағдайын сипаттайтын жетекші детерминанттардың бірі болып табылады. Сондай-ақ, зейнетке шығуға байланысты егде адамдардың жақын туыстарымен, көршілерімен, достарымен өзара қатынастарының аясы да шектелетінін айта кету керек. Егде адамның көптеген қажеттіліктерін жүзеге асырудың маңызды саласы болып табылатын отбасымен идентификация ең маңызды болады. Отбасы осыдан былай адамға әртүрлі рөлдік позицияларда болу мүмкіндігін береді, эмоциялық бірсарындылықтан, яғни, сенсорлық депривация ситуациясынан аулақ болуға көмектеседі. Егде адамдардың тұлға аралық қатынастардағы әлеуметтік - рөлдік мінез-құлқы мәселесінің жеткілікті қарастырылмауы оның ерекшеліктерін зерттеуді бірінші кезектегі міндет етіп қояды.

- Үшіншіден, кәрілік – адам өміріндегі мүлде ерекше кезең. Бір жағынан, бұл инволюция үдерістері анық көрінетін және адамның өмірінде басым бола бастайтын кезең; екінші жағынан, адамның психикалық өміріндегі айтулы өзгерістер осымен байланысты.

Егде адамдардың тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты көптеген зерттеулердің ішінен әлеуметтік

статустың ауысуына негізделген жағымсыз мотивациялық-эмоциялық өзгерістер (енжарлық, сыртқы бақылау локусының басым болуы, жалғыздыққа бейім болу, мазасыздану, эгоцентризм, көңіл-күйдің түсуі және т.с.с.) ерекше қызығушылық туғызады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.В.Ермолаева. Практическая психология старости. М., ЭКСМО, 2002.
2. М.Д.Александрова. Социальная психологическая герантология. Л., 1974.
3. А.У.Тибилова. Восстановительная терапия психически больных позднего возраста. Л., 1991.
4. И.В.Давыдовский. Что значит стареть. М., «Знание», 1967.
5. Л.И.Анцыферова. Новые стадии поздней жизни: Время теплой осени и суровой зимы // Психологический журнал. 1994. – т. 15 - №3.
6. Baltes P B R. Kliegl Further testing of limits of cognitive plasticity: Negative age differences in a mnemonic skill are robust // Developmental Psychology. – 1992. - v. 28.
7. В.В.Болтенко. Изменение личности у престарелых, проживающих в домах - интернатах. - Автореф. дисс. канд. психол. наук. - М.: Изд - во МГУ, 1980. Холостова Е.И. Пожилой человек в обществе. - М., 1999. – ч.1.
8. А.Адлер. Понять природу человека. - СПб Академический проект , 1997.
9. Б.Г.Ананьев. К проблеме возраста в современной психологии. Асмолов А.Г. Психология личности. Принципы общепсихологического анализа. - М.: Изд - во МГУ, 1990.

Айғаным НҮҒМАРОВА,
Атырау аграрлы-техникалық
колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ӘР ӨЛЕҢІ – БІР ӘЛЕМ

Мақсаты: жыр әлеміне өз ойын, өмір шындығын көркем тілде ақындық биік тұрғыдан тұтас шеберлікпен жырлаған, өз дәуірлерінің шежіресін айқын да айшықты бояумен жеткізген, қасқая қарап ақиқатты жырлаған М.Мақатаев шығармаларымен таныстыру. Әнге жазылған шығармаларын мәнерлеп оқыту, сазымен тыңдату арқылы таныту, өнерге, әнге деген көзқарасын ұғындыру. Студенттерге эстетикалық тәрбие беру, адамгершілікке баулу, ән тыңдай білуге үйрету.

Көрнекілігі: М.Мақатаев портреті, нақыл сөздер, жыр-жинақтары, костюмдер.

Техникалық құрал: мультимедия.

Кеш барысы.

Ұйымдастыру. Кіріспе сөз.

1-жүргізуші:

- Қош келіпсіздер, өнер сүйер, өлең сүйер қауым!
Құрметті Ұстаздар! Студенттер! 9 ақпан – қазақ өлеңінің аспанында ерекше нұрланып, жарқырап

өткен М.Мақатаевтың туған күні. Ендеше, «Әр өлеңі — бір әлем» атты әдеби-сазды кешімізді ашық деп жариялаймыз!

Бүгін менің, туған күнім,
О, бәле-ай!

Мына халық неге жатыр тойламай?
Банкет жасап берер ем өзім ақ,
Тәңірдің бір жарытпай ақ қойғаны ай...

Иә, бір күндік сәуледей ағып өткен қысқа ғұмырында қазақтың ұлы ақыны М.Мақатаев ұрпақтарға ұлан-ғайыр мұра қалдырып кетті. Сіздер мен біздер осынау кеште өмірге іңкәр, өмірді жырлап өткен сыршыл да сезімтал ақын жайлы сыр шертіп, Мұқағали әлеміне — өлең атты күдіретті мұхитқа сапар шекпек ниетте бас қосып отырмыз.

Қарасаз». Оқитын — Махамбетов Азат.

2-жүргізуші:

- Әлем — дархан, саялаңдар, Бәріңе де орын бар,
Қорған емес, салтанатты, сәнді сарай салыңдар.

Ей, адамдар, сендер тату, сендер тату болыңдар! — деп жырлап өткен, өлең жырда шашасына шаң жұқтырмаған ерен жүйрік, талантты тұлға — М.Мақатаевтың өмір жолы әр алуан. Оны біріміз білсек, біріміз білмейміз, енді бір сәт оның өмірінен деректерге жүгінейік. М.Мақатаевтың өмірбаяны.

/1-слайд/

«Менің анкетам». Оқитын студенттер: Сәтжанұлы Алтынбек пен Мейірбек Сүйіндіков.

1-жүргізуші: - Мұқағали қойнауына талай сыр бүккен сайын далаға, оның сылдырап аққан суына, самал желіне, мақпал түніне бала кезден-ақ ғашық боп өссе керек. Алған әсерін өлеңіне өре де білген. Тұралиева Айтолқынның орындауында – «Саржайлау» әні. Қошеметпен қарсы алайық.

2-жүргізуші:

- Жалғанда жырды жалғыз бағы көрген,
Көзінің қарасы мен ағы көрген.
Күн сәулесін бойына көп сіңіріп,
Өз отына өртеніп, жанып өлген.

Тірісінде сый көрмей қайран ақын,
Тек өлген соң атағын жайған ақын.
Ежелден қазақтың бұл қасіреті –
Бармағын тістеп кейін ойланатын.
(Ақын туралы бейнекөрініс, 2-слайд).

Кеш қонақтарына сөз беру.

1-жүргізуші:

- Білемін, керемет бір күн келеді!
Жайнайды жасыл бағым, гүлденеді.
Көремін, керемет бір күн кешемін!

Болашағым, сенімен бірге өсемін!- деп бар жақсылықты болашақтан күткен ақынның ой-арманы орындалып, қауым емес, халық боп, бүгін, міне, әдебиет үйірме мүшелері де ақынды еске алуда. Ендеше, ақын өлеңдерін мәнерлеп оқиық. / 3-слайд/.

2-жүргізуші:

- Бәріміздің бабамыз сөзден өлген,
Өнердің кереметін сөзбен өрген.

Қалайда айтарымды айтып өлем,

Айта алмасам – жасайды қайтіп өлең?!- деп сөз күдіретін ақын аса бағалаған. Ән – «Сенің көзің».

1-жүргізуші:

- Тірісінде сый көрмей қайран ақын,

Тек өлген соң атағын жайған ақын.

Ежелден қазақтың бұл қасіреті –

Бармағын тістеп кейін ойланатын,- деп жырлағандай, қара өлеңнің күдіретін аспанға бір-ақ көтерген Мұқағали есімі де ғарыштап кететіні ақиқат. “Пай-пай, өмір” өлеңі оқылады.

2-жүргізуші:

- Әр жырында жатады жарқын ғалам,

Бір өлең жоқ қайығы қалтылдаған.

Төрт тұяғы тайпалған жорға кілең,

Астарында тысы сай алтындаған. Иә, М.Мақатаев

– халықтың керемет ыстық сүйіспеншілігіне бөленген ақын. Оның өлеңдерін ықыласпен оқымаған, сөздеріне жазылған әндерін ынтыға тыңдамаған иісі қазақта ешкім жоқ десек, артық айтқандық емес.

Ән – «Бақытыңды жырлайды».

1-жүргізуші:

- Жазылар естеліктер мен туралы,

Біреулер жан еді дер өр тұлғалы.

Біреулер тұлпар еді деу де мүмкін,

Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы,- деген үзіндінің өзінде көл-көсір сыр жатыр, тылсым тарих

иірімі көрінеді.

2-жүргізуші:

- Мұқағали шығармаларының енді бір үлкен саласы – оның поэмалары. Поэмаларының ең асылы, ең биігі – «Аққулар ұйықтағанда». Поэмадан көрініс көрсетіледі.

1-жүргізуші:

- Ақын жүрегі сезімтал ғой. Ол жас ұрпақтың оны өлеңдерімен бірге есіне алып жүрерін алдын ала сезді.

«Ақ қырау тұрған ақпанда,
Ағаштар сырға таққанда,
Бозарып тұрып ақ таңда,
Есіңе мені алғайсың...» деп жырлады.

Ендеше, кезекті ақынның осы өлеңіне жазылған өлеңіне берейік.

«Есіңе мені алғайсың» әні орындалады.

2-жүргізуші:

- Мұқағали поэзиясы – ең күдіретті поэзия. Ол – қазақ әдебиетіндегі дара тұлға.

Қарасаз – қара шалғын өлеңде өстім,
Қырға шығып ырысқа кенелмеспін.

Өлсе – өлер Мұқағали Мақатаев,

Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім!- деп өзі айтқандай, М.Мақатаев мұрасы ешқашан да өлмек емес. Оның есімі жырдағы ерекшелігімен, түп-тұтас дара талантымен, ақындықтағы қыран қимылымен жыр дүниесінде біздің есімізде мәңгі сақталмақ!

Айнагүл ЖАНӘДІЛОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Ақмола облысы,
Астрахан ауданы.
«Жалтыр» ауылы.

ТІЛ МӘРТЕБЕСІ – ЕЛ МӘРТЕБЕСІ

Сабақтың мақсаты: 1) оқушылардың өткен тақырыптар бойынша алған білімдерін пысықтап, ой-өрісін, білім деңгейін кеңейту; 2) түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың тіл байлығын, ойлау қабілетін, қазақ тілінде еркін сөйлеу шеберліктерін жетілдіру; 3) адамгершілікке, ізденуге, білімді табандылықпен игеруге тәрбиелеу.

Түрі: сайыс сабақ. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, түрлі тапсырмалар.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

(Оқушылар 3 топқа бөлінеді).

Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Құрметті ұстаздар, оқушылар!

Бәрімізге 22-қыркүйек – тілдер мерекесі. Сондықтан біз де бүгін тілдер мерекесіне арнап «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» атты сайысымызды бастайық.

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Өз ана тілін қадірлеп, қастерлемейтін адам жоқ.

«Халықтың мәңгі ғұмыры – оның тілінде. Әрбір тіл өз халқы үшін – ұлы», - деген Шыңғыс Айтматов.

Сондықтан әр адам өзінің ана тілін қорғай да, құрметтей де білуге міндетті.

Ортаға 2 «Б» сынып оқушыларын шақырамыз. Олар кезекпен тіл туралы тақпақтарын оқиды.

1. Сүйемін туған тілім – анам тілім,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім,
Шыр етіп жерге түскен минутымнан
Құлағыма сіңірген таныс үнін.
2. Туған тілде сыры терең жаным бар,
Туған тілде әнім менен сәнім бар.
Туған тілім тіл болудан қалса егер,
Жүрегімді суырып-ақ алыңдар.
3. Туған тілім – тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.
Өссе тілім – мен де бірге өсемін,
Өшсе тілім – мен де бірге өшемін.
4. Сақтар болсаң халқыңды – тілді сақта,
Баға жетпес мұра жоқ тілден басқа!
Тілден өзге жиһаздың бәрін түгел
Базарлайсың қалтаңда ақшаң жатса.
5. Көп тіл білсең көкжиегің кең болар,
Құрметтейді кісі екен деп төрге озар.

Қай елде жүрсең де бұл, дұрысы,
Мемлекеттік тілді үйренген жөн болар.

6. Ана тілін білмеген –
Ақылы жоқ желікбас.
Ана тілін сүймеген –
Халқын сүйіп жарытпас.

Әділ қазылар алқасымен таныстыру.

«Сайысымыздың бет ашарын бастайық,

Көрерменді бір серпілтіп тастайық.

Таныстырсын сайыскерлер өздерін,

Өнеріне ду қол соғып қостайық» деп, кезекті

сайысқа қатысушы топтарға берейік.

(Топтар өздерін таныстырады).

I кезең «Бәйге» деп аталады. Әр топ берілген сұрақтарға тез және нақты жауап берулері керек.

1. Қазақстан қандай мемлекет?
2. Көктем мезгілінде неше мереке бар?
3. Қазақ әліпбиінде неше әріп бар?
4. ҚР – ның мемлекеттік тілі?
5. Қыста не жауады?
6. Жаңылтпаштың сөздері қалай айтылады?
7. Күздің бірінші айы?
8. Қазақстанның туының түсі қандай?
9. Наурызда пісірілетін басты тағам?
10. Тұрлаулы мүшеге не жатады?
11. Жылқының иесі кім?
12. Абай Құнанбайұлының шын аты кім?
13. Бір тәулікте неше сағат бар?
14. Қазақ тілінде неше сөз табы бар?

15. Бұл, мынау, сол – сөздері есімдіктің қай түріне жатады?

II топқа:

1. ҚР ның рәміздері қашан қабылданды?
2. Абай Құнанбайұлы кім?
3. Жүз жасаған ақын
4. Зере Абайға кім болады?
5. Сиырдың иесі кім?
6. Қазақтың тұғыш ғарышкерін ата.
7. Қазақ тіліне тән неше дыбыс бар?
8. Тұрлаусыз мүшелерді ата.
9. Тышқаннан қорқатын қандай аң?
10. Тамақты бұзбайтын салқын жәшік.
11. Кішкентай сәби тез жүріп кету үшін қандай рәсім жасалады?
12. Түйе сүтінен жасалатын емдік сусын қалай аталады?
13. Дауыссыз дыбысқа басталып, дауыссыз дыбысқа аяқталатын буын.
14. М. Әуезовтің әйгілі роман-эпопеясы.
15. Киіз үйдің төбесі.

III топқа:

1. Заттың, нәрсенін атын білдіретін сөз табы.
2. Тіл мерекесі қай күн?
3. Қазақтың үш дана биі кімдер?
4. Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады?
5. Неологизм дегеніміз не?
6. Абайдың неше қара сөзі бар?
7. Тіл туралы заң қашан қабылданды?
8. Есімдік мағынасына қарай неше топқа бөлінеді?

9. «Закон сингармонизма» сөзінің қазақша мағынасы қандай?

10. Барыс септігінің сұрақтарын ата.

11. Біздің аудан атауы.

12. «Мұғалім» сөзінің синонимі.

13. Бие сүтінен дайындалатын емдік сусын.

14. Мемлекеттік елтаңбаның авторларын ата.

15. Бала оқытатын адам.

II кезең – «Сөз мәйегі – мақал».

III кезең – «Полиглот».

Ең бай адам – көп тілді меңгерген адам. Ал, көп тілде еркін сөйлейтін адамды – ғылым тілімен «полиглот» дейміз. Елбасының талабы бойынша, біздің мемлекетімізге көп тілді білетін мамандар керек. Сендердің араларында полиглоттар бар деп ойлаймыз. Оны тексеру үшін сендерге жұмбақ жасырамын, сендер жауабын табасындар. Оны қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде аударасындар.

1. Темір тілді,

Күміс үнді (қоңырау – звонок).

2. Қабат-қабат қаттама,

Ақылың болса аттама (кітап – книга).

3. Түк білмей барасың,

Тәлімін аласың.

Есейіп кетсең де,

Қарыз болып қаласың (мектеп – школа).

4. Суға батпайды,

Отқа жанбайды (мұз – лед).

5. Табаныма байладым,

Қос таяқпен айдадым (шаңғы – лыжи).

6. Оқушыға күнде еріп жүретін не? (дневник – күнделік).

IV кезең – «Зерде». Осы ойында сендер сөйлемдерді толықтырасыңдар.

V кезең – «Кім жылдам?» (Сөйлем құрастыру жарысы).

1. Бейнеленген, қанатты, жағында, екі, елтаңбаның, пырақтар.

Елтаңбаның екі жағында қанатты пырақтар бейнеленген.

2. Шұбарламау, басқа тілдің, тіл, дегеніміз, сөзімен, тазалығы, ана тілін.

Тіл дегеніміз – ана тілін басқа тілдің сөзімен шұбарламау.

3. Өз халқының, қол, болашағынан да, Ана тілін, үзеді өткенінен де, ұмытқан адам.

Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.

VII кезең – «Өнерлі өрге жүзер».

Тіл туралы қандай өлең жолдарын білесіңдер?

«Қазылар орнықтырар әділдікті,

Кімдердің жауаптары кәміл шықты?

Білім мен тапқырлықтың сайысында

Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты»,- дегендей,

сайыскерлерімізді бағалау үшін әділ қазыларымызға сөз берейік.

Гүлмира ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,
Павлодар қаласындағы
«Стикс» бейіндік бағыттағы
мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ШӘМШІ ҚАЛДАЯҚОВ – ВАЛЬС ПАДИШАСЫ

Мақсаты: Шәмші Қалдаяқов өмірі мен шығармашылығы жайлы мәлімет беру; Шәмшінің қазақ халқында алатын орыны мен мәдениетіне қосқан үлесін айқындап, өзге ұлт өкілдері арасында композитордың шығармашылығын насихаттау; Шәмшінің әсем әндері арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие беру, жалпы дүниетанымын кеңейту.

1-жүргізуші:

- Бастасаң әнді бір ғажап,
Бүкіл жұрт болып қостайды.
Өнерсіз жанды бұл қазақ
Қатарына елдің қоспайды.

2-жүргізуші:

- Бүгінгі «Шәмші Қалдаяқов – вальс падишасы» атты ән кешімізді танымал композитордың мерейтойына орай өткізіп отырмыз. Ән мерекесіне қош келдіңіздер!

1-жүргізуші:

- Шәмші Қалдаяқов 1930 жылы 15 тамызда Шымкент облысы, Қызылқұм ауданы, Шәуілдір ауылында дүниеге келген.

Шәмші Қалдаяқов – күллі қазақ халқының ұлттық мақтанышы. Елге танымал композитор, халық әртісі.

2-жүргізуші:

- 1950 жылдан музыкалық-шығармашылық жұмыспен шұғылданды. 1956-62 жылдары Алматы мемлекеттік консерваториясында композиторлық факультетте оқыды.

«Арыс жағасында» әні. Сөзі: Мұхтар Шахановтікі.

1-жүргізуші:

- Туған жері мен елін сүйген Шәмші Қалдаяқов – қазақ жастарының өмірі мен ой-арманын өрнектеген шынайы махаббат пен сезімге толы лирикалық әндердің авторы. Ол өзімен замандас ақындардың өлең мәтіндеріне көптеген әсем әндер жазды. Шәмші Нұрғиса Тілендиев, Әбілахат Еспаев, Мұқағали Мақатаев, Мұхтар Шаханов, Ғафу Қайырбеков, Төлеген Айбергенов, Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырза Әлі сынды дарынды ақындармен шығармашылық бірлестікте болды.

«Кешікпей келем деп ең» әні. Сөзі: Мұхтар Шахановтікі.

2-жүргізуші:

- Үйде де, түзде де қолынан кітап түспейтін Шәмшінің білмейтін нәрсесі жоқ еді. Ол елден білген немесе естіген күлкілі әңгімелерін айтқан кезде, сол

жағдайға сипат беріп, қалжындары нысанаға дәл тиіп жатады. Шәмші, әсіресе, анекдот (әзіл-оспақ) айтуға, өткір ойды, келте сөзбен түйіндеп беруге ұста болатын.

«Бәрінен де сен сұлу» әні. Сөзі: М.Майшекиндікі.

1-жүргізуші:

- Кезінде кешегі қатал кеңестік жүйенің қысымына қарамастан адамның рухани жан дүниесін оятып, ой-сезімін үлкен әсерге бөлейтін әрі ізгілік пен эстетикалық сұлулыққа іңкәр еткен вальс ырғағында жазылған қазақтың әндері нағыз халықтық сипат алып, ұлттық мәдени қазынаға айналды.

1965 жылы Шәмші Қалдаяқовқа лирикалық әндері үшін Қазақстан Ленин комсомолының сыйлығы берілді.

2-жүргізуші:

- Шәмшінің досы, жазушы Оразбек Бодықов Шәмші туралы деректі повесть, пьеса, «Шәмші Қалдаяқов хикаясы» деген кітап жазды. 1957 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде Шәмші туралы тұңғыш жазған да Оразбек Бодықов еді.

1-жүргізуші:

- 1990 жылы шілдеде Қалдаяқов алпысқа толды. Осы тойға жиналған көпшіліктен сұрақ келді: «Шәмші аға! Сіздің әндеріңізді жас та, кәрі де – бәрі де ұнатады. Олардың халық жүрегіне соншалықты жақын болуының себебі неде деп ойлайсыз?»

- Себебі біреу-ақ: маған жақын нәрсе – халықтың жүрегі. Олар мені сондықтан түсінеді..», - деді Шәмші.

2-жүргізуші:

- Замандасы Өмірзақ Айтбайұлы «Шәмші аға тіл мен өнерді қатар емген, тұла бойын түртіп қалсаң ән мен әуен төгіле жөнелетін тумысы бөлек, ерекше дарын иесі» деген еді.

«Қуаныш вальсі» әні. Сөзі: Мұхтар Шахановтікі.

1-жүргізуші:

- Әкесі қайтыс болғаннан кейін Шәмші оған кесене орнатты, ал анасына әннің ең асылын, ең нәзігін арнап жазды. Ол «Ана туралы жыр» еді.

«Ана туралы жыр» әні. Сөзі: Ғафу Қайырбековтікі.

2-жүргізуші:

- Ән өмірінде жарық жұлдыздай сәуле шашып, айырықша із қалдырған Шәмші Қалдаяқов – қазақ халқының ұлттық мақтанышы. Сондықтан да елу жыл бойы біздің аспанымызда махаббат пен сағынышқа толы Шәмші әуендері әуеледі. Оны шырқаған әншілер де, тыңдаған тыңдаушылар да ерекше ләззат алып жігерленіп, рухына рух қосады.

«Ақ бантик» әні. Сөзі Мұхтар Шахановтікі.

1-жүргізуші:

- 1991 жылы Қалдаяқов туралы «Жылдарым менің – жырларым менің» атты деректі телефильм түсірілді. Жас композитор Қ.Құрманәлиев пен М.Омаров «Ән аға – Шәмші аға» әнін Қалдаяқовқа арнады. Сазгердің шығармашылығына арналған Халықаралық ән байқауы мен фестиваль Шымкент және Тараз қалаларында 1996 жылдан бері дәстүрлі түрде ұйымдастырылып жүр.

1996 жылы Шымкент облысының филармониясына Шәмшінің есімі беріліп, алдында бюст ескерткіші орнатылды.

2-жүргізуші: - 75 және 80 жылдық мерейтойын Шәмшінің туған жері халықаралық ән мерекесімен атап өтіп, дүбірлі думанға айналдырды. Оңтүстікқазақстандықтар Шәмші Қалдаяқовтың мерейтойына орай әндер жинағын нотасымен және ол кісі жайлы естелік кітабын, аудиокассетасын шығарды.

«Өмір -өзен» әні. Сөзі: Мұхтар Шахановтікі.

1-жүргізуші: - Әр адамның өз өмірі секілді әр әннің тарихы бар. «Менің Қазақстаным» әнінің шығу тарихына тоқталып өтейік. Ол кезде Ақмоланы Целиноград деп атап, бес облысты бір өлке етіп, оны Ресей жаққа бермекші болып жүрген кез еді. Сөйтіп қазақ жері бөлшектенгелі жатқанда оның асқақтығын жырлайтын ән керектігін сезіп, Шәмші ән шығарды, Жүмекен Нәжімеденов сөзін жазды. «Менің Қазақстаным» әні осылай туды. Радиодан Жамал Омарова орындады. Олардың өтініші бойынша ән күніне бірнеше рет радиодан беріліп тұрды.

2-жүргізуші: - «Осы ән түбі Қазақстанның әнұраны болады» деп Шәмші ағамыз біліп айтқан. 1986 жылы 16 желтоқсанда Алматыдағы Республика алаңында Қазақстан жастары «Менің Қазақстаным» әнін шырқады. Сол жастардың арманы орындалып, Қазақстан тәуелсіз мемлекет болды. Ғасырлар бойы еліміз аңсаған Тәуелсіздік жастардың қанымен, Шәмшінің әнімен келді. Осындай қиындықпен келген

Гәуелсіздігіміз жасай берсін, нығая берсін!

Әселхан Қалыбекова.

«Құтты болсын ел қалаған Әнұран!»

Сүйіншіле, Қазақстан, бүгін қандай ғажап күн,
Терезем тең тектілермен, қатарымнан озатпын.
Бостандыққа жететінін, бодан болып жүріп-ақ,
Сезген екен Шәмшісі мен Жүмекені қазақтың.

Бұл әуенді тебірентіп Әуезов те тыңдаған,
Сүйсінгенін жасырмаған Нұрғисадай нұрлы адам.
«Менің елім!» - деген сайын Елбасымыз Нұрсұлтан
Әрбір сөзін жүрегінің үніменен шыңдаған.

Бүкіл әлем карап отыр, айтпайды осал,-деп бізді,
Ынтымақ пен жақсылыққа жаңартайық ескі ізді.
Шаттан, халқым, құтты болсын, ел қалаған Әнұран!
Шебер Алла адал елді ақиқатқа жеткізді.

Бәріміз орнымыздан тұрып, әнұранымызды
орындайық.

1-жүргізуші: - Адамдар жүрегінен орын
тапқан әуеннің қашанда өмірі ұзақ. Шәмшінің
әндері: «Менің Қазақстаным», «Бейбіт күн», «Ақ
мандайлым», «Әнім сен едің», «Ақ сұңқарым», «Сыр
сұлуы», «Ақ ерке – Ақ Жайық», «Сыған серенадасы»,
«Бақыт құшағында», т.б. Шәмшінің бүгін орындал-
ған және басқа да әндерінің өмірі, сөз жоқ, ұзақ,
қазақ халқымен бірге жасайтыны даусыз.

2-жүргізуші: - Шәмшінің әндерінің қай ұрпаққа
да берері мол. Тек оны жүрекпен ұғып, жүрекпен
айта білейік, құрметті достар!

Бас редакторы - Зернебек ШЛДЕБАЙҰЛЫ.

“Ұлағат” - екі айда бір рет шығатын республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылым.

Құрылтайшы және шығарушы: “Қазақ тілі мен әдебиеті” және “Ұлағат” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың тамыз айының 25-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6552-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 05.04.2013 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 9.0.

Есептік баспа табағы – 8.68. Таралымы – 517.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75821.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер: 268-32-48. Факс: 243-15-53.

Электрондық пошта: **KazUlagat@mail.ru**

Басылатын жері – «Према» ЖШС.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ
И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА
С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
“ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ” ЖӘНЕ “ҰЛАҒАТ”**

© «Ұлағат», №2, 2013 ж., 144 бет, Алматы.